

№1 (47)

# Терминологиялық ХАБАРШЫ



2014

# ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 1 (47)  
2014



Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы  
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
**ХАБАРШЫ**

№ 1 (47)

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу  
туралы 2002 жылғы 27 мамырда  
№ 2993-Ж кәуәлігі берілген

**Редакциялық алқа:**  
**А.Мұхамедиұлы**  
*Республикалық терминком  
төрағасы*

**Ж.Омаров –**  
*төрағаның орынбасары*

М.Сқақов  
М.Бақтиярұлы  
К.Бұрханов  
М.Ахметов  
К.Демеш  
Д.Омашұлы  
Б.Сағын  
С.Әбдірахманов  
М.Айымбетов  
С.Әлісжан  
С.Ибраим  
Ш.Пәттеев  
К.Юсуп

**Бас редакторы**  
**Шерубай**  
**ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**



**ЖАҢАЛЫҚТАР**

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21-сәуірдегі № 367 Қаулысы

- Мәтін
- Ресми жарияланым
- Ақпарат
- Өзгерістер тарихы
- Сілтемелер
- Екі тілде
- Көшіру
- Қағазға шығару

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-1-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының құрамы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

«Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30-маусымдағы № 744 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 27, 304-кұжат);

«Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 маусымдағы № 744 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17-қазандағы № 1339 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., № 33, 414-кұжат).

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 21-сәуірдегі  
№ 367 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы ереже

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 397 қаулысымен (24.04.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

### 4. Комиссия өз қызметінде:

байырғы қазақ лексикасы (кәсіби лексика, диалектизм, ескірген лексика, ауызекі тіл үлгілері және т.б.) сөздерінің қорын барынша пайдалану;

басқа түркі тілдерінің оң тәжірибесін термин шығармашылығында пайдалану;

халықтардың арасындағы экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық байланыстарды жүзеге асыру үшін қажетті интернационалдық терминдерді қолдану. Аталған принцип терминдерді қазақ орфографиясының заңдарына бағындыру жолымен іске асырылады;

ғылымның, техниканың салалық аяларында семантикасы немесе нысаны бойынша тегі жағынан жақын терминдердің қолданылуын үйлестіру, сондай-ақ ұлттық және интернационалдық терминдердің табиғи тепе-теңдігін сақтау принциптерін басшылыққа алады.

## 2. Негізгі міндеттері мен өкілеттігі

### 5. Комиссияның негізгі міндеттері мен өкілеттігі:

отырыстарда мақұлданған терминдер мен номенклатураларды қарау және бекіту;

экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің түрлі салалары бойынша комиссия бекіткен терминдерді бюллетеньдер мен салалық терминологиялық сөздіктер түрінде шығаруға ұсынымдар дайындау, сондай-ақ терминдерді республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

терминдер мен номенклатуралардың практикалық пайдаланылуы мен қолданылуының дұрыстығы мен дәйектілігін айқындау мақсатында, қажет болған жағдайда қазақ тілінің терминологиясын құру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін ғалымдарды, газеттер мен журналдар редакцияларының, теледидар мен радио хабарын таратудың, кітап баспаларының, сондай-ақ республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерін тарту;

экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің тиісті салалары бойынша терминология секцияларын құру.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.20 № 208, 2005.04.01 № 295, 11.06.2008 № 577 Қаулыларымен.

## 3. Жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияның отырысы оның төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде өткізіледі.

Егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, отырыс күші бар деп саналады.

7. Комиссияның хатшысы Комиссияның жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді, отырыс хаттамаларын ресімдейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 № 329 қаулысымен.

7-1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. Ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.11 № 577 Қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 № 329 қаулысымен.

8. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не келіспеу себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 № 329 қаулысымен.

8-1. Дауыс беру парақтарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.02.20. № 208 қаулысымен.

10. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.02.20. № 208 қаулысымен.

11. Мемтерминком өз қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп береді.



Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 21-сәуірдегі  
№ 367 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 № 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары, хатшы

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы

«Астана» медициналық университетінің профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының профессоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Аппаратының Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Аппаратының Редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жалпы бөлімінің редакциялық сараптама және актілерді шығару секторының меңгерушісі (келісім бойынша)

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

«Қазақстан Республикасы Заң шығару институты» мемлекеттік мекемесінің жетекші ғылыми маманы (келісім бойынша)

«Назарбаев университеті» акционерлік қоғамының қазақ тілі кафедрасының профессоры (келісім бойынша)

«Ана тілі» ұлт газетінің бас редакторы (келісім бойынша)

«Түркістан» газетінің бас редакторы (келісім бойынша)

Жазушы, аудармашы (келісім бойынша)

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының тізімі**

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Мұхамедиұлы Арыстанбек	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі, комиссия төрағасы
2.	Омаров Жанай Сейітжанұлы	Қазақстан Республикасы Мәдениет вице-министрі, төрағаның орынбасары
3.	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
4.	Демеш Кеңесбек Мыңжасарұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының редакциялық баспа бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
5.	Омашұлы Дәуітгәлі	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының редакциялық және аударма бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
6.	Сағын Бекзада Ұбайдоллақызы	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің редакциялық сараптама және актілерді шығару секторының меңгерушісі (келісім бойынша)
7.	Бақтиярұлы Мұрат	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
8.	Бұрханов Камал Низамұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
9.	Сқақов Мақсат Нұрлыбекұлы	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы
10.	Ахметов Мұхамбедия	«Астана» медициналық университетінің профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының профессоры (келісім бойынша)
11.	Әбдірахманов Сауытбек Әбдрахманұлы	“Егемен Қазақстан” республикалық газеті” АҚ президенті (келісім бойынша)
12.	Мәди Айтбенбетұлы Айымбетов	«Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» мемлекеттік мекемесінің жетекші ғылыми қызметкері

13.	Әлісжан Саркыт Қалымұлы	«Назарбаев университеті» АҚ Қазақ тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
14.	Ибраим Самат Бектенұлы	«Ана тілі» газетінің бас редакторы (келісім бойынша)
15.	Пәтеев Шәмшиддин Әшенқожаұлы	«Түркістан» газетінің бас редакторы (келісім бойынша)
16.	Юсуп Кеңес Сләмханұлы	жазушы, аудармашы (келісім бойынша)

**ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,  
ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Байынқол ҚАЛИҰЛЫ

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор*

## ҚАЗАҚША ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ

Тілдің заман талабымен бірге аттап, бірге адымдап отыратын саласы – оның терминологиясы. Қазақ терминологиясы – өзекті мәселелердің бірі. Ұлт терминдерін жасау, оның теориялық және практикалық мәселелері, шетел терминдерін аудару-аудармау ісі, терминдердің уәжділігі мен түсініктілігі, терминге қатысты тілдік, ұлттық, әлеуметтік, ғылыми мүдделер, терминдерге қойылатын талаптар, терминдер арқылы тіліміздің баюы, даму жолдары – бәрі-бәрі түбегейлі шешуді талап етеді.

Бұл мақалада біз бір-ақ мәселеге, атап айтқанда қазақша термин (сөз) жасау ісіне ғана баса көңіл аудармақпыз. Өйткені термин жасау – бірінші кезекте шығармашылық іс, екінші кезекте ол – ғылыми мәселе. Сондықтан да ғылыми терминдерге «қолдануға қолайлы, түсінуге жеңіл, уәжді, жүйелі болуы шарт» деген талап қойылады. Сонда ғана терминдер халық түсіне алатын, халық игілігіне жарайтын тілдік бірліктер болып табылады. Ондай терминдер халқымыздың рухани байлығын молайтады, тілімізді байытады.

Терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту дейтін болсақ, бұған дейін бізге түсіндіріліп келгеніндей, термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттық рухани қазынасы. Ендеше терминдер шетел сөздерін қабылдай салу арқылы емес, халық тілі негізінде жасалуға тиісті.

Осы жерде біздің қазақша терминдер деген мен қазақ терминдері дегендердің айырмашылықтары бар екендіктерін ескерте кеткіміз келеді. Қазақ терминдері деп бұған дейін және қазіргі күндері қолданылып жүрген орысшасы бар, ағылшыншасы бар, қазақшасы бар барлық тер-

миндердің жиынтығын айтамыз. Ал қазақша терминдер дегеніміз – солардың ішіндегі тек қазақша жасалғандары ғана. Төмендегі әңгіме осы соңғы топ төңірегінде болмақшы.

Несін жасырамыз, кеңестік саясаттың салдарынан одақтық, республикалық терминком құрылып, терминдерді одақ бойынша стандарттау орталығы (институт) ұйымдастырылып, ұлт тілінде термин жасауға тыйым салынған кездер болды. «Қазақ тілінде ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ», «Ғылыми ұғымдарды латын, грек сөздерімен беру керек», «Оларды аударуға болмайды» деген жалған қағидасымақтар ұсынылды. Мұндай пікірлерді билік иелері ғана айтса түсінікті ғой. Ең жаманы оған өзіміздің ішімізден шыққан «оқығандар» қосылып, «Қазақ сөздері термин жасауға жарамайды», «Халықаралық терминдерді аударуға болмайды», «Термин аударылса, оның түсінігі, мағынасы бұрмаланады», «Термин шетел сөздері болса, халықтардың жақындасуы тездейді» деп ұрандатты. Соның нәтижесінде тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы шетел сөздері болып шыға келді.

Егер цифрмен айтар болсақ, тіліміздегі шетел терминдерінің саны жүз мың сөз екен. Бұл жүз мың сөз, сөз жоқ, тіліміздің құрылымы мен ерекшелігіне қайшы келіп, сөздік қорымызды шұбарлады. Терминдердің көбі көпшілікке түсініксіз болып, ғылым халықтан алыстатылды. Оның бірден-бір себебі – қазақ тілінде термин жасау ісінің ұлттық негізден қол үзгендігі еді.

«Терминдер – ғылыми ұғымның атауы» деген қағида негізінен дұрыс. Бірақ бұл – тар шеңбердегі ұғым. Термин ғылыми ұғымның атауы болумен бірге, ол ұлттық сананың, ұлттық ғылыми ойдың нәтижесі болуға тиісті. Сөйтіп, оның қоғамның ішкі-сыртқы сұранысын, рухани талаптарын, мұқтажын толық қанағаттандырғаны абзал. Ол үшін, тағы да қайталап айтамыз, термин ұлт тілінің негізінде жасалуы керек.

Қазақша термин жасау үшін не керек?

Қазақша термин жасау үшін бір-ақ нәрсе керек. Ол – қазақ тілін дамытуға, жетілдіруге деген ақ ниет пен шынайы намыс қана. Ниет пен намыс болса, бәрі де болады. Біз зардап шексек, сол ниет пен намыстың жоқтығынан ғана залал көріп жүрміз.

Қазақша термин жасау үшін, біріншіден, «Мынау халықаралық термин, оны аударуға, қазақшалауға болмайды» деген теріс пиғылдан арылу керек. Ондай заң еш жерде жазылмаған. Оны шығарып жүргендер – бел-

гілі бір себептермен қазақша термин жасағысы, жасатқысы келмей жүргендер ғана. Екіншіден, «Халықаралық терминдер әбден қалыптасып кеткен, қалыптасқан терминдерді бұзбай-ақ қоялық» деген көлгірсіген сөзге тыйым салған жөн. Күшпен, зорлықпен қалыптастырған терминдерді күшпен, зорлықпен ғана жоюға болады. Үшіншіден, «Уақыты болсын, толғағы жетсін, пісуі келіссін» деп ырғалып-жырғалып жүргенді қойып, қазақша термин жасауға үлкеніміз бар, кішіміз бар, қызметкерлеріміз бар, қызметкер еместеріміз бар – бәріміздің бірден бел шешіп кірісіп кеткеніміз абзал.

Мен басқа бір мақаламда «Француздың *палетот* сөзін орыстар *пальто*, румындар – *палтон* деп өзгертіп алыпты. Орыс тіліне бас ұрып, ол сөзді *пальто* дегенше, тіліміздің заңдылығына сай *пәлте* деп алсақ, дұрыс болар еді» деп жазған едім. Осы жерде сол ойымды тағы да қайталағым келіп тұр. Сондағы мақсатым – «Шет жұрттық сөздерді қабылдаудың осындай да жолы бар» дегенді баса айту. Жалғыз *пәлте* сөзін ғана емес, осы типтес кірме сөздердің де, терминдердің де көпшілігін қазақ тілінің заңдылығы бойынша айтып, оларды айтылуы бойынша жазсақ, ең дұрысы сол болған болар еді.

Өкінішке қарай, қазірше ешкім олай істеп жүрген жоқ. Керісінше, түркі тілдерінің *тауар*, *шамадан* сөздерін орыстар біздерден алып, оларды *товар*, *чемодан* деп өзгертіп қабылдағандарында жұмыстары жоқ, біздің оқулық жазғыштарымыз: «Бұлар орыс тілінен енген сөздер» деп білімдарлық танытып, оларды (товар, чемодан) 1-сыныптың «Әліппесі» мен 2-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығына және басқа да сөздіктерге сол күйінде ендіріп жіберген. Егер білімді, саналы, ұлтжанды болсақ, сөйтер ме едік?!

Тіл – халықтық болғанымен ол жеке адамға, жеке адамның ойы мен санасына, оның адами әрекетіне тәуелсіз емес. Олай болса, тілді, әсіресе оның терминологиясын саналы түрде бағыттап отыруға болады. Олай етпей, оны еркіне жіберсек, ол бей-берекет күй кешуі мүмкін. Себебі тілдің бай-кедей болуы немесе таза-былғанған болуы оның тұтынушыларына байланысты. Тұтынушылары шын мәнінде сауатты, білімді болса, олар өз тілін жете меңгерген болса, онда оның тілі де жүйелі, дамыған болады. Ал тұтынушылардың өзі будан немесе араласқан болса, оның тілі де шатасқан, будан болып шыға келеді.

Қазақ терминшілерінің бір жаман әдеті бар. Ол – қазақша термин жасауға мойындарының жар бермейтіндігі. Олар өздеріне түсінікті төл сөз-

дерден термин жасағаннан гөрі халыққа түсініксіз шетел сөздерінен термин жасағанды, термин жасағанды емес, даяр терминді сол күйінде, соламайымен қабылдай салғанды қолайлы көреді де тұрады. «Неге олай?» деп сұрай қалсаң, «Қазақ сөздері шетел терминдерінің мағынасын дәл бермейді» деп жауап береді. Дұрысын айтсақ, бұл қазақша термин жасатпаудың сылтауы ғана. Әйтпесе сөзге, терминге (бір сөзбен айтқанда, таңбаға) кез келген мағынаны таңуға болады.

Шындығында, гәп мағынаны дәл берген-бермегенде емес, гәп төл сөздерімізді менсінбеуде, оларды олқы тұтуда, қомсынуда. Баяғы «Қолда бардың қадірі жоқ», «Ауылдағының аузы сасық» дегеннің кері. Өзіңді өзекке теуіп, жатты төрге шығаруды әдетке айналдырған бодандықтың сарқыншағы.

Бұл мәселенің басқа бір қыры бар. Ол – өз тіліміздің қыр-сырын өзіміздің жете білмейтіндігімізде, оның мән-мағынасын, күшін, әлеуеттілігін түсіне алмайтындығымызда. Ал шетел сөздерінің мәнді-мағыналы, жақсы болып тұрған себебі ол сөздерді әлгі адамның өзінің жақсы түсінетіндігінде және жиі пайдаланатындығында болып тұр. Басқа елдің, жалпы халықтың оны білетін-білмейтіндігінде, түсінетін-түсінбейтіндігінде жұмысы жоқ.

Мұндай кемшіліктерді бетке айтып, шындықты дәлелдей бастасаң, олар ішкі пиғылын жасыру үшін «Халықаралық терминдер аударылмайды» деп екінші жағына жалт береді. Неге аударылмайды? Аударылады! Мысалы: *индикатив* дегеннің орысшасы – *изъявительное* (наклонение), қазақшасы – *шыық рай*; *локатив* дегеннің орысшасы – *местный падеж*, қазақшасы – *жатыс септік*; *сигнификат* дегеннің орысшасы – *обозначаемое*, қазақшасы – *таңбаланушы*; *гомогенный* дегеннің орысшасы – *однородный*, қазақшасы – *біртектегі/біркелкі* деп тағы да дәлелдей бастайсың. Қарсыласымыз енді бастапқы пікірін өзгерте қойып: «Халықаралық терминдерді аударуға болмайды. Сондай заң бар» деп үшінші жағына жантая кетеді. Бірақ «Ол заң қашан шықты, кім шығарды?» – деген сұрақтарға берер жауабы жоқ. Оған әйтеуір қазақша терминдер жасалынбаса болғаны. Сылтау дегеннің оншақтысын ойлап табудан үялмайды.

Айтқан сылтаулары мен келтірген дәлелдеріне тиянақты пікір айтып, қазақша термин жасаудың дұрыс екендігін теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да дәлелдеп берсең, қазақша терминнің жаулары



сонда да берілмей: «Орысша терминдер тілімізге әбден қалыптасып кеткен. Қалыптасқан орысша терминдерді қазақшаға ауыстыру немесе олардың қазақша баламасын жасау әдеби тілді бүлдіру болып табылады», деп төртінші жағына қисаяды.

Ұлттық терминдер сол ұлттың өкілдеріне түсінікті, қолданушыларына ыңғайлы болу керектігіне ешкім таласа қоймас деп ойлаймын. Егер мен сіздерден «*Антъе, гелокоид, дит, изоэдр, квантиль, моноид, нат, подера, ранг* деген терминдерді білесіздер ме?» (бәрі де математика терминдері) деп сұраған болсам, сіздер, әрине, егер мамандықтарыңыз математик болмаса бірден жауап бере қоймаған болар едіңіздер. Ал «*Азайғыш, көпжақ, нөл, нөмір, сұлба, сызба, теңдік, үшбұрыш, шама* дегендерді ше?» (бұлар да математика терминдері) деп сұрай қалсам, оған тез жауап қайтаратындықтарыңызға күмәнім жоқ. Бар гәп терминдердің түсінікті-түсініксіздігінде. Егер терминдер қазақша жасалған болса, онда олар түсінікті болады. Олай болса, термин жасаған екенбіз, оның қазақша болу жағын, халыққа түсінікті болу жағын көбірек ескергендігіміз жөн болар еді.

Термин жасау дегенді көптеген адамдар «Орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару» деп түсінеді. Бұл – қате түсінік. Оның қате болатын себебі: аудару – термин жасаудың бір ғана тәсілі. Термин жасаудың аударудан басқа да толып жатқан амалдары бар. Солардың бірі – жаңадан сөз жасау.

Термин (сөз) жасаушылардың көпшілігі – термин (сөз) жасап, бастарын ауыртқысы келмейді. Ал алда-жалда термин жасай қалса, әбден жауыр болған тәсіл – баяғы уәжді (мотивті) тәсілмен: не түбірге жұрнақ жалғау арқылы термин жасайды (туынды сөз), не екі түбірді бір-біріне қосу, біріктіру арқылы термин жасайды (біріккен сөз) немесе екі сөзді тіркестіру арқылы термин жасайды (тіркесті сөз). Бұлардың бәрі дұрыс. Бірақ термин жасау бұлармен ғана бітпейді.

Термин жасаудың тиімді тәсілдерінің бірі – уәжсіз тәсілмен термин жасау. Мұны көпшілік терминшілер біле де бермеуі мүмкін. Сондықтан болар, кейбіреулер уәжсіз тәсілмен термин жасай қалса (мәселен, *мәнби* – факт, *ләтір* – парафин, *тініке* – никель, *ысырат* – траектория т.б. деген сияқты), олардың төбе шаштары тік тұрып, «Мынау не деген сұмдық?!», «Қазақта ондай сөздер жоқ» деген сөздерді желеу етіп, жаңа терминдерді қалыптастырып жіберудің орнына жөргегінде жатқанда-ақ оның басына су құйып тынады.

Осы жерде айта кетер мәселе: термин әуелі жасалынады, содан кейін барып ол қолданысқа түседі. Жасалынған термин айтуға жеңіл, тілдік заңдылықтарға, үндесім қағидасына сай келіп, көпшіліктің көңілінен шығып жатса, термин сол тілде қабылданып кетеді. Олай болмаған жағдайда термин тілге қабылданбай, тек төлиелік (авторлық) сөз болып қалып қояды (Мұндайлардың кейбіреулері төлиенің беделімен сөздіктерге еніп кетуі де ғажап емес. Бірақ сөздікке енген – тілге енді деген сөз емес).

Біздің осы жерде айтып тұрған әңгімеміздің түп негізі бір-ақ нәрсеге келіп тіреледі. Ол – қазақша термин жасау мәселесі.

Шындығына жүгінсек, біз қазақша термин жасап жүргеніміз жоқ. Жасасақ та, оны қалыптастыруға күш салмаймыз. «Қазақ тілінің терминологиялық сөздіктеріне», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктеріне» қарап көріңіздерші, олар орысша немесе еуропалық терминдерден аяқ алып жүргісіз. Ол аз болғандай, осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия «Қазақшаға аударуға болмайды» деген ишарамен *акт, акция, аудитория, абсолют, аванс, банкрот, банк, бюджет, депозит, кредит, инвестиция, лицензия, лизинг, операция, сертификат, фильм* деген сияқты біраз шет жұрттық сөздерді осы жерде көрсетілгендей етіп бекітіп беріпті. Біз неге бұл сөздердің қазақша сыңарларын (мәселен, *аудитория* дегеннің орнына *дәрісхана* деп) іздеуге, қолдануға құқылы емеспіз?

Жарайды-ақ, бұларды солай бекітіп берді делік. Ал бекітілмеген орысша атауларды (терминдерді) қалай пайдаланып жүрміз?

«Капуста» деген орыс сөзінің өз тілімізде *орамжапырақ* деген қазақша аты бола тұрса да, оны күнделікті тұрмыста да, оқулықтар мен сөздіктерде де «капуста» деп қолданамыз. Орысша «помидор» сөзінің *қызанақ, алжұмыр* деген бір емес, екі бірдей қазақша аты бола тұра, оны да «помидор» деп атаймыз, солай деп жазып жүрміз.

Мемлекеттік тілге деген қамқорлық қайда? Ұлтжандылық қайда? Өз сөздеріміз тұрғанда басқа тіл сөздерін неге соламайымен, ешбір өзгеріссіз ала береміз? Қысқасы, қойылар сұрақ көп. Бірақ оған жауап іздеп, бастарын қатырып жүрген қазақ аз.

Біздің ойымызша, әр ұлт өз терминдерін өздері жасап алулары керек. Жасағанда да біреудің даяр терминдерін сол күйінде ала салмай, оны өз тіліміздің негізінде өзіміз жасап алуымыз қажет.

Сауле БАЯНДИНА  
доктор филологических наук, профессор  
Казахский национальный технический университет  
им. К.И. Сатпаева

## СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПО КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Проблемы разработки теоретических вопросов, унификации, упорядочения терминологии являются актуальными в связи с функционированием терминов в социуме. Особую значимость приобретает этот вопрос в связи с активизацией социальных функций государственного языка. Разные периоды развития казахской терминологии знаменуются определенными достижениями, они отмечены в работах казахстанских ученых.

Развитие казахского языка как языка титульной нации, как государственного языка, вопросы упорядочения казахской терминологии находятся под пристальным вниманием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В «Послании Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана 17 января 2014 г» видим наглядное подтверждение этому:

### «Третье. Казахский язык и триединство языков

Ответственная языковая политика является одним из главных консолидирующих факторов казахской нации.

#### (1) Казахский язык – это наш духовный стержень.

Наша задача – развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш заметный след. Это задача, которую должен самостоятельно решать каждый уважающий себя человек.

Государство, со своей стороны, многое делает для укрепления позиций государственного языка. Необходимо продолжить реализацию комплекса мер по популяризации казахского языка.

- Нам необходимо начиная с 2025 года приступить к переводу нашего алфавита на латиницу, на латинский алфавит. Это принципиальный

вопрос, который нация должна решить. Когда-то в истории мы такой шаг уже совершали.

Ради будущего наших детей мы должны принять такое решение, и это создаст условия для нашей интеграции в мир, лучшего изучения нашими детьми английского языка и языка Интернета, и самое главное – это даст толчок модернизации казахского языка.

- Мы должны провести модернизацию казахского языка. Надо сделать язык современным, искать консенсус в вопросах терминологии, раз и навсегда решить вопрос о переводе на казахский язык устоявшихся международных и иностранных слов. Этот вопрос не должен решать круг обособленных деятелей. Правительству надо разобраться в этом.

Есть одинаково принятые во всем мире термины, они обогащают любой язык. Мы же сами себе начинаем усложнять жизнь, вносим путаницу и сумятицу в умы, копошимся в архаике. И таких примеров немало» [1].

В Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы говорится: «Особо актуальной является задача по *унификации терминологической лексики, пополнению терминологического фонда*.

В числе необходимых мер – разработка новых требований по систематизации казахской терминологии, упорядочение терминов и наименований согласно основным правилам, письменным нормам казахского языка.

Данная работа должна проходить с использованием мирового опыта, моделей родственных языков, интернациональных терминов и терминологических наименований, а также при постоянном мониторинге частоты использования новых утвержденных терминов в средствах массовой информации.

Обновление терминологического фонда новыми терминами потребует реконструкции языкового исторического наследия, а также проведения специальной работы по терминоведению и терминографии.

Наряду с этим предполагается создание и размещение единой электронной базы отраслевых терминологий и общего фонда казахской терминологии на веб-сайтах и порталах» [2].

В последние 20-25 лет в развитии казахской терминологии произошел определенный прогресс в изучении терминологических систем, как в теоретических, так и в прикладных целях. Так Ш. Курманбайулы отмечает, что в 90-е годы после приобретения государственного статуса казахским

языком, была проделана большая работа по созданию терминов на казахском языке, по внедрению их в различные отрасли, составлению терминологических словарей. В то же время он замечает, что в процессе терминологической работы появились недочеты, которые необходимо устранить [3, 17 с.].

Теоретико-методологические основы казахской терминологии продолжают разрабатываться и дополняются учеными А. Кайдаром, Р. Сыздық, У. Айтбаевым, Б. Калиевым, Ш. Курманбайулы, А. Алдашевой и др. Среди докторских диссертаций, посвященных теоретическим проблемам казахской терминологии, можно отметить работу К.Ж. Айдарбек «Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық аспектісі» (2009). В данной работе впервые в казахском языке разработана теория терминологической номинации, определены способы и средства, ономасиологические структуры, пути развития и формирования терминологической номинации на материале наименований лиц по профессии. В диссертационном исследовании доказано, что терминологическая номинация является отдельной сферой казахского терминоведения, которая занимает своеобразное место во всей системе языковой номинации, определена ономасиологическая типология терминологической номинации казахского языка, выявлены этапы и акты формирования терминологической номинации и их когнитивные основы[4].

Проблемы казахской терминографии исследовал Е.К. Абдрасилов: «Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері» (2007). В своей диссертации он определяет пути становления казахской терминографии, утверждает, что история казахской терминографии имеет свой путь развития в теоретическом и практическом аспектах, является отдельным научно-исследовательским направлением, влияющим на эффективность составления терминологических словарей, имеющим свой метаязык и объект исследования [5].

Познавательной и языковой сущности термина посвящено исследование С. Акаева (2002). Также следует отметить диссертационные исследования казахстанских ученых, рассматривающих теоретические проблемы общей терминологии: Бейсенова Ж.С. «Отраслевая терминология: типология, классификация, функционирование» (2009), Азаматова А.Х. «Греко-латинская основа интернационализации дипломатической терминологии» (2001).

Большой вклад в развитие казахской терминологии вносят результаты фундаментальных и прикладных исследований, выполняемых коллекти-

вами ученых в научно-исследовательских институтах: «Совершенствование и унификация географических терминов на государственном языке путем составления толкового словаря», Институт географии, научный руководитель С.А. Абдрахманов; «Актуальные проблемы практики и теории создания двуязычных словарей», Институт языкознания им. А. Байтурсынова, научный руководитель З.К. Ахметжанова; «Ономасиологический аспект формирования казахской терминологической системы», Институт языкознания им. А. Байтурсынова, научный руководитель К.Ж. Айдарбек.

Лексикографический аспект казахской и русской терминологии отмечен в исследованиях ученых К. Алтайбековой «Лексикографическое описание терминологических единиц»(2009), К. Ж. Джолчибековой «Структурно-семантический анализ терминов пищевой промышленности и их лексикографическое описание (2004), К.Н. Бухарбаевой «Компьютерная терминология и ее лексикографическое описание» (2003).

Сопоставительный аспект исследования терминосистем двух/трех языков отражен в работах И. Мурагбаевой «Семантика метаформированных терминов в русском и казахском языках» (2000), Т. Аймагамбетовой «Особенности глагольной сочетаемости терминов юриспруденции английского, русского, казахского языков» (2005), К. Ашиновой «Образование дипломатических терминов в казахском и английском языках» (2007), Г. Бегимовой «Значение и роль применения дипломатических терминов и названий в казахском и турецком языках» (2007), Г. Беккожановой «Структурное и семантическое описание лингвистических терминов (на материале казахского и английского языков» (2009).

В целях изучения проблем терминологии в вузовской системе созданы учебные пособия, которые оказывают помощь студентам в освоении теоретического и практического материала: «Лингвистикалық терминдер теориясы», авторы: Ф.Ш. Оразбаева, С.А. Жиренов, Г. М. Кенжебаева, Ж.О. Мазмбаева (2012), Б.С. Қарағұлова, А.С. Көшкімбаева «Ұлттық терминология: қалыптасуы мен даму жолдары» (2012).

В этих учебных пособиях описана периодизация развития казахской терминологии, отмечен вклад казахских ученых в современную казахскую терминологию, приведены их труды, например: Ә. Қайдаров «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» (1993), Ө. Айтбайұлы «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988), «Қазақ сөзі» (1997), Ш.Құрманбайұлы «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998),

«Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» (2005), Терминтану (2006) и др. [6], [7].

Различным лингвистическим проблемам казахской терминологии посвящено большинство диссертационных исследований последних двух десятилетий. В них выявляются структура, семантика, способы образования термина, функционирование терминов в текстах, частично исследована отраслевая терминология. Для примера можно назвать диссертации Н.Р. Шенгелбаевой «Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі» (2009), А.Н. Досмаиловой «Қазақ терминологиялық дефиниция метамәтіннің семантикалық құрылымдық сипаты» (2009), А.К. Шыныбековой «Қазақ терминологиясындағы жүйелік мәселесі» (2010), А.Н. Насыритдиновой «Ғылыми-техникалық аударманың терминологиялық аспектісі» (2010).

Таким образом, анализ исследований показывает, что в развитии терминологической работы в Республике Казахстан имеются определенные достижения, а также предстоит еще многое сделать в целях ее совершенствования.

### Литература

1 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 17 января 2014 г. // Официальный сайт Президента Республики Казахстан.

2 Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2011.

3 Құрманбайұлы Ш. Мемлекеттің тіл саясаты және терминологияны қалыптастырудың қағидағтары// Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми практикалық-конференциясының материалдары. Жинақ. – Астана, 2004.

4 Айдарбек К.Ж. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі. Автореферат на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алматы, 2009.

5 Абдрасилов. Е. К. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері. Автореферат на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алматы, 2007.

6 Лингвистикалық терминдер теориясы. Ф.Ш. Оразбаева, С.А. Жиренов, Г. М. Кенжебаева, Ж.О. Мазмбаева. – Алматы, 2012.

7 Қарағұлова Б.С., Көшкімбаева А.С. Ұлттық терминология: қалыптасуы мен даму жолдары. – Алматы: Экономика, 2012.

**Нәсіпқали СЕЙІТОВ**

*геология-минерология ғылымдарының докторы,  
профессор, ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,  
ҚазҰЖҒА-ның және ҚР салалық МРА-ның  
толық мүшесі (академигі)*

## **ТЕРМИНЖАСАМ ІСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА КЕРЕҒАР СӨЗДЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕСІН ЖАСАҚТАУ – КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕ**

Қазақ тілін өзге тілдерден анық ерекшелейтін, оның әуезді де әдемі естілуін қамтамасыз ететін бірден-бір заңдылық – сингармонизм, яки үндестік заңдылығы екендігі белгілі. Бұл заңдылықтың өзіндік ерекшелігі қазақ сөздерінде дауысты-дауыссыз дыбыстардың (әріптердің) қашанда бір-бірімен кезектесіп отыратындығы, осылайша шынайы қазақ сөзіндегі дыбыстар ырғақтылығының қашанда сақталатындығы, сөздің құлаққа жағымды естілуінің ұдайы қамтамасыз етілетіндігі. Шынайы тіліміздегі осы әдемілікті біртіндеп жоғалтып алуымызға, сөйтіп тілдің уақыт өте келе мүлдем шұбарланып кетуіне бірден-бір себепші болған кешегі Кеңес кезеңінің халықтарды жаппай ұлтсыздандыру бағытында пәрменді де бағдарлы түрде жүргізген жымысқы саясатының нәтижесі екендігі даусыз. Осы жымысқы саясаттың ең сорақы көрінісі ретінде сөздерімізді үндестік заңдылығын сақтай отырып дыбыстауға мүмкіндік беретін латын әріптерінің кириллицамен жаппай алмастырылуын және қазақтың байырғы әліпбиінің (алфавитінің) «ф», «х», «ц», «ч», «щ», «э», «ю», «я» сияқты орыс графикасына негізделген жаңа әріптермен және «ь», «ъ» сияқты арнаулы белгілермен «байытылуын» атауға болады. Бір қызығы – жоғарыда аталған «тілімізді оңтайландыру шаралары» прогрестік сипатты иеленді деген мазмұндағы тұжырым ресми тұрғыдан аталып көрсетілді. «Орыс графикасына негізделген жаңа әліпби қазақ жазуында араб, латын әліпбидегі әріптердің жетіспеуінен болған қиындықтан құтқарды, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөз-



дер мен терминдерді дұрыс жазуға мүмкіндік берді» деп көрсетілген Қазақ Совет энциклопедиясының 6-томында [1, 221 б.] (астын сызған біз, Н.С.). Осы тұжырымнан анық байқайтынымыздай, жоғарыда аталған «тілімізді оңтайлау науқаны» ілім-білімнің бағдарлы түрде дамуы нәтижесінде туындаған жаңа сөздер мен арнаулы терминдерді жаппай қолданысқа енгізу шараларын жүзеге асыру әуел бастан-ақ сол сөздер мен терминдерді қазақша жазу, яки қазақша дыбыстау мақсатын емес, оларды орыс тілінің заңдылықтары аясына жаппай енгізіп жіберу мақсатын көздегендігін аңғару қиын емес. Шындығына келсек, бәрі де керісінше болатын, яғни шет ел тілінен, оның ішінде орыс тілінен енген жаңа сөздер мен терминдерді қазақ тіліне икемдеп жазуда сингармонизм, яки үндестік заңдылығына негізделген байырғы қазақ тілі мүмкіндігі орыс тілі әріптері мен белгілерін біріктіретін орыс әліпбиі мүмкіндігінен тіпті де кем соқпайтын, тіпті әлдеқайда ұтымдырақ болатын. Алайда кірме сөздерді қазақша рәсімдеудің нақтылы Ережесі жасалынбады, оны жасауға, біріншіден, әуелден-ақ орысқа жалтақтауға негізделген жетектегі саясат мүмкіндік бермесе, екінші жағынан, қазағымызға тән керенау психологиямыз ерік бермеді. Орыстан тәуелсіздікке ресми түрде қолжеткізгенімізге жиырма үш жыл толса да сол керенаулық пен сол еріксіздігіміз әлі де сақталуда, оның бірден-бір көрінісі аталған Ережені жасақтау мәселесінің әлі де болса кейінге шегерілуі болып табылады.

Біз кәсіби тіл маманы емеспіз, алайда қатардағы тіл жанашырларының бірі ретінде, осы мәселеге ылғи да алаңдап жүретін ұлт өкілі ретінде жоғарыда келтірілген пікір шындыққа сәйкес деп есептейміз. Осы пікіріміздің дұрыс екендігін ашып көрсету мақсатында нақтылы мысалдар келтірейік.

Кеңес кезеңінің ең жиі қолданылатын, «ең қуатты» сөздерінің бірі «коммунист» сөзінің түп-төркіні мен дыбысталу (айтылу) және рәсімделу (жазылу) нұсқаларына тоқталалық. Бұл сөз – қазақ тілі түгілі орыс тіліне де кірме сөз, оның негізінде латынның «communis», яки «коммунис» – «баршаға ортақ» деген түсінігі жатыр. Бұл сөз өзінің жаппай қолданысқа енген рәсімделу (жазылу) нұсқасында үндестік заңдылығына кереғар бола тұрса да (ком-мун-ист – сөздің екі дауыссыз дыбыспен аяқталуы, яки «т» әрпінің үндестікті қамтамасыз ететін дауысты дыбыссыз қалуы), оның дыбысталуы (айтылуы) үндестік заңдылығына толықтай сәйкестігін аңғару қиын емес: оған дәлел – осы

сөзді айтқанда (оқығанда) оның аяғында қазақтың «і» дыбысы «еріксіз естіледі», яғни бұл сөзді орыс тілінде де («і») әрпінсіз дыбыстау мүмкін емес. Олай болса, «коммунист» сөзінің осылайша жазылу нұсқасынның қолданысқа жаппай еніп кетуінің арғы төркінінде орыс тілінде «і» әрпінің болмауы ғана жатқандығын мойындауға тиістіміз. Бізде бұл әріп (дыбыс), құдайға шүкір, бар, олай болса жаңағы сөзді және осыған ұқсас сөздерді рәсімдеудің шынайы қазақ тілінің сингармонизм (үндестік) заңдылығына негізделген нақтылы Ережесін әуел бастан-ақ жасақтап алуымыз қажет-ақ еді, әрине! «Кез келген кірме сөзді жазғанда (рәсімдегенде) қазақ тілінің сингармонизм (үндестік) заңдылығы дәйім сақталуы тиіс» деген мазмұндағы жалғыз ғана ұстанымға негізделген мұндай Ереже уақытылы жасақтала қалған жағдайда жаңағы «коммунист» сөзі әуел бастан-ақ жай ғана «коммунист» немесе «і» қосымшасы жалғанып «коммунистi» болып жазылар еді де, осы сөздің және осыған ұқсас жүздеген-мыңдаған кірме сөздердің қазақ тілінде жазылуы мен қосымшалармен түрлендірілуіне қатысты талай-талай екіұштылықтар мүлдем болмаған болар еді.

Енді осы екіұштылықтар табиғатына тоқталайық.

«Коммунист» орыс сөзі емес екендігін, бұл сөздің түп-төркіні латынның «communis» сөзінен бастау алатындығын ескеріп, оны қазақша рәсімдегенде бірден-ақ сол қалпында, яғни «коммунист» деп жазғанда (аяғына «т» әрпін жалғамаған жағдайда) тіліміздің табиғатына ешқандай да кереғарлық болмайтын еді. Алайда аталған сөзді осы нұсқада рәсімдеуге «аға халықтың» сөз аяғына «т» әрпін қосып жіберуі бірден-бір кедергі болғандығы айдан анық: орыстың қосқан әрпін қазақшасынан шегеріп тастауға тәуекел жасау мәселесі жетектегі саясаттың ырқына көніңкіремейтін әрекет қой. Сондықтан сөздің атау септіктегі аталымы орысша нұсқасынан өзгеріссіз қалу тиістілігі негізгі ұстаным рөлін атқарған сыңайлы. Осы ұстанымның негізгі түпқазық рөлін атқарғандығы соншалық, «коммунист» түрінде рәсімделген сөзді қазақ тілінің жалғау-жұрнақтары (қосымшалары) көмегімен түрлендіру барысында туындайтын екіұштылықтар екінші планға шегерілген.

Әңгіме қандай екіұштылықтар жөнінде болып отыр? Осының басын ашып алу мақсатында «коммунист» сөзіне септік жалғауларын жалғап көрелік: атау септік – «коммунист» → ілік септік – «коммунистiн» → барыс септік – «коммунистке» → табыс септік – «коммунистi» → шығыс

септік –«коммунистен» → жатыс септік – «коммунисте» → көмектес септік – «коммунистпен» болуы тиіс. Асты сызылған жалғаулардың төртеуі – «ің», «і», «ен» және «е» – қазақ тілінде мүлдем жоқ септік жалғаулары, ал олардың алдыңғы жағына «т» әрпін қосып, «тің», «ті», «тен» және «те» түрінде алар болсақ – сөз басқа, бұлар аталған септіктерге тән жалғаулар. Алайда бұл жағдайда сөзіміздің «коммунист» түріндегі түбірін «жоғалтып аламыз», яғни ешбір Ережеге сәйкес келмейтін әрекеттерге баратын боламыз. Ал қалған екі жалғау – «ке» мен «пен» жалғаулары – қазақ тілінде бар жалғаулар бола тұрса да, сөз үндестігін айтарлықтай бұзатын және нақ осы мәнмәтінде орынсыз қолданылған септік жалғаулары.

Өкінішке қарай, қазақ сөзінің үндестігін қамтамасыз ететін нақтылы Ереженің болмауы, ал қолданыстағы ереженің ұдайы бұзылуы осындай екі дауыссыз дыбыспен аяқталатын кірме сөздерді жалғау-жұрнақтармен түрлендіру барысында ұдайы көрініс бергендігіне куәгерміз. Мұндай түрлендіру барысында атау септіктегі соңғы дауыссыз дыбыс мүлдем «түсіп қалып отырды» немесе сол дауыссыз дыбыспен аяқталатын сөз түбірін дәйім «жоғалтып алып» отырды. «Пара алу – коммунистке жат қылық» деп жазылуы сөзді түрлендіру барысында «т» әрпінің «түсіп қалуын» көрсетсе, «Коммунисттен жағымды уағызды күтсең де, жарытымды іс-шаралар күтпе» деген сөйлемді жазғанда «коммунист» түріндегі сөз түбірін «жоғалтып алдық», себебі қазақ тіліндегі шығыс септігінің жалғауы «ен» емес, «тен» еді ғой.

Ал егер «коммунист» сөзінің аяғына «т» әрпін жалғамай-ақ, латын тілінен естілген күйде бірден «коммунис» деп алсақ немесе орысша аталымындағы атау септігінің өзіне-ақ «і» әрпін жалғай отырып, сөзді содан кейін түрлендірсек, бәрі де өз орнына келеді және сөздің үндестігі де сақталады; бірінші нұсқада: коммунис → коммунистің → коммунистке → коммунисті → коммунистен → коммунисте → коммунистпен; екінші нұсқада: «коммунисті» → «коммунистің» → «коммунистіге» → «коммунистіні» → «коммунистіден» → «коммунистіде» → «коммунистімен». Бірінші нұсқа «жылмиып-ақ тұр». Түрлендірудің екінші нұсқасы алғаш естілгенде құлаққа жағымсыздау әсер қалдыруы әбден ықтимал, бірақ бұл нұсқада да қазақ тіліне қатысты барлық заңдылықтар сақталған. Ал тұңғыш естілгенде «құлаққа жағымсыз сөздер» бара-келе әбден үйреншікті болып кететіндігін өткен ғасырдың 90-жылдарының бас шенінде қолданысқа жаңадан енгізілген «ұшақ», «құқық» сөздерінің кейінгі

жылдары мүлдем үйреншікті сөздер қатарынан орын алуынан-ақ байқауға болады.

Шет ел тілдерінен енген сөздерді қазақ тілі заңдылықтарына икемдеудің жоғарыда сөз болған мәселелері, осы орайдағы өзге де проблемалар жайлы өз пікірімізді тіл мәселесіне арналған алқалы жиындарда, мерзімді баспасөз беттерінде бірнеше рет көтере тұрсақ та [2-5], осыған қатысты нақтылы Ереже жасақтау (жабдықтау) маман емес біздің қолымыздан келмейтін тірлік екендігі түсінікті. Мұндай Ережені дайындап, оны жаппай қолданысқа енгізуге ұсыну, осылайша терминжасам ісін бірізділікке мәжбүрлеу шаралары қажетті мамандармен қамтамасыз етілген «Тіл және әдебиет институты» сияқты арнаулы мекемелердің құзырындағы мәселе болғандықтан, ғылым салалары бойынша орысша-қазақша және қазақша-орысша сөзтізбелердің жаңартылған нұсқаларын дайындау барысында (2012 жыл) аталған институт қызметкерлерінен осы мәселе бойынша тындырған шаруалары хақында арнаулы сұраныс жасатқан болатынбыз.

Аталған құзырлы мекемеден түскен анықтама ақпаратта мынадай жолдар бар:

д) қазақ тіліне басқа тілдерден орыс тілі арқылы енген сөздерді дұрыс жазу үшін «Орфографиялық сөздікті» (Құраст. Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова, Ғ.Әнес) және Р.Сыздықованың «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегін басшылыққа алу керек. Осы еңбектерге сүйене отырып: 1) *нд, нз, нк, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт* дыбыстарына аяқталған орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дәнекер дыбыстарының (әріптерінің) жалғануы арқылы түрлендіріледі: *ценз+i+ге, ценз+i+сі, танк+i+ге, танк+i+лер, шланг+i+ге, ромб+ы+га, ромб+ы+сы, объект+i+ге, объект+i+сі Омск+i+ге, Омск+i+ден, факт+i+сі, факт+i+лер* (астын сызған біз, Н.С.);

е) айтылу икемділігін ескере отырып, сөздің түбірін табуда қателеспей және артық буын тудырмау мақсатында аталған ережедегі сөздерге қазақ тілі қосымшаларын жалғау тәртібіне өзгеріс енгізу қажет. Мысалы: 1) ережеде көрсетілген сөздердің қазақша баламасын қолдану; 2) *франк, киоск, лифт, рецепт, фармацевт, трест, бюст, пост, банк, бланк, коттедж, колледж* және т.б. сөздерге қазақ тілі қосымшаларын **і** дәнекерінсіз жалғау қажет (*франк+ке, киоск+ке, лифт+ке, рецепт+ке, фармацевт+ке, трест+ке, рифт+ке, пласт+қа, аметист+ке, асбест+ке, карст+қа, куэст+ке* және т.б.).

«Сүйенетін еңбек» арнаулы Ереже дәрежесін толықтай атқара алмайтындығын осы екі абзацта келтірілген мысалдардан-ақ көруге болатын сыңайлы. «Ереже» дегеніміз тапжылдырмайтын заңдылық болуы тиіс емес пе? Ал келтірілген мысалдардағы («д» және «е» нұсқаларындағы) сөздердің ешбір айырмашылығы жоқ қой, яғни қазақтың «ы»-сы мен «і»-сін жалғау-жалғамау тек қана «айтылу икемділігін ескеру» тұрғысынан ғана шешілуі қажет болып тұр ғой. Олай болса, кез келген жеткіншек әуел бастан-ақ «танкты» «танкі» деп, «шлангті» «шлангі» деп естуі қажет те, «лифтiнi» «лифтi» деп, «рецептiнi» «рецептi» деп естуге тиіс емес болып тұр ғой. Бұл – Ереже емес, мұндай Ереже болмайды!

Шіркін-ай, көп басты қатырмай, қазақ тілі заңдылықтарына бағынбайтын осындай сөздердің нобайының қазақша баламасын тауып алсақ, қандай тамаша болар еді! Мәселен, «е» нұсқасындағы геологияға қатысты «пласт», «аметист», «асбест» сөздерінің қазақша баламалары табылған, олар: «қойнауқат», «күлгінтас», «талшықтас» т.с.с.

«Тіл және әдебиет» институтынан түскен анықтама ақпаратта тағы бір аса маңызды мәселе хақында түсініктеме берілген, ол – -лық/-лік, -дық/-дік/, -тық/-тік және -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарының қолданыс реті хақында. Онда былай делінген: «...-лық/-дық/-тық немесе -лік/-дік/-тік жұрнақтары тілімізде сын атауларынан гөрі, зат атауларын жасауда айырықша белсенділік танытады, яғни осы соңғы қызметінде барынша өнімді жұрнақ саналады. Ал, -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті форманты олай емес: бұл тек есім негіздерге жалғанып, бірыңғай сын атауларын ғана түзеді (астын сызған біз, Н.С.). Дұрыс-ақ делік. Алайда әрі қарай тағы да түсініксіздік басталады: -лық/-лік, -дық/-дік/, -тық/-тік формантының -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті формантынан басты айырмашылығы (әрі артықшылығы) – ол көпшілік түрік тілдерінде зат атауларымен коса сын атауларын да жасай алады. -лық/-лік, -дық/-дік/, -тық/-тік жұрнағы арқылы есім негізден жасалған туынды сын атауы өзі анықтайтын заттың сапалық сипатын, яғни оның тегін, неден немесе одан не істелетінін білдіреді». Ал түсініп көр!

Жалпы осы -дық пен -ды... т.с.с. жалғауларын қай жерде қалай қолдану қажеттілігінің аражігін ашып беретін нақтылы Ереже керек-ақ!

Тағы бір айрықша сөз етуді қажет ететін мәселе – шет ел тілдерінен енген сөздерге жалғанатын «-ин», «-ив», «-яр» «-он», «-ен», «-аль», «-ель» т.с.с. орыс тілі қосымшаларының үстіне қазақ тілінің «лы(қ)»,

«лі(к)», «ты(қ)», ті(к)», ды(к)», ді(к)» қосымшаларын жалғай салу «ін-дегінен» құтылу мәселесі. Бұл мәселе бойынша көп созбаламай-ақ бір-ақ мысал келтірейік: қазіргі таңдағы ең жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бірі – «индустриально-инновационная программа» сөз тіркесі. Осы тіркестің бүкіл ресми құжаттардағы, мерзімді баспасөздегі қазақша баламасы «индустриальдық-инновациондық бағдарлама» түрінде беріліп жүр. Дұрысы – «индустриялық-инновациялық бағдарлама», яғни қазақшаға аударғанда, әуелі сөздің түбірін («индустрия», «инновация») тауып алып, қазақ тілі қосымшалары соған жалғануы тиіс қой.

Мұндай мысалдарды жүздеп, тіпті мыңдап келтіруге болады.

Орыстың «химико-технологический институт», «физико-географические процессы», «литолого-петрографические исследования» деген сөз тіркестері «химико-технологиялық институт», «физико-географиялық үдерістер», «литолого-петрографиялық зерттеулер» емес, қазақ тілінің жазылмаған заңдылықтарына сәйкес, «химикалық-технологиялық институт», «физикалық-географиялық үдерістер», «литологиялық-петрографиялық зерттеулер» түрінде тәржімалануы тиіс.

Ең соңғы мәселе: орыстың «ь» және «ъ» белгілерін қазақ әліпбиінен аластайтын уақыт әлдеқашан өтіп кетті. Апыр-ау, бұл белгілер [әріптер емес, белгілер (!)] қазақ тілінде тіпті де қажетсіз ғой. Қатандық белгісі («ъ») қазақ сөздерінде мүлде қолданылмайды десе де болады, ал орыс әліпбине тиесілі ұяндық белгісі («ь») бар сөздерді біз қазақша қолданғанда оларды өзіміздің «ә», «ө», «ү», «і» т.с.с. жіңішке дыбыстарымыздың көмегімен еш қиындықсыз-ақ өрнектейді емеспіз бе?! Өзімізге етене жақын геологияға қатысты «Альпийские горы», «альпийская складчатость» деген сөз тіркестері ресми қолданылып жүрген сөзтізбелер мен сөздіктерде «Алып таулары», «алып қатпарлығы» болып беріліп жүргендігін көргенде кәдімгідей назаланамын. Осы нұсқаны ұсынған әріптестердің қазақша сөйлегенде немесе жазғанда «ь» белгісінен мүлдем арылу қажеттілігі жайлы патриоттық сезімі болмағанның өзінде «Альпийские горы» деген атаудың арғы төркінінде түріктің «Алып таулар» деген түсінігі жатқандығын аңғармауы таңдандырады. «Алып» сөзі орыстың «әліпби» сөзінің негізін құрағандығы, яғни түріктің «әліпби» сөзіне негіз болғандығы О.Сүлейменов ақынның әйгілі «АЗиЯ» кітабында айтылған. «Әліп» қазақ әліпбиінің бірінші әрпі, оның таңбасы «тік тұрған таяқша» екендігі белгілі. Әліп таулары да «тік тұр» және ол шынында да алып тау! Айтқандай-ақ,

кейбір басылымдардан ресми түрде қолданысқа еніп кеткен «Алып таулары» сөз тіркесінің «Алып таулары» түрінде жазылғандығын байқадық. Орыстың ұяндық белгісі сөз ішінде қалдырылғандықтан бұл нұсқаның да оңып тұрғаны шамалы, әрине. Алайда бұл нұсқадағы «і» дыбысының сөз аяғына жалғануы, оны жазған азаматтың қазақ тілінің сингармонизм (үндестік) заңдылығын іштей ұғынғандығының белгісі болса керек. Себебі «Алып» сөзін сол орысша күйінде жазуын жазғанмен оны «і» дыбысынсыз оқу мүмкін емес қой (жоғарыда сөз болған «коммунист» сөзін де оның аяғында естілетін «і» дыбысынсыз оқи алмайсыз). Бірақ «Алып» сөзіндегі сол «і» дыбысын сөз аяғына жалғамай, сөз ортасындағы «ь» белгісінің орнына қоя отырып, қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес, бастапқы «А» әрпін де жіңішкертсек, яғни оны «Ә» әрпімен алмастырсақ, «Әліп таулар» деген жып-жинақы сөз тіркесі шыққан болар еді. Бұл нұсқада тілімізге де қиянат жасамаған болар едік, кез келген қазаққа сөз төркінін бірден ұғуға да көмектесер едік, яғни терминнің уәжділігін де сақтаған болар едік...

Тәуелсіз ел ретінде тіліміздің мемлекеттік дәрежесін одан әрі тұрақтандыру мақсатында «Қазақ тілінің жаңа заманға сай қолданыс ережесі» деп аталатын жаңа Ереже дайындап, оны айналысқа енгізуге ұсынуға мүдделі Тіл және әдебиет институты қызметкерлерінен осы мәселенің жай-күйі хақында сұрағанымызда, олар әзірге мұндай келелі шаруа күн тәртібінде жоқ екендігін, бұрынғы Ереже жеткілікті деп есептелетіндігі айтылды. Ал бұрынғы Ереженің, жаймалап айтқанда, осалдау тұстары бар екендігінен хабардар ету – осы мақаламыздың негізгі мақсаты.

## ӘДЕБИЕТ

1 Қазақ совет энциклопедиясы. 6-том. – Алматы. 1975. – 640 б.

2 Геология терминдерін жасақтаудағы кейбір өзекті мәселелер: Баяндама // Қазақ тілінде оқыту проблемалары. – Алматы: ҚазҰТУ баспасы. –2001. –106-111 бб.

3 Термин жасаудың басты мақсаты – қазақ тілін ғылым-білім тіліне айналдыру емес, ғылым-білімді қазақша сөйлету: Баяндама // Қазақ тілінде оқыту проблемалары. – Алматы, ҚазҰТУ баспасы. –2001. –111-116 бб.

4 Төл терминге төте жол: Мақала // «Ана тілі» газеті. –2004. №3 және №4, 15 және 22 қаңтар.

5 Тест пе, тесті ме? Мақала // «Ана тілі» газеті. –2004. №25.

Сарқыт ӘЛІСЖАН  
Назарбаев университеті,  
ф.ғ.д., профессор

## ҒЫЛЫМ ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Ғылым тілі – кең мағыналы ұғым, ол бір ғана терминологиямен шектелмейді. Терминология – ғылым тілінің негізінде бөлініп, өз алдына отау тіккен, енді қалыптасып келе жатқан сала. Сондықтан терминдердің қолданылуы, қалыптасуы, біріздендірілуі т.б. мәселелер әлі де зерттеліп, болашақта жалғасын таба бермек.

Ғылым тілі кең ұғым болғандықтан, оның терминдерден өзге де қарастырылуы тиіс мәселелері бар. Ғылым тілі – кең мағынасында ғылыми ойды, ғылыми ақпараттар мен мәліметтерді жеткізу үшін қолданылатын тіл, сондықтан ойлаумен де, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетімен де тығыз байланысты. Ғылым тілі – әдеби тілдің жетілгендігін, дамығандығын танытатын оның құрамдас бөлігі. Академик Әбдуәли Қайдардың сөзімен айтсақ: «Ғылым тілі – бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы», «Ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды» [1, 10-11 бб.]. Өмірзақ Айтбайұлының ғылым тіліне берген анықтамасына назар аударайық: «Ғылым тілі – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін (текст)» [2, 88 б.]. Сонымен бірге ғылым тілін дербес функционалды тіл ретінде қарастыратын көзқарастар бар. В.П. Даниленко ғылым тіліне үлкен дербестік берілетіндігін, ол өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан «жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады» [3, 10 б.] – деп санайды. Пікірлердің бір ұшы ғылым тілін «терминологиялық лексика» ұғымының аясында түсіндіру барысынан көрінеді. Осы орайда зерттеушілер *жалпы лексика – арнаулы лексика, әдеби тіл – арнаулы мақсатта қолданылатын тіл, термин – бейтермин, сөзқол-*



данымды реттеу – терминологиялық жүйелерді құру тәрізді оппозицияларға сүйене отырып терминологиялық жүйелердің автономды мәртебесін, әдеби тілдің құрамына кірмейтіндігін дәлелдеуге тырысады [4].

Ғылым тілін түсінуде (немесе түсіндіруде) ілгеріде де ескертілгендей, тілдің қызметін ғана емес, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетін де көрсеткен ләзім. Жалпы алғанда ғылымның мәні шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта тілдің коммуникативтік бағытталуы жүзеге асады. Тілдік құралдар негізінде қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тілдік тұрғыдан тіркеледі. Бұл – ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, тарату әрекеттерімен тығыз байланысты болып келеді және мынадай түрлерде көрінеді: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ғылым тілі – қарым-қатынастың ғылыми аясында жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. Ғылым тілі ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми ая (сфера) қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. Ғылым тілі ұғымы – ғылыми стильдің өзегі мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі.

Бүгінгі қазақ қоғамында қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуетіне күмәндана қараушылар табылады. Мұндай топқа қарсы дау айту бей-берекет әңгіме жүргізумен бірдей, өйткені ондайлар ғылым деп аталатын тылсым дүниені ана тілінде танып «ауызданбаған» (дағдыланбаған), сондықтан олар үшін қазақ тілінің өзі – жұмбақ әлем. Ал жұмбақ нәрсеге түрлі жорамал айту, жасанды көріпкелдік жасау кімнің болмасын қолынан келеді және қай уақытта болмасын кездеседі. Күмәншілдер мен секемшілдерге қарсы басты дәлел – қазақ тілінің өзі, оның ғылыми ойдың небір қалтарыстарын жеткізе алатын мүмкіншілігі.

Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қалыптасу жолы тым әріде. Зерттеушілер қазақ тілінде ғылыми стильдің қалыптасуын негізінен ХІХ

ғасырдың екінші жартысына апарып тірейді. Бабаш Әбілқасымов аталған мерзімде ғылыми стильдің қаншалықты көрініс алғаны туралы «Ғылыми стильге тән баяндау үлгісі де кездеседі. Мұнда сөйлемдер ықшам, түсінікті болып құрылып, ондағы сөздер қарапайым, өздерінің негізгі, тура мағынасында қолданылады. Бұл стильге жататын материалдарда ғылыми-техникалық терминдер орысша күйінде алынып, қазақша түсінік беріліп отырады. Мәселен, магнит, яғни «темірді тартып алатұғын тас», «компас немесе сартша құбыланама», «мужская гимназия яғни еркек балалар оқитұғын медресе», «метеорит (көктен түскен тас)», «телеграф яғни сым темір» тәрізді болып келеді», деп жазады. Ғалым сол дәуірге тән ғылыми әдебиет нұсқаларын санамалап көрсетеді. Автор бұл алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиеттердің аударма сипатында жарық көргенін айта келіп: «Сөйте тұра олар – сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдарының) қаншалық болғанын байқауда аса қажетті материал» [5, 65 б.] деген қорытынды жасайды.

Ғылыми стильдің қалыптасуында ХХ ғасырдың басы елеулі кезең болды. Бұл уақытта мәдени аренаға озық ойлы қазақ зиялыларының шығуы, олардың түрлі салада жазған еңбектері қазақ әдеби тілінің қолданылу аясы мен қызметін барынша арттырды. Сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорында да жүйелену, сөздердің стильдік белгілеріне қарай сұрыпталу үдерісі ерекше қарқынмен жандана бастады. Сөйтіп, ғылым тілінің өркендеуі ХХ ғасырдың бас шенінен өзгеше сипат алды.

20-30-жылдары қазақша ғылым тілін қалыптастыруда қазақ зиялыларының аса көрнекті өкілдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Е. Омаров, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, Қ. Кемеңгеров, Б. Майлин, Х. Басымов, Н. Төреқұлов, Т. Шонанов, Ә. Ермеков, С. Қожанов, Қ. Жұбанов т.б. білім беру мен ғылымды ана тілінде дамытудың негізін қалады. Олар ғылымның әр саласында заман талабына сай өз мамандары жоқ кезде әрі аудармашы, әрі ғалым, әрі жазушы, әрі сыншы болып еңбектер жазды. Кейіннен, яғни 1920-30 жылдары бұл еңбектерде қолданылған терминдер арқылы жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, ғылыми-техникалық әдебиеттер көп таралыммен қазақ тілінде басылып шықты.

Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының 1912-1928 жылдардағы жарық көрген әліппелері, оқулықтары, жазу, емле, терминология мәселелері туралы жазылған сыни мақалалары, М. Дулатовтың «Есеп құралы» (1918-1925), М. Жұмабаевтың «Педагогикасы (Баланы тәрбие қылу жолдары)» (1922, 1923), Ж. Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» (1924), «Психологиясы» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926), Е. Омаровтың «Пішіндемесі» (1924, 1928), «Физикасы» (1930), Х. Досмұхамедұлының «Жануарлары» (1922), «Табиғаттануы» (1922), «Адамның тән тірлігі» (1927), Қ.Кемеңгеровтің «Оқу құралы» (1928), «Қазақша-орысша тілмашы» (1927), С. Қожановтың «Есеп тану құралы» (1924), Ә. Ермаковтің «Ұлы математика курсы» (1935) т.б. көптеген еңбектерді атауға болады [6, 258-259 бб.].

Демек, ғылым тілін дамытуда жеке тұлғалардың, мәдениет қайраткерлерінің орны ерекше болды. Олардың түрлі ғылым салалары бойынша жазған еңбектері қоғам тарапынан үлкен ілтипатпен қабылданды. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының есімі айрықша аталады. Ахаңның қазақ ғылымына сіңірген еңбегі оның ізбасарлары тұрғысынан төмендегідей бағаланады: «Ахаң бірсыпыра ғылым түрін қазақ тілінде дамытты, әсіресе қазақ тіл білімін дамытып, оны қазақ тілінде сипаттады. «Тіл – құрал», «Тіл жұмсар», «Әліпби», «Оқу құралы», «Баяншы» сияқты оқулықтар шығарып, ғылыми-педагогикалық, проблемалық мақалалар жариялау арқылы ол қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды [7, 121 б.].

Қазіргі кезде ғылым саласын қазақ тілінде өркендетуге үлкен мән беріліп отыр. Бұл қазақ тілінің ғылыми аяда қолданылуы жаңа қарқын алып жандана бастауына өз ықпалын тигізді. Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық әлеует – Қазақстан ғылымының құрамдас бір бөлігі. Түрлі салалардағы жарияланып жатқан ғылыми, оқу-ғылыми еңбектер қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мүмкіншілігін танытатын тілдік көрсеткіштер және олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болады.

Ғылым тілін зерттеу мен дамытуға байланысты мына мәселелерге назар аудару керек. Ол – ғылыми ойлау, оның қыр-сырын анықтау, бүгінгі тіл білімінің жетістіктерін ғылым тілін зерттеуде пайдалану және ғылым саласында тілді қолдану мәдениетін жетілдіру мәселелері. Ғылыми мәтін мамандандырылған ақпарат беру/қабылдау жағынан коммуникацияның өзге түрінен ерекше. Ғылыми тілге тән мынадай белгілер болады:

ғылыми мәтінде сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен-бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болып, дәлдікке ерекше мән беріледі [8, 36 б.].

Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайтынын ескерсек, адам қызметінің ғылыми саласы да тіл (сөйлеу) қызметі мен ой әрекетінің бірлескен кезінде ғана жүзеге асады. Сөйлеудің де, ғылыми қызметтің де нәтижесі – мәтін. Сондықтан тіл қызметін сөз еткенде ойлау мәселелерін назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Ғылыми тіл – ғылыми ақпараттың өмір сүруінің логикалық ұйымдасқан формасы. Ғылыми қызметтің ғылыми стильмен жазылған мәтінге айналуы бірден жүзеге аса қоймайды. Ғылыми ақпараттардың ғылыми стильге тән тілдік формаларда көрінуі үшін шығармашылық ойлаудың бірнеше кезеңін басынан өткереді. Сонда ғылыми ойлау тілдік формада көріну барысында ойлаудың басқа типтерімен, әуелі интуитивті, стихиялы ойлау түрлерімен де тығыз қарым-қатынаста болады. Субъективтіліктің де ғылыми туындының дайындалу барысында ықпалы кездесіп отырады. Ғылыми ойлау өз бастауын бұқаралық тәжірибеден алады. Өйткені бастапқы кезде көлемді ақпараттың өңделуі индивидуалдық, эмоционалдық деңгейде жүргізіліп, ықшамдалған жүйелі қалыпқа ене қоймайды. Оның өз психологиялық жеке сәттері болады. Зерттеуші ғылыми мәтіннің шынайы (идеалды) бейнесін (моделін) құрастыру үшін дайындық кезеңін өткізеді.

Ғылыми шығарманың толық тілдік формаға көшуі, яғни ғылыми стильмен жазылған туындыға айналуы – бұдан кейінгі кезеңнің жемісі. Мұнда зерттеушінің шығармашылық ойлауы психологиялықтан қатаң логикалыққа, объективтілікке, стихиялылықтан жүйелілікке ауысады. Ғылыми баяндаулар айқын синтаксиске негізделіп, сөздердің орын тәртібінің сақталуында логикалық бірізділік орын алады. Бұл сәтті коммуникативтік кезең деп атайды. Ғылыми ой жаңа білім ретінде логикалық жолмен жасалған ақпарат пен құрылымдар арқылы танылады, тіл соларды неғұрлым дәл бейнелеу үшін, жеткізу үшін қолданылады. Ғылыми шығарманың авторы жалпыға бірдей қабылданған жағдайларға сүйене отырып, зерттеу нысанының негізгі белгілерін айқындайды. Олар пайымдаулар мен дәлелдеулерді нақты жеткізуге, дамытуға ұмтылады, мәселені логикалық жүйелілікпен баяндап, ғылыми абстракция жасайды, ғылыми ой мен ғылыми тілдің ажырамас бірлігі – ғылыми мәтінді тудырады.

Сөйтіп, ғылыми стильде шығармашылық ойлау ғылыми стильді ұйымдастырушы, қалыптастырушы негізгі экстралингвистикалық фактор ретінде орын алады. Ойлау қызметі ғылыми салада қолданылатын тілдік жүйенің сұрыпталуына ықпал ететін тәсіл болып табылады. Ойлаудың өзі динамикалық құбылыс болғандықтан, тілдік формада ғылыми мәтіннің тууы ойлаудың бірнеше сатысынан кейін ғана жүзеге асады. Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, ол үдерісті мынадай кезендерге бөлуге болады: 1) шығармашылық ойлаудың коммуникативтілікке дейінгі кезеңі; 2) шығармашылық ойлаудың коммуникативті кезеңі. Нәтижесінде ғылыми тілдік шығарма дүниеге келіп ғылым кеңістігін жаңа ақпараттармен толықтырады.

Ғылыми саладағы қарым-қатынастың негізгі бірлігі болып табылатын ғылыми мәтінді, оны интерпретациялаудың тетіктері (мәселен, прагматикалық факторлар – болжам, түсініктілік деңгейі, бағалауыштық мәндер), субъект категориялары (адресант және адресат факторлары) терең зерттеуді қажет ететін мәселелер болмақ.

Келесі бір жайт – ғылыми тіл мәдениетін игеру. Ғылыми тілдің мәдениеті жаңа білімді бұрынғы белгілі білім мәнмәтінінде дәлдікпен, логикалық жағынан жүйелі, эстетикалы түрде жеткізуде болса керек, сондай-ақ ол білімді адресаттың нәтижелі қабылдауы да ескеріледі. Ғылыми тілдің коммуникативті мәнін дұрыс түсіну және оның тіл мәдениетін шынайы игеру – ғылыми шығармашылықтың нәтижелілігіне жетелейтін қажетті алғы шарт. Сондықтан ғылыми тіл мәдениетінің нормаларын жетік білу – ғылыми ізденіспен айналысатын әрбір маманның міндеті. Сонда ғана ғылыми қарым-қатынас аясында тілді қолданудың шеберлігіне қол жеткізуге болады. Әдеби тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымын жете білетін, сөз қолдану амал-тәсілдерін еркін игерген тәжірибелі маман ғылыми тілдің нормасына қайшы ауытқулардың өзін орнымен қолдана отырып, ізденістің нәтижелілігіне қол жеткізеді. Ғылыми тілдің нормаларын игеру арқылы әдеби тілдің көптүрлілігі, оның нормаларының сан алуандығы айқындала түседі.

Ғылым саласында қазақ тілінің қолданылуы артып отырған кезде осы мәселелер барынша өзекті болып табылады. Біз ғылым тілін лингвистикалық жағынан зерттеудің кейбір аспектілерін ғана сөз еттік.

## ӘДЕБИЕТ

- 1 Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. –Алматы: «Ғылым», 1990.
- 2 Айтбайұлы Ә. Ғылым тілі // Қазақ тілі. Энциклопедия. 1998.
- 3 Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. –М.: «Наука», 1997.
- 4 Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. –М.: «Наука», 1983.
- 5 Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалар тілі негізінде). –Алматы: «Ғылым», 1982.
- 6 ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. –Астана: «Елорда», 2000.
- 7 Хасанұлы Б. Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру мәселелері // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы (жинақ). –Астана: «Елорда», 1998.
- 8 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты. –Алматы, 2007.

Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Қазақ тіл білімі кафедрасы,  
ф.ғ.д., профессор

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛЫМЫ

Терминжасамның жасалу жолдары, жасалу ерекшеліктері, қолданысқа түсіп кетуіне қатысты мәселелер талқыланып жүрсе де кейбір мәселелері әлі де зер сала түсуді қажет етеді. Терминжасамның және жасалған сөздің қалыптасуының өзі – тұтастай күрделі құбылыс.

Термин жасау, сөз жасау бір қарағанда тіл, тілді қолданушы, аудармашы, тілші, ғалым, қоғам үшін елең еткізетін жаңалық емес. Бір қарағанда, сөзге сөз қосып, сөзге қосымша жалғап, сөз бен сөзді тіркестіріп, күрделі тіркес жасап жаңа ұғымға атау беру – тіл-тілдің барлығына тән құбылыс, ғылым үшін жаңалық емес. Әйтсе де әрбір сөздің, жаңа ұғымға берілген ұлт тіліндегі тілдік бірліктің жасалып, сол ұғымға таңылуы – күрделі шығармашылық сатылардан өтетін құбылыс. Бұл әрі сөзді, терминді жасаушыдан тілге, тілдің табиғатын сезінуге, ұғымға атау таңа білуге деген бейім мен шеберлікті қажет етеді. Ұғымды жан-жақты қамти отырып дәл сөзбен таңбалау қаншалықты күрделі болса, оны ашатын таңбаны табу, сөзді ойлап табу – қызығушылық тудыратын тілдік, психологиялық, шығармашылық құбылыс.

Жаңа жасалған сөз ұғымды дәл, жан-жақты қамтып таңбалаған жағдайда сөзді қолданушылар үшін, тілдің иесі болып табылатын ұлт адамдары үшін үлкен ләззат сыйланады. Мұны сөзді жасаушы да терең сезіну ләззатына ие болады. Бұлай жасалған сөз қолданысқа тез түсіп, тілді тұтынушыларға, аудармашыларға (заманның өсу талабына сай), көпшілікке тілдің қолданыс айналымына кеңінен тарайды.

Бұл да кез келген тұлғаның қолынан келе береді деу қиын. Тіпті тілдің құрылым-құрылысы, жүйесінен хабары бар тілші маманның өзі тілге икемі бар тұлғаға қарағанда сөз жасауға шорқақ болып, кемшін түсіп жатуы ықтимал. Тілдегі сөздерді жасау, сөздерді қолдануға мұқият қарау да

дарынның бір түрі болса керек. Дарын болмаса да ерекше қабілет ретінде қаралғаны орынды. Тілді, терминді зерттеп жүрген ғалымдардың өзі бұл мәселеде (сөз жасап, термин жасауда) икемді бола бермейді.

Сөз жасау ләззатын, онды жасалған сөздер тобын қазақ тілі ХХ ғасырдың басында да, тілі еркіндік алған 1990 жылдардан кейін де сезініп үлгерді. Ойда бар ұғымдарды дәл таңбалап, ғылым мен қоғамдағы жаңа сөздерді, қоғамдық-саяси ұғымдарды, оның ішінде, ғылымдағы атау сөздер – терминдерді таңбалаған қазақ тілінде жасалған сөздер қатары қазақ ғылым салаларының, қоғамдық-саяси лексикасының тілін толықтырды. Бұл кезеңдердегі тілдің жаңа сөздермен толығу құбылысының жетістігі мен кемшілігі қатар жүрді.

ХХ ғасырдың басында ұлт зиялылары жасаған – *пән атаулары (термин), атау сөздер, подлежащее – бастауыш, сказуемое – баяндауыш, обстоятельство – нысықтауыш, анонс – аңдатпа, психология – жантану, языкознание – тілтаным, абберация – бұлдырлық, агит суд – үгіт соты, аквариум – су қора, анатомия – тән жүйесі, выводная труба – шүмек, вычитаемое – азайтқыш, гипноз – ұйыту, испарение – кебу, каолин – ақ саз, поршень – іскек, подсобник – көмекші, растворитель – ерітпе, регресс – кер кету, уголовно-процессуальный кодекс – қылмыстық істерді жүргізу кодексі, алгебра–алжебір, аргумент–дәлел, арифметическая середина–айырымдық орта, вертикальные углы – тұстас бұрыштар, высота наклонной плоскости – көлбеу жазықтығы, вычитание – азайту, вычитаемое – азайтқыш, гипотенуза – қизаш сызық, горизонтальная линия – жатық сызық, горизонтальное направление – жатық бағыт, делимое – бөлінер, делитель – бөлгіш, диаметр – өре, периметр – жиік, треугольник – үшкіл т.б.толып жатқан түрлі салаға қатысты сөздер мен терминдер қазақ тілінде жап-жақсы қолданыс тауып, олардың бірқатары, тіпті басым бөлігі қазіргі қазақ тіліндегі ғылыми ұғымдар қатарын толықтырып, қолданыста жүр.*

Бұл жағдай 1990 жылдардан кейін де орын алды. Айырмашылығы – бұл кезеңде жаппай жасалған жаңа сөз атаулының бәрі қолдау тауып, қолданысқа түсе қойды, кең тарап кетті деп айту қиын. Дегенмен түрлі өзгерістердің, толықтырулардың нәтижесінде түрлі ұғымдар жасалып, қолданыс тапты: *объект – нысан, интернет – галамтор, общество – қоғам, товарищество – серіктестік, конкуренция – бәсеке, альтернатива – балама, кандидатура – үміткер, классификация – жіктелу, реестр – тізімдеме, координация – үйлестіру, финансы – қаржы, финансист –*



*қаржыгер, надбавка – үстемақы, премия – сыйақы, меню – мәзір, кусачка – тістегіш т.б.* Түрлі тәсілдермен жасалған терминдер қазақ тілінің қолданыс айналымына енді.

Тілдің сөздік қоры – үнемі толығып, байып, жеке сөздерден арылып отыратын, үнемі динамикалық даму үстіндегі құбылыс. Тілдің сөздермен толығыуы, терминдермен баюы түрлі жолдармен жүзеге асады. Ұғымдарды өзге тілдерден алу, қоғамның өзгерісімен бірге туындаған жаңа ұғымдарды қолдану, өзгеріспен, өзгеріссіз немесе аударып қабылдау – тіл-тілдің барлығына дерлік тән құбылыс. Өзгерістерді қабылдау немесе сол тілде белсенді сөз жасау – тілдің мүмкіндігі мен ұғымды атай алу, сонымен бірге сөзді, терминді жасау қабілетінің, тілді қолданушылардың тілді игере білуін анықтайтын көрсеткіш.

Қазақ тілінің өзге тілдің сөзін мүлтіксіз, өзгеріссіз қабылдайтын мүмкіндігі – оң болсын, теріс болсын дәлелденіп қойылған жағдай. Өзге ұғымды өз сөзімен атай білетін қабілеті мен мүмкіндігі ішінара болса да әр кезеңде дәлелденіп отырады. Бұл жағына келгенде қазақ тілі өзгеріссіз сөз қабылдауға бейім болып алған. Себеп тілде емес, әрине. Себеп – тілді пайдаланушы ұлт тілін пайдаланушылар санасы, көп жылдар бойы сол сананы қалыптастырған ұлт тілінің әлі де үстемдік етуі, қоғамдағы қолданыста басымдыққа ие болуы, қазақ тілділердің, қазақтардың тілдік санасына билік құруы.

Үйлесімді жасалып, тыңдаушысы мен жасаушысын тапқан сөздерге қарап тіл-тілдің барлығында да қандай ұғымды болсын атай білетін тіл, оны сіндіре білетін тілдің қолданушылары бар екендігіне көз жеткізіледі.

Екінші жағы үйлесімсіз, тура аудармамен жасалған сөзді сіндіре алатын тілдің мүмкіндігі – қай тілге болса да тән екендігі де мойындалған құбылыс. Қандай сөз болмасын сәтсіз жасалғандығына қарамастан уақыт еніп-сінде халықтың тілінде жаттанды болып алады, оны қолдана салу да үйреншікті жағдайға айналады. Сыналып жүрсе де дайын тілдік бірліктер ретінде қолданылып үлгерген терминдер мен сөздер осының дәлелі болса керек.

Үйлесімсіз сөздерді сынау – орынды құбылыс. Бірақ сыналатындай сөздің жасалып, қолданысқа еніп кетуі, тілді қолданушыны дұрыс сөзді пайдалана білуге тәрбиелеудің орнына, оның таным деңгейін түсіруге үлес қосатын, сөйтіп, талғам-таразысы, тілдік танымы мен шеберлігі жоғары тілдің пайдаланушысы тарапынан сынға ұшырау – орынсыз да құбылыс. Бұл әр нәрсенің екі жағы болатыны сыңайлы. Өйткені қалыптасқан нұсқаны бұзу, оның орнына екінші бір сөздің ұсынылуы қолданыстағы жүйесіздікті туындататындығын да ұмытпаған жөн.

Ұғым атаулының көпшілігі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне батыс тілдерінен, өзге тілдерден еніп, ғылыми интеграция аясында жаңа ұғымдармен толығып жатқаны белгілі. Ұғым әдетте өзге тілдегі нұсқасында қабылданып игеріледі. Ақпараттың мол болғаны әрине жақсы, бірақ сол ақпараттарды игеріп үлгермеуімізге байланысты оларды не аударып, не өзгертіп үлгермей пайдаланып жатуымыз – тілдің ішкі дамуына, сөзжасамдық, терминжасамдық жүйесінің дамуына кері әсерін тигізіп жатқаны мәселенің екінші жағы. Тілдің сөз жасаудағы, оның ішінде нақты ұғымды жан-жақты ашуға ұмтылатын термин сөздерді жасауға қатысты, ғылым тілін меңгеруге қатысты тілдің ішкі мүмкіндіктерінің пайдаланылмай жатуы қай тілде болмасын құптала беретін жағдай емес. Қоғамның күшімен түсінсе де, өзге тілде таңбаланған термин, атау сөз ұлттың барлық ұрпақтары үшін барлық кезеңде түсінікті бола бермейді. Бір кезеңде түсінікті болған терминді келесі ұрпақ қайта оқып, түсініп, тағы да қоғамның күшімен қабылдауына, түсінуіне тура келеді немесе қажеттілік туындамаған жағдайда сол күйінде қала беруі де мүмкін.

Игеру барысында өзге тілдегі атау сөзге, аударуға баламалар табылады немесе сол күйінде қолданысқа енеді. Әзірге сол күйінде өзге тілдегі нұсқасын өзгертпестен қабылдап алу үрдісі қазақ тілінде басым болып тұр. Тіпті фонеморфологиялық жағынан қазақ тілінің ішкі дыбыстау заңдылықтарына сәйкес меңгеріліп қабылданып жатқандары да аз, жоқтың қасы деуге болады.

Терминжасамда жұрт тісін батыра бермейтін, көпшілік қолданысына мұқият ұсынуды қажет ететін терминдердің түрі – техникалық, жаратылыстану ғылымдары бағытындағы терминдер. Аз да болса бұл бағытта қазақ тілінде ұғымдар мен терминдер қазақ тіліндегі нұсқамен қамтамасыз етіліп жүр. **Сөздерді біріктіру** тәсілімен: *құпиясөз, қолжетімділік (доступ), толқынжол (волновод)*.

**Сөздерді тіркестіру** жолымен: *атаулы арна, бас бет, жедел теру, ашық түрдегі құпиясөз, баламалы байланыс (альтернативная связь), көлденең кәбіл жүйесі (горизонтальная кабельная система), бас торап (головной узел), зияткерлік кәртішке, өмірлік веб-мәліметтер, IP шлюз, матрицалық принтер, рәміздер жиынтығы, каскадты өрістер, бүріккіш принтер, толқынды адаптер (адаптер волновой), электромагнитті сәуле шығару (излучение электромагнитное), әріптік-цифрлық кодтау (кодирование буквенно-цифровое), талшықты лазер (лазер волоконный), тарату панелі (панель*

*распределительная), коммутациялық тораптың сөрелік платоустатқышы (платодержатель полочный коммутационного узла), іздестіру сервері (сервер поисковый), созылмалы арқан (трос затяжной), шалғай қолжетімділік (удаленный доступ), саңылаулы толқынжол (щелевой волновод).*

**Сөздерді қосарлау арқылы:** *әріптік-цифрлық кодтау (кодирование буквенно-цифровое), желілік-кәбілдік (линейно-кабельный), желілік-кәбілдік құрылғылар (линейно-кабельные сооружения), күзет-ескерту жұмыстары (охранно-предупредительная работа), талшықты-оптикалық жүйе таратқышы (передатчик волоконно-оптической системы передачи), веб-браузер, веб-сайт.*

**Сөздерді қысқарту тәсілімен:** *АҚ (акционерлік қоғам), ҰБТ (ұлттық бірыңғай тестілеу), БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары), ҚТЖ (Қазақстан теміржолы).*

Жоғарыда аталған бұл тәсілдер арқылы көп терминдер мен атаулар жасалып жүр. Бірігу арқылы жасалған география саласының терминдеріне мысал келтірсек: *сіремұз (лед ферновый), жалағаш (лесополоса), қарақұйын (смерч), текшекемер (терраса), сіреқар (фирн)* т.б. Қосарлау арқылы жасалған бекітілген терминдерден мыналарды атап кетуге болады: *көші-қон (миграция), оқ-дәрі (боеприпасы), алым-салық, шағым-талап* т.б.

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі бар, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты – әлі арнайы зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз болып жүрген мәселелердің бірі. Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның бұл тәсілінен жасалатын техникалық терминдердің үлесін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз.

Күрделі ұғымдарды қамтуға бейім техника саласының терминдері қазақ тілінің терминжасам жүйесінде күрделі тәсілдерді қолдануға бейім. Оның себебі – сипаттау, анықтау мақсатында тіркестіру, қосарлау, сөзқосым тәсілдерінің жиі қолданысқа ұшырауы.

Аталған техникалық терминдердің үлгілері қазақ тілінде де техника атауларына қатысты ұғымдарды жасауға болатындығын айғақтайды. Десек те оның қалыптасып кетуіне әсер ететін тілден тыс ықпалдардың барлығы айқын.

Бейбіт ИСХАН

*Абай атындағы ҚазҰПУ Әдебиеттану  
және тіл білімі ҒЗИ қызметкері,  
ф.ғ.к., доцент*

## «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ» ҚАЗАҚШАЛАУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ДА ОҢАЙ ЖОЛЫ

Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Телжан Шонанұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сияқты алаш арыстары 1988 жылы толықтай ақталып, олардың қазақ тілі мәселелері бойынша жазған құнды еңбектері жарыққа шыққаннан бері қазақ тіл білімі салаларының зерттеулері жан-жақты және сан салалы бола бастады. Оның XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп келе жатқан негізгі салалары – тіл теориясы, тіл тарихы, тілдің ұлттық сипаты, әдеби тіл тарихы, тілдің қоғамдық қызметі, әдеби тіл нормалары, қазақ тілі мәдениеті мен стилистикасы сияқты мәселелері тереңірек зерттеле түсіп, бұрынғы ұғымдар мен тұжырымдар жаңа пайымдаулармен толықтырылды.

Қазақ тілі лексикологиясының зерттеу тақырыптары кеңейіп, сөздік қор мен құрамның зерттелмей жатқан қабаттары мен қырларына назар аударылды. Себебі нарықтық-экономикалық жаңа қатынасқа орай қалыптасқан жағдайға байланысты қоғамдағы сан алуан өзгерістердің, ең әуелі, халық тілінің дамуына, оның сөздік қоры мен құрамының баюына, жаңарып-жасарып қайта түлеуіне өз әсерін тигізбей қоймайды. Әсіресе қазіргі әлемдік жаһандану дәуірінде толассыз жүріп жатқан ақпараттар тасқыны нәтижесінде қоғамдық қатынастың барлық саласының тілдік қолданысына еніп жатқан қоғамдық-саяси сөздер мен ғылыми-техникалық терминдерді қазақшалап игеру немесе олардың қазақша баламасын қазақтілді қоғамға дер кезінде ұсыну сияқты мәселелер қазақ лексикологиясы мен оның пәніне ерекше міндет жүктеді.

Тіл адамзат қоғамының қарым-қатынас құралы ретінде ерекше рөл атқаратындықтан, қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа қағидаларына сәйкес

қайта қарастырылып, әлі де зерттеліп жатқан салалардың бірі – оның терминдік жүйесі. Ол – лексикологиясының бір саласы болып есептелгенімен, әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бір түрі болып саналатын ғылым тілінің негізгі құралы. Қазір бізде оның қызметіне деген зәрулік күннен-күнге ұлғаюда.

Қазақша ғылым тілін дамытуға қазақ зиялылары сонау XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ ерекше мән берген еді және олар оны дамытып өркендету үшін ұлан-ғайыр еңбек етті. Олардың көш басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Алаш азаматтарының сол бір ерен еңбегі қазақ елі тәуелсіздік алып, өз алдына дербес ел болған шақта кең өріс алып дамыды. Алаш арыстары Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш», Қ.Қаратышқанов құрастырған «Пән сөздері» сияқты қазақтың алғашқы термин сөздіктері қайтадан жарық көрді.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде оның терминологиялық жүйесінің қалыптасуын зерттеп-зерделеген, сан түрлі ғылым саласындағы термин сөздердің жасалуын, термин сөздерді танып-білудің қағидаларын, қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесінің термин сөздер түзудегі ролін анықтаған еңбектер жеткілікті мөлшерде бар [1].

Кеңестік дәуірде орыс тілі негізінде оқытылып, зерттеліп-зерделеніп келген көптеген іргелі ғылымдар мен пәндер, әсіресе математика, физика, жаратылыстану (естественные науки), медицина сияқты ғылымдардың түрлі салалары мен пәндері ендігі уақытта қазақша оқытылып үйретілетін, зерттеліп зерделенетін болды. Түрлі ғылымдар мен пәндердің терминдерін ұлттық тіл негізінде қалыптастыру жаппай қолға алынып, қазақша терминдер жүйесін қалыптастырудың ғылыми-әдістемесін негіздеу күн тәртібінің басты мәселесіне айналды. Осы мақсат-мүддеге орай қазақ терминологиясын қалыптастыру, оның күрделі мәселелерін шешу, терминжасам шығармашылығын дамыту, терминдерді жүйелеу, біріздендіру, қазақша ғылым тілін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізіліп келеді.

Түрлі ғылымдар мен олардың салаларының терминдерін жасап қалыптастыруға тілші-ғалымдармен қатар салалық ғылымдардың мамандары да белсене атсалысып, өз пәндері мен ғылымдарының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктерін құрастырды. Соның нәтижесінде 2000 жылы көптеген салалық ғылымдардың термин сөздерін қамтыған 31 томдық қазақ тілінің терминологиялық сөздігі алғаш рет жарық көрді

[2]. Қазақша термин сөздер пайдаланылған және қазақ тілінің табиғи бітім-болмысына сәйкес келетін тың сөз қолданыстармен ерекшеленетін оқулық, оқу құралдары, монографиялар көбейіп, қазақ тіліндегі ғылыми кітаптар қоры молаяға түсті.

Кеңес уақытында формальді түрде жұмыс істеп келген мемлекеттік терминологиялық комиссияның жұмысы жандандырылып, терминдерді жүйелеуді, біріздендіруді, қазақ қоғамына оның толғақты мәселелерін дер шағында ұсынып, ақпараттандыруды мақсат ететін «Терминологиялық хабаршы» шығарыла бастады. Сөйтіп, термин шығармашылығындағы тоқырау кезеңі аяқталып, ұлт тілінде термин жасала бастап, терминге қойылатын талаптар нақтыланып, сол талап-қағидаларға сәйкес жасалған терминдермен қазақ әдеби тілінің сөздік құрамы байи түсті.

Дегенмен қазақ терминологиясының шешілмеген күрмеуі көп түйінді мәселелері әлі де баршылық. Әсіресе қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қызметі кенже қалып отыр. Олай болуының басты себебі «халықаралық терминдер» деп аталатын сөздер күні бүгінге дейін орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де еш өзгеріссіз сол қалпында кең қолданылып келе жатқандығы болып отыр. Қазір біз тіліміздің табиғи бітім-болмысына жат, бөгде тілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерінен тұратын сол термин сөздерге қазақша қосымшаны (жалғау-жұрнақты) киналып жалғап, тілімізді бұрап сөйлеп-жазуды әлі тоқтата алмай жүрміз. Әрине, бұған біздің қазіргі жазуымыздың мейлінше орыстанып кетуі, яғни өзге тілдік термин сөздерді сол қалпында жазып-айтуға мәжбүрлейтін қазақ тіліне тән емес орыс тілі дыбыс-әріптерінің қазіргі әліпбиіміздің құрамында болуы мен өзге тілдік (орыс тілінің) сөздердегі тілімізге жат дыбыс тіркесімдерінің қолданыста жүруі және соларға сәйкес емле ережелеріміздің болуы негізгі себеп екені баршаға аян.

«Халықаралық термин» деген ұғым жоқ. Бұл – орыстандыру саясатының санамызды улау үшін әдейі шығарған сөзі. Біздің солай деп ойлап жүрген сөздеріміздің баршасы – бізге араб-парсы тілінен енген «*ғылым, галым, ілім, мұғалім, шәкірт, кітап, дәптер, қалам*» т.б. сөздер секілді орыс тіліне латын-грек, ағылшын, француз, неміс т.б. тілдерден орысшаланып сіңген, қазір нағыз орыстікі болып кеткен сөздер.

Рас, орыс тілінің сөздік құрамындағы кейбір сөздер латын-гректік түбірге 100 пайыздай сәйкес келіп қалатын кездері болады, алайда бұл – орыс тілі еуропалық тілдердің барлық сөзін еш өзгеріссіз алған екен

дегенді білдірмейді. Өйткені орыс тілі үнді-еуропа тілдері тобына жата-тын болған соң, оның дыбыстық жүйесі (фонетика) мен тілдік құрылымы (грамматикасы) оларға қазақ тілінен гөрі бір табан жақын. Сондықтан да кейбір сөздердің грек, латын, неміс, ағылшын, французша дыбысталуы орыс тілінің табиғатына толық сәйкес келеді.

Пуризм ілімінің «... жағымсыз жағы – тілдің үнемі ілгері даму сипатын, оның тарихилығын түсінбеушілікпен, оны қуаттаушылардың субъективтік көзқарастарымен байланысты. П. тілдің ішкі мүмкіншіліктерін, оның төл элементтерін пайдаланып, жаңа сөз жасау арқылы әбден қалыптасып кеткен кірме сөздер мен халықаралық терминдердің өзін аластатуды көздейді» [3, 156 б.] деген түсініктің қазақ тіл білімінде арнайы түрде кең насихатталуының өзі де кеңестік тілдік саясаттың қазақ тілін мейлінше орыстандыра түсу әрекеті деп тану қажет сияқты. Өйткені олар (орыс тілші ғалымдары) пуризмнің жағымсыз жағы деп бізге уағыздағандарын өздерінің сөздік құрамына шетелдік сөздерді орысшалап қабылдауда еш қолданбаған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері өзге тілдік сөздерді, әсіресе өзгеріссіз қолданыстағы қоғамдық-саяси сөздер мен ғылыми-техникалық терминдерді қазақшалау мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Бұл мәселе жөнінде қазақ ғалымдарының көзқарастары әртүрлі. Біреулер жалпы кірме сөздерге балама табуды көздесе, енді біреулері тек орыс тілінен енген сөздерді ғана қазақшалау керек, ал орыс тілі арқылы енген, бірақ арғы тегі грек, латын, ағылшын т.б. тілдерінің сөздері болып келетіндерді қазақшалаудың еш қажеті жоқ деп есептейді.

Бірінші ұстанымдағылардың ниеттері дұрыс болғанымен, жүзеге асуы – қиын шаруа. Сан мыңдаған шетелдік сөздердің тілімізге күн сайын толассыз енуіне қолайлы жағдай тудырып отырған мына ақпараттар тасқыны қарқынды дамыған заманда бірен-саран сөздерге әрең дегенде қазақша балама тауып, бірақ соның өзін сан-саққа жүгіртіп, дауласып жүргенімізде түр-тұрпаты өзге тілдік термин сөздердің барлығына балама сөздер табу немесе оларды қазақшаға аудару дегеніңіз үлкен машақатты қажет етеді. Еш өзгеріссіз қолданыста жүрген терминдер қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігіне енген 60-70 мыңдай қазақша сөздерден (бұл сөздікте түр-тұрпаты бөтен сөздерді де қазақтікі деп есептеп, қазақ тілі сөздік құрамында 106 000 сөз бар деп көрсеткен) бірнеше есе көп.

Екінші ұстанымдағылардың грек, латындық «халықаралық сөздер» деп жүргендері – тілімізге қазақшаланып емес, орысша қалай айтылып-жа-

зылса, солай қолданылып жүрген сөздер, демек орыс сөздері. Олар осыны қаперлеріне алмай жүр. Біздің бұл уәжіміз күдік-күмән (претензия) тудыратын болса, сол «халықаралық сөздер» делініп жүрген сөздердің латын-гректік, ағылшындық түпнұсқасы мен орысша нұсқасын салыстырып қарауға болады. Латын-грекше, ағылшынша бір басқа, орысша нұсқасы бір басқа.

Өзге тілдік сөздер мәселесін сөз еткенде қоғамдық-саяси сөздер мен ғылыми-техникалық терминдердің аражігін ажыратып алу қажет сияқты. Себебі бұл екеуін жай тіл тұтынушы тұрмақ маманданған тілші-ғалымдардың қайсыбірі шатастырып алып жатады.

**Қоғамдық-саяси лексика да сөздер.** Дегенмен олардың сөздік құрамдағы өзге сөздерден, әсіресе ғылыми-техникалық терминдерден ерекшелетін өзіндік сапа-белгілері бар. Олар бір қарағанда арнайы сөздерге (терминдерге) ұқсас болып көрінгенімен, олардан қолданылу пәрмені мен жалпыхалықтық сипаты жағынан өзгешеленеді. Осыған байланысты оның сөздік құрамнан алатын орны мен қолданылу аясы, қолданылу ауқымы мен қоғамдық-әлеуметтік қызметі терминдерден ерекше.

**Терминдер де сөз.** Алайда жалпыхалықтық қолданыстағы өзге сөздерден өзіне тән белгілерімен олар да ерекшеленеді. Термин сөз деп белгілі бір ғылым мен оның салаларына және оның пәніне ғана қатысты сөздерді айтамыз. Бұндай сөздер өздеріне тиесілі ғылым түрінің ғалымдары мен мамандарының барлығына бірдей түсінікті, барлығына ортақ болып келеді, бірақ жалпы халыққа түсініксіз болады. Оларды жалпы халықтың білу-білмеуі де міндетті емес.

Ал қоғамдық-саяси лексиканың терминдерге ұқсайтын жағы: көбінесе өзге тілдерден дыбыстық-құрылымдық жақтан игерілмей, еш өзгеріссіз ауысып келуінде жатыр. Өзге тілдік сөздер екенін олардың қазақ сөзіне ұқсамайтын түр-түрпаты аңғартып тұрады. Осы белгісі оны термин сөздерге ұқсатып-жақындатып, кейбір адамдарды, тіпті қайсыбір тілші-ғалымдардың өзін де шатастырады.

Әлбетте, қоғамдық-саяси лексикалар да саяси экономика, саясаттану, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих сияқты т.б. гуманитарлық бір ғылымға теліп, соларға тікелей қатысты термин сөздер ретінде де қарастырылады. Бұл ретте олар шартты түрде ғана аталған ғылымдардың термин сөздері болып саналады. Сондай-ақ қоғамдық-саяси лексика белгілі бір саяси-әлеуметтік кезеңде (мысалы: кеңестік билік кезін-



дегі «колхоздастыру», «қызыл отау», «мойын серік», «электрлендіру», «индустрияландыру», «қайта құру», «жеделдету» т.б.) пайда болып, сол кезеңнің дәуірлеп тұрған шағында кең қолданылып, оның уақыты өтіп, бағы тайған шағында қолданыстан шығып қалуына орай, «тарихи сөздер (историзмдер)» деген атау алса, керісінше жаңа заманның жаңа лебімен пайда болып жататындары «жаңа сөздер (неологизмдер)» деп те танылады. Ал белгілі бір ғылыми-техникалық ұғымның атауы ретінде қалыптасқан терминдердің қолданылуы уақытпен шектелмейді.

Енді қоғамдық-саяси лексиканың қолданылу аясы мен ауқымына келсек, бұл сөздерді тілді тұтынушылардың белгілі бір тобы ғана емес, қоғам мүшелерінің барлығы – өздерінің қажетіне және білім-біліктілік мүмкіншілігіне қарай күнделікті тұрмыс-тіршіліктің сан алуан саласында жаппай пайдаланады. Оның жалпыхалықтық тілдегі белсенді қолданысын қалыптастыратын және оның тілде орнығуына жағдай жасайтын салалардың (ғылым, білім беру т.б.) ішіндегі ең негізгісі бұқаралық ақпарат құралдары болып саналады. Қоғамда болып жататын саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңалықтар жаңа ұғым мен құбылыстардың немесе заттардың атаулары ретінде кез келген тілдің сөздік құрамына көбінесе, мерзімді баспасөз тілі арқылы енеді. Қоғамдық-саяси сөздер арқылы кей жағдайда мемлекеттің ұстанып отырған саясаты мен экономикалық бағыт-бағдары айқындалады.

Өзге тілдік қоғамдық-саяси лексиканың осындай қолданыс аясы мен қолданыс ауқымының кендігі, осыған орай қолданысының аса белсенділігі оларды жат тілдік термин сөздерден түбегейлі ажыратады және олардың сол сапа-қасиеті тілді бұлдіруде терминдерден әлдеқайда күшті болып келеді. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлының «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурапа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурапа тілдері бізге орыс тілі арқылы жалғасады. Аурапа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін Аурапа мен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болды. Орыстар Аурапа сөздерін өзінше өзгертіп алды. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурапа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек» [4, 151 б.], «Аурапа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерткенде әрқай-

сысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді» [5, 95 б.] деп сонау заманда жат тілдік сөздердің сыр-сипаты мен тілге әкелер залалын дөп басып айтқан пікірі бүгінде де өз маңыздылығын жойған жоқ.

КСРО кезінде оның идеологиялық саясатын және социалистік өмір салтын уағыздайтын қазақша көркем әдебиеттер молынан басылып шығуымен қатар қазақ баспасөзі де жақсы дамыды. Бұл болса өз кезегінде қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилінің одан сайын ұшталып, дамып-өркендеуіне қолайлы жағдай туғызып, қазақ әдеби тілі сөздік құрамын орыс тілінен тікелей (калька) аудару арқылы пайда болған сөз, сөз тіркестерімен байыта түсті. Әрине, ондай аударма сөз, сөз тіркестерінің дені қоғамдық-саяси сөздер еді. Ал ғылыми-техникалық термин сөздердің баршасына жуығы, егер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ғылыми-көпшілік мақалаларда кездесе қалса, орыс тілінде қалай болса, қазақ тілінде де еш өзгеріссіз сол қалпында қолданыс тауып жатты. Ондай сөздерге қазақша қосымша жалғанып қолданылса, қазақ сөзі болып кететіндей түсініктің қазақ ортасында қалыптасуы да кеңестік тілдік саясаттың нәтижесі екені анық.

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамы қаншалықты бай болғанымен, тек өзінің ішкі мүмкіншілігімен ғана дамып-өркендей бермейтіні белгілі. Ол қай кезеңде де өзге ұлт тілдерімен қарым-қатынасқа түсіп, олардан, әсіресе кейінгі кезеңдерде білімі мен ғылымы, өндірісі мен мәдениеті жетілген орыс тілінен небір ұғым-түсініктер мен зат-құбылыс атауларын білдіретін сөздерді өзінің төл дыбыстық-құрылымдық заңдылықтары арқылы игеріп, айтылымына бейімдеп өзгертіп қабылдап, сөздік құрамын аударма сөз, сөз тіркестері, сөйлемше, сөйлемдер (синтаксистік құрылымдар) арқылы біршама толықтырды.

Ал «Ұлы Октябрь революциясынан кейін орыс тілінен қазақ тіліне жаңа сөздердің ауысуына зор мүмкіндік туды. Ғылымның, мәдениетіміздің, экономикамыздың дамуында орыс халқының рөлі қандай болса, қазақ тілі лексикасының баюында, дамуында орыс тілінің орны сондай еді. Әсіресе қазақ тілінің терминология саласында орыс тілінің әсері зор болды. Жана ұғымдардың енуімен байланысты жаңа атаулар кірді: трамвай, аэроплан, мотор, машина, пороход, электр, общежитие, трагедия, пьеса, факультет, театр, группа, опера, выставка, устав, аренда, совет, конференция, капиталист, буржуазия, большевик, революция, либеральный, аппарат, палата, коммунист, комитет, программа, комиссия, т.б.» [6, 343-344 бб.] немесе «Біз

кез келген шет елден енген сөзді аударуға әуес болмауымыз керек. Олардың жалғау-жұрнағын қазақыландырайық» [7] деген сияқты ой-тұжырымдар кеңестік жүйе саясатынан (идеологиясынан) туындағаны даусыз.

Алайда кеңестік саясаттың түпкі мақсатын түсініп, қазақ ұлтын орыстандыруға қарсы болғандар да болды. Солардың бірі Мұхтар Әуезов еді. М.Әуезов барлық ұлы адамдар сияқты өзінің жасынан бұрын ерте есейді. Рухани тәуелсіздіктің негізі тіл екенін ерте түсініп, өзінің «жасқа жас» кезінің өзінде-ақ ана тілінің қамын жеп, оның болашағына алаң боп, «ойға кәрінің» сөзін айтты. Өз заманының тынысын, қазақ ұлтының тұрмысы мен тіршілігін, мәдениеті мен әдебиетін жандүниесімен терең сезінген ол жиырма жасында, 1917 жылы, қазақ ғылымына көңіл бөліп, «Қайсысын қолданамыз?» деген мақала жазса, 1918 жылы өзінің редакторлығымен Семейде шығып тұрған «Абай» журналының №7 санында «Ғылым тілі» атты мазмұнды да көлемді тағы бір мақала жариялап, сол кездегі қазақ зиялыларын ашық пікірталасқа шақырды. Кейін кеңестік тілдік саясат күшейіп, қазақ тілі мәселелерін қозғауға мүмкіндік болмай қалды. И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейінгі жылымықты пайдаланып, М.Әуезов қазақша ғылым тілі мәселесіне 33-34 жылдан соң қайта оралып, 1951 жылы жас кезіндегі қазақша ғылым тілі туралы айтқан ойын кеңейтіп жазған «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» [8, 40-41 бб.] деген мақаласында оны тағы да көтерді. Ол осы мақаласында қазақтың ғылым тіліне еш өзгеріссіз ендірілген кірме атаулардың емлесі (орфографиясы) туралы өз толғанысын білдіреді. Академик-жазушының осы мақаласындағы сол пікірлерінен қазақтың ғылым тілі туралы өзінің алғаш қалам тартқан уақыттан бері тілімізге еш шектеусіз мейлінше еніп жатқан жат сөздердің оған қалай әсер етіп жатқанын жандүниесімен сезінгендіктен туындаған «Қазақ тілінің болашағы қалай болар екен?» деген алаңдаушылығын айқын аңғарамыз.

Ғалым бөтен сөздердің емлесі туралы былай дейді: «Бұл ретте де тілшілерге айтатын бір алуан талабымыз тағы бар. Орыс тілі мен шетелдер тілінен алынған атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған сияқты. Біздің соңғы жылдардағы жазуымыз, қолдануымыз бойынша орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақша да солай жазылуы керек. Осы қағиданың екіжақты қайшылығы бар. Бұнда мұғалімге, балаға түзу жазып үйрету үшін туатын бір қиындық – қазақ орфографиясын білуден бұрын орыс тілінен кірген бүгін қазақтікі

боп кеткен орысша сөздерді орыс грамматикасы бойынша қалай дұрыс жазу керек екенін білу қажет. Қазақтың өз тілінің ерекшелігі заңдарына бейімдеп алмай, орысша жазылу үлгісінде алғандықтан, қазақ балалары да, әсіресе мұғалімдері де қазақ тілінің жазу заңдарын қанша жақсы білсе де, осы орыс сөздерін жазуға келгенде үнемі қате жазады. Өйткені олар әуелі ана тілін оқиды, ана тілінде сабақ береді, – дей келе сол заманның саясатының салқыны тағы да тиіп кетпеуін ескерген ол орыс тілінің өз даму заңдылығын алға тарта сөйлеп, – мысалы, орыс тіліне француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағынып айтылады да, жазылады да. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің неміс, француз, ағылшын тілдерін оқи бастағанда басқаша айтылып, жазылатынын жолай, қиналмай-ақ түсініп, ұғынып келе жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнінде асыра сілтеу, сыңар жақтық бар сияқты» [9, 262 б.] дейді.

«Тіл – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс» болғандықтан әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуынан тысқары қала алмайды. Белгілі бір ұлттың дамуы өзінің ұлттық тілін қазіргі жаһандану заманында сақтай отырып, оны одан әрі өркендетуге, қоғамдық қызметін сан сала бойынша кеңейтуге, жетілдіруге және сол мақсаттағы іс-шараларының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне, демек мемлекеттік тілдік саясатқа тікелей байланысты. Ал тілдің даму жолы мәдени-тарихи мазмұнды құрай отырып, әрбір ұлттық ділді (менталитет) басқалардан ерекшелейді. Әлемнің бейне-көрінісі адам баласының дүниені қабылдауы, оны танып-білуі арқылы жасалып, тілмен таңбаланады. Қазақ әдеби тілі де ұлт болмысының көрінісі, ұлттық ой-сананың өлшемі болғандықтан қоғамда болып жатқан әр алуан сипаттағы саяси-экономикалық үдерістер мен қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар оған өз әсерін тигізбей қоймайды. Көптеген ұлт өкілдері тұрып жатқан Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдай «Қазақ-орыс тілінің қарым-қатынасы, олардың бір-біріне әсері мен ықпалы, қазақтілділердің қоғамдағы орны мен рөлі» т.б. күрделі мәселелерді туындатып отыр.

Қазақтардың орыс тіліне жетік болуына байланысты болар, еліміздегі басқа ұлт өкілдерінен «ұлтым қазақ» дейтіндердің саны қаншалықты артық болса да (60%), орыстілді қазақтардың есебінен қазіргі таңда еліміздегі қоғамдық қарым-қатынастың бірқатар саласында негізінен орыс тілі үстем қолданыста болып отыр. Мәселен, техникалық сала, жаңа технологиялар саласы, экономика, бизнес, банк-қаржы жүйесі, техникалық ғылым,

математика, физика, жаратылыстану ғылымдары мен медицина сияқты т.б. салалардағы қазақ әдеби тілінің ғылым тіл ретіндегі қолданысы орыс тілімен салыстырғанда әлденеше кейін қалып отырғаны – шындық.

Бұлай болуына кеңестік тілдік саясаттың зардабы себеп болып отыр. Кеңес уақытында ҚазКСР-дің мемлекеттік басқару орындарының тілі ғана орысша болып қойған жоқ, гуманитарлық ғылымдардан басқа ғылымдар мен пәндер де орысша оқытылып, орысша зерттелді. Елге ең қажетті жоғары білікті мамандар мен кәсіп иелері орысша дайындалды. Жоғарыда аталған ғылымдардың әдебиеттері көпшілікке арналған шағын кітапша түрінде немесе мерзімді баспасөз беттерінде ғылыми-көпшілік мақала ретінде ғана басылатыны болмаса, қазақ тілінде зерттеліп жазылмай, тек орыс тілінде жазылды. Міне, соның зардабынан қазақ әдеби тілінің қызмет ететін үлкен бір саласы әрі оның дамып жетілуінің негізгі бір бағыты болып саналатын ғылым тілі өз дәрежесінде дамымай қалды. Сан алуан ғылым саласының ғылыми-техникалық терминдері ғана қазақшаланбай қалған жоқ, тілдің қоғамдық қызметінің бір саласы – ғылыми стиль бойынша сөз саптау, сөйлем құру, ғылыми ой-пікірді ауызша-жазбаша мәтін ретінде жүйелі жеткізу де өз дәрежесінде қалыптаспады. Соның әсерін Қазақстан тәуелсіздік алып, өз алдына дербес ел болса да, күні бүгінге дейін айқын сезініп отыр. Бұған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөзі де нақты дәлел: «Ұлттық сана-сезім үшін этикалық мәдениет пен тілді қорғап дамытатын қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеу мейлінше маңызды. Мұның, әсіресе білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы бар. Біз білім беру жүйесінің «қазақ тілін қалыс қалдыру» ұстанымына құрылғанын көрдік, онда ең бір ділгір де мұқтаж кәсіптер мен мамандықтар бойынша қазақша білім ала алмайтын, соның салдарынан ұлттың, әсіресе қалаулы тобының тілді жан-жақты меңгеруге деген ынта-зейіні төмендеп кетті» [10, 153 б.].

Қалай дегенмен қазіргі кездегі қазақ әдеби тілінің ғылым тілі ретінде қолданылатын салалары әртүрлі, әр деңгейлі. Зерттеушілердің айтуынша: білім беру, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салаларында ғана кеңірек қолданылады. Ал техникалық, жаратылыстану мен медицина ғылымының түрлі саласы қазақша термин сөздердің тым жұтаңдығынан күні бүгінге дейін қазақша дұрыс сөйлей алмай келеді. Осы салалардың жанкешті аудармашылары (педагог-ғалымдары) өз мамандығының «оңтайға келеді-ау» дегенін, бірақ табиғаты терминге онша келіңкірей бер-

мейтін бірен-саран атау сөздерін ғана өз пайым-түсінігімен қазақшаға аударып жүр.

Ешқандай даусыз, өзге тілдік термин сөздерге, оларға ұқсас келетін сөздерге қазақша атау беру қажет-ақ. Бірақ көбінесе қазіргі термин жасаушылар қазақ тілінде бұрыннан бар сөздерге түрлі қосымшалар жалғап немесе сирек қолданыстағы байырғы сөздерге жаңа мағына үстеп (белок – ақуыз, гипс – ғаныш, кювета – астауша, мазь – жағылма, мензурка – өлшек, плomba – бітем, воронка – құйғыш, насос – сорғы, пробы – сынама, фиксаж – бекітпе, фарфор – кәрлен т.б.) жаңа сөз деп ұсынып жүр. Бұндай сөзжасам тілімізде бағзы заманнан бері келе жатыр, әлі де осы әдіс-тәсілдер арқылы қазақ әдеби тілінің сөздік құрамы үздіксіз байи беретіні даусыз. Солай десек те, әр ұлттың бөтен тілдік терминдерді дыбыстық, құрылымдық жағынан игеріп, өз тілінің байлығына айналдыруы да көнеден келе жатыр. Тіпті бұл – жаңа ұғымға, затқа, құбылысқа атау берудің ең оңтайлы да оңай жолы. Алайда осы күнге дейін қазақша баламасы табылмай жүрген немесе табылса да жалпы жұрт жатырқап қабылдамаған, онша сіңісті бола қоймаған сөздердің әуелгі қалпының дыбысталуын қазақшалап айтып-жазуға қоғамдық-саяси, психологиялық кедергілерді айтпағанның өзінде, тілдік жүйеміздің өзінде үлкен кедергі бар. Ол – кезінде кеңестік жүйенің орыстандыру саясаты негізінде жасалған қазақ тілі әліпбиі (алфавит) мен емле (графика) ережелері болып отыр. Себебі қазіргі орыс-қазақ әліпбиінде орыс сөздері мен орыстанған латын, грек т.б тілдердің термин сөздерін сол қалпында айтып-жазуға мәжбүрлейтін бөтен дыбыстар мен солардың әріптері, бұған қоса олардың қазақ тілі табиғатына жат бір-бірімен тіркесімі бар. Осылар қазақша баламасы табылмаған термин сөздерді қазақшалап айтып-жазуға кедергі болып жүр. Сондықтан да қазақ әліпбиі орыс тіліне тән дыбыс-әріптерден бүгін-ертең құтылмайынша, бөтен тілдік термин сөздерді қазақшалап игеру өте қиын.

Қазір қазақша баламасы (атауы) табылмай, қазақ тілінің сөздік құрамына кіре алмай (олар кірме сөз бола алмайды, өйткені кірме сөздер болуы үшін дыбысталуы қазақша болуы керек) жүрген бүкіл термин сөздерді қазақ тілінің төл дыбыстарымен жазып-айтуға тарихи мүмкіншілік туып отыр. Ол – қазіргі орыс-қазақ әліпбиін латыншаға көшіріп, төл әліпбиімізді құру екенін біраз ғалымдар көптен бері айтып жүр. Қазақ тілінің латынша төл әліпбиін құрып алған соң, оның табиғатында жоқ, орыс тілінен және сол арқылы «халықаралық сөз» деген желеумен орысшаланып

енген терминдерді жаңа әліпбимен жазып, қазақ сөзіне айналдыруға, сөйтіп, олардың қазақ тіліне бейімделмей толассыз енуіне тосқауыл қоюға болады. Егер осы мүмкіншілікті дұрыс пайдаланбай, жаңа әліпбиді орыс тілі дыбыс-әріптерінен тазаламай құрастырсақ, ісіміздің бәрі бекер. Байдың қорасындағы малды өзімдікі деп малданған байғұс кедей секілді өзге тілдердің сөздерін өзіміздікі деп жүріп, барымыздан айырылып қаларымыз сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТ

1 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988; Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993; Біләлов Ш. Математика ғылымының терминдері. – Алматы, 1995; Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. – Алматы, 1997; Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: «Ғылым», 1998. 208 б.; Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. –227 б.; Әлісжанов С. Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминология. – Астана, 2002. –160 б.; Әбдірасылов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. –208 б.; Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы, 2013.

2 Қазақша-орысша, орысша-қазақша 31 томдық салалық терминологиялық сөздігі. – Алматы, 2002.

3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2005

4 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі», 1998

5 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.

6 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.

7 Жүнісов С. Тіл мықты болу үшін мінез керек//«Қазақ әдебиеті» газеті, №18, 2014.

8 Әуезов М. Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері // Коммунист, 1951, №3.

9 Әуезов М. Жиырма том. шығ. жинағы. 19-том. – Алматы: «Жазушы», 1985.

10 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы», 2010.

Нұрлан ШҮЛЕНБАЕВ,  
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері*

### СӨЗДІҢ ДЕ КИЕСІ БАР...

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін етек-жеңімізді жинап, бар-жоғымызды түгендей бастадық. Бұл жағдайда ең басты мәселе ана тілін дамыту, қазақ тілін қайнар бұлақтың суындай таза ұстау болатыны сөзсіз. Осындай жауапты кезеңде сөз қолданыстарына, тіл мәдениетіне, терминжасам мен аудармаға өте мұқият көңіл бөліп отыру қажет сияқты. Енді терминжасам мен оларды біріздендіру, реттеу, сөздіктерде беру, тіл мәдениеті, сөз қолданыстары, кейбір аудармалар жайында бірер сөз қозғасақ.

Терминологияны біріздендіру жайында белгілі тілші-терминолог, профессор Шерубай Құрманбайұлы былай дейді: «Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің алты сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші – сала шеңберінде біріздендіру; үшінші – нақты бір ұлт шеңберінде біріздендіру; төртінші – туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесінші – тіларалық, ұлтаралық біріздендіру; алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру» [1, 121 б.].

Өкінішке қарай, пәрменді түрде жасалып жатқан жаңа терминдер мен атауларды реттеуге, біріздендіруге, оларды сөздіктерде беріп, көпшілікке жеткізуге келгенде шалағайлық танытып жатамыз. Ұқыптылық, біріздендіру, реттеу, жүйелендіру жағы кемшін түсіп жатады.

Принцип сөзін *қағидат* нұсқасында аударыппыз. Солай бола тұра *принцип абстракции, принцип двухзначности, принцип исключенного третьего, принцип сохранения энергии, принцип тождества* тіркестерін сөздіктерде тиісінше *абстракция принципі, қайшылықтар принципі, үшінші жоқ принципі, энергияның сақталу принципі, паранарлық принципі* болып беріліп келеді. Бұл тіркестер *абстракция қағидаты,*



қайшылықтар қағидаты, үшінші жоқ қағидаты, энергияның сақталу қағидаты, парaparлық қағидаты болып бірізділік заңымен берілуі тиіс емес пе?

Ал енді қағидат (*принцип*), айқындама (*позиция*), тұғырнама (*платформа*), тұжырымдама (*концепция*), үдеріс (*процесс*), үрдіс (*тенденция*), информация (*ақпарат*), хабарлама (*уведомление*) сөздерінің қазақша нұсқаларының бірінің орнына бірін қолдану үрдісі байқалады. Аударма барысында, баспасөз беттерінде, мысалы, «процесті» үрдіс, «тенденцияны» үдеріс түрінде ауыстырып жазып жіберетініміз жасырын емес. «Принципті» бірде қағидат, бірде ұстаным деп қолданамыз. Хабарлама сөзі кейде информацияның, кейде уведомлениенің орнына жүреді. Терминком ссуда сөзін несие, кредит сөзін кредит деп бекітсе де соңғы кездері «кредитті» де несие деп айтып та, жазып та жүрміз. Бірақ бұл да бір уақытша заңдылық шығар. «Көш жүре түзеледі» дейді ғой болашақтан үміт күтуші халқымыз.

Енді жанадан жасалған біраз сөздердің қолданылу аясын, олармен түбірлес, яғни сол сөздерден жасалған туынды, ұялас сөздердің, сөз тіркестерінің сөздіктерде берілуін сөз етіп көрелік.

Бәрімізге белгілі *право* сөзін *құқық* деп аудардық. Бұл сөздің қаншалықты сәтсіз жасалған аударма екендігін оны дыбыстап айтқан адамның кез келгені аңғаратыны анық. *Құқықтық*, *құқықтану*, *құқықтандыру* сөздерін былай қойғанда, *құқық* сөзін айтқанда өз басым екі рет «қақалғандай» боламын. Осы сөзге байланысты теледидардан өзім көрген бір түсірілімді айтқым келіп отыр. Ауылдағы мектепте қазақ балаларына ағылшын тілінен сабақ беретін, ал өзі сол балалардан қазақ тілін үйреніп жүрген американдық волонтер қыз телевидениеге шақырылыпты. Өзінің Қазақстаннан алған әсерлері, қазақ тілінің сұлулығы, әуезділігі туралы сөз етіп отырған қызға жүргізуші сөз арасында «құқық» тәрізді және тағы сол сияқты құлаққа онша жағымды естіле бермейтін біраз сөздерді айтқанда, әлгі қыз көзі бақырайып, біраз абдыраған күй танытты. Міне, «құқығымыздың» сәтті еместігін содан-ақ білуге болады.

Правоны *құқық* деп аударып алсақ та бұл сөз қатысқан *восстановление в правах*, *источник право*, *право владения*, *правопорядок*, *право распоряжения*, *правовая охрана*, *правовой акт*, *право свободного выхода*, *прекращение право собственности*, *реальные права и свободы* тіркестері *право*ларын қалпына келтіру, *право негізі*, *иелену правосы*, *право тәртібі*,

*билік правосы, праволық қорғау, праволық акт, еркін бөліп шығу правосы, меншік правосының жойылуы, нақты праволар мен бостандықтар болып орысша нұсқасымен беріліп кетеді. Бұлар тиісінше құқықтарын қалпына келтіру, құқық негізі, иелену құқығы, құқық тәртібі, билік құқығы, құқықтық қорғау, құқықтық акт, еркін бөліп шығу құқығы, меншік құқығының жойылуы, нақты құқықтар мен бостандықтар болуы қажет еді.*

Жалпы осы құқық сөзін болашақта басқа сөзбен ауыстырған дұрыс болатын шығар. Халықтың ауызекі тілінде күн сайын *хақы жоқ, оның бұлай істеуге қандай хақы бар, мұны істеуге менің де хақым бар* деген сөздерді жиі естіп жатамыз. Бұл дегенім – құқық сөзінің орнына неге *хақ* сөзін қолдана бермедік екен деген бір ой. Ал егер *x* дыбысы кірме десек, онда *қ* арқылы *қақ* деп айта берелік. *Құқыққа* қарағанда *қақымыз* әжептеуір тәуір естіледі емес пе?! Белгілі терминолог К. Юсуп бір мақаласында «*құқықты*» *хұқ* деп қолдануды ұсыныпты. Ертеректе халқымыз бұл сөзді *ықтияр* деп те қолданыпты.

*Документ* сөзін өз тіліміздің байлығын пайдалана отырып, диалект сөзімізді терминдендіру арқылы *құжат* деп алдық. Бұл сөздің сәтті шыққаны соншалық, халық оны жатсынбай қабылдап, сөз бірден байырғы сөздердей қолданысқа еніп кетті. Алайда осы *құжат* (*документ*) сөзі арқылы жасалған кейбір сөздер мен сөз тіркестері сөздіктерде сол бұрынғы орысша нұсқасымен беріліп келеді. Мысалы, *бланк документа* – *документ бланкісі, входящий номер документа* – *документтің кіріс нөмірі, группировка документов* – *документтерді топтастыру, документация* – *документтеме, документоведение* – *документтану, документирование* – *документтеу, документальное кино* – *документті кино, датировка документа* – *документті даталау, заголовок документа* – *документтің тақырыбы, индексирование документов* – *документті индекстеу, исходящий номер документа* – *документтің шығыс нөмірі, копирование документа* – *документті көшіру, каталогизация документов* – *документтерді каталогтау, классификация документов* – *документтерді жіктеу, копия документа* – *документ көшірмесі, микрофотокопирование документа* – *документті микрофотокөшіру, название вида документа* – *документ түрінің атауы, обработка документа* – *документті өңдеу, описание документа* – *документті сипаттау, отпуск документа* – *документтің сақталатын нұсқасы, подлинник документа*

– документтің түпнұсқасы, поисковые данные документа – документті іздестіру деректері, проектно-сметная документация – жоба-сметалық документтер, исполнитель документа – документті орындасушы, сопроводительный документ – жолдама документ, ссылка на документ – документке сілтеме, упорядочение документов – документтерді реттеу, формуляр-образец документа – документтің үлгі-формуляры, экспертиза ценности документов – документтің құндылық экспертизасы т.б. Бұл сөздердің қазақша нұсқасы тиісінше құжат бланкісі, құжаттың кіріс нөмірі, құжаттарды топтастыру, құжаттама, құжаттану, құжаттау, құжатты кино, құжатты даталау, құжат тақырыбы, құжатты индекстеу, құжаттың шығыс нөмірі, құжатты көшіру, құжаттарды тізімдемелеу (өйткені каталог сөзі тізімдеме деп аударылып жүр), құжаттарды жіктеу, құжат көшірмесі, құжатты микрофотокөшіру, құжат түрінің аты, құжатты өңдеу, құжатты сипаттау, құжаттың сақталатын нұсқасы, құжаттың түпнұсқасы, құжатты іздестіру деректері, жоба-смета құжаттамасы, жарлық құжат, құжатты орындасушы, құжатқа сілтеме, құжаттарды реттеу, құжаттың үлгі-формуляры, құжаттың құндылық сараптамасы (экспертизаны сараптама деп жазып та, айтып жүрміз ғой) болып бірізді жазылуы керек еді. Алайда сөздіктерде берілу жағдайы басқаша. Бірер сөздер қазақша нұсқасында дұрыс берілсе, енді біраз кірме сөздер сөздіктің орысша бөлігінде қайтадан сол кірме сөз ретінде аударылмай беріліп, ал қазақша бөлігінде қазақшаға аударылып беріледі. Сонда біз орысша нұсқаны қайта қолдана береміз бе, әлде аударылған қазақша нұсқаны аламыз ба?

Осы мәселеге байланысты академик Өмірзақ Айтбайұлы: «Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қаты көңіл бөлумен қатар терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет. Терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады» деп тұжырымдайды [2, 16 б.].

Терминологиядағы жүйелілік мәселесі ғалым Шерубай Құрманбайұлы еңбегінде жан-жақты талданып, «Терминологиядағы жүйесіздік

– жүйелілікке негізделген термин жасай алмаудан, ұлт тілінің мүмкіндігін дұрыс пайдаланбаудан, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізе білмеуден туындайтын жайт» екендігі дәлелденеді [1, 19 б.]. Ғалымның көрсетуі бойынша: «Әр сала ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлі қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер, атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады» [1, 15-16 бб.].

Академик Өмірзақ Айтбайұлының пікірінше: «Жүйелілік тәртібі сақталған жерде синонимдік қатарға, көп мағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әр қилы қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілгені дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауы тиіс» [2, 16 б.].

Академик Рәбиға Сыздық жалпы тілдік норманы былайша түсіндіреді: «Норма – белгілі бір кезең ішінде көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, яғни сөздердің мағынасы, олардың фонетикалық-графикалық көрінісі (тұлғасы), сөз жасау және сөз өзгерту моделдерінің синтаксистік амалдары. Әрине, норма, яғни дәл солай қолданыс (сол мағынада, сол тұлғада, солайша құбылтуда т.т.) бір уақытта пайда болып, ешбір өзгермей, қатып қалатын категория емес. Тіпті, әрбірден соң, сол қолданыс дәл сол кезеңде дұрыс деп көпшілік қабылдаған норма болғанмен, тіл тіршілігінде (тәжірибеде) өзгеріп, «үлгілілік» сипатынан айырылып отыруы мүмкін немесе «норма осы» деп көрсетілгеніне қарамастан, оған бағынбаған кейбір элементтер күнделікті қолданыста көпшілік тарапынан баспасөзде, радио мен теледидарда, ғылыми әдебиет пен шаршы топ алдындағы шешендік сөздерде қолдау тауып кеңінен жұмсала бастайды да жанаша нормаға айналады» [3, 189 б.].

Енді аударуға еш «тісіміз батпай қойған» сөздерге келсек. Проблема сөзін *туындыжай, мәселе, келелі мәселе* (қайтадан *проблема*) деп аударып көрдік. *Мәселе* дейік десек, *вопрос* сөзін де кейде *мәселе* деп аудару бар.

Қазақта бұрыннан «шешімі қиын іс» мағынасын беретін *түйткіл*, *гәп*, *дүдәмал*, *кілтүпан*, *күрмеуі қиын* т.б. сөз, тіркестер бар. Тіпті бұлардан құралған *түйткілді іс*, *түйткілді мәселе*, *мұнда қандай гәп бар*, *дүдәмал шешім*, *мұнда бір кілтүпан бар*, *кілтүпаны бар іс*, *күрмеуі қиын мәселе* т.б. тіркестер күнделікті қолданылып жүреді. Сонда осылардың ішінен *проблема* сөзінің оң жамбасына келетіні – *түйткіл* сөзі. Олай болса *проблема* – *түйткіл*, *проблемный вопрос* – *түйткілді мәселе* болып шыға келеді. Осылай деп жылдар бойы жиі болмаса да қолданып келеміз, бірақ көп мән бере бермейміз, сөйтіп сөзіміз қалтарыста қалып қалғандай болады, бар сөзді ескермей жата кеп сөз іздейміз. Әрине, бұлар бұрыннан бар, яғни қалтарыста қалып, өз сағатын күтіп жүрген сөздер.

*Қызмет* сөзі мен *қызмет көрсету* тіркесінің қандай кірме сөздердің аудармасы екенін өзіміз де білмей қаламыз. *Қызмет* сөзін біресе *служба*, біресе *деятельность*, *услуга*, кейде *функция*, *должность*, *работа* сөздеріне де тели саламыз. *Қызмет көрсету* тіркесін бірде *обслуживание*, бірде *сервис*, *услуги* сөздерінің аудармасы ретінде береміз. *Кеңес беру* тіркесін бірде *посоветовать*, бірде *рекомендовать*, кейде *консультирование* сөздерінің нұсқасы ретінде бере саламыз. Болашақта жарыспалылықтан арылып, «Бір кірме сөзге – бір төл сөзнұсқа ұсыну» ұстанымын жолға қойсақ болар еді. Сонда тіліміз әрі байи түседі әрі жарыспалылықтан арыламыз.

Маған тіліміз әлі де жетім баланың күйін кешіп, босағадан сығалап тұрғандай көрінеді де тұрады. Оған дәлел – қазақ тілінде тілді бұрап сөйлей салу, көшедегі жартыкеш жарнамалар, немкеттілікпен көшелердегі жарнама тақтайшаларына, ғимарат маңдайшаларына іліне салынған шалағай аудармалар, қазақша бағдарламалардың түн жарымда берілуі және т.б. Тілді сыйламауды – сол тілде сөйлейтін халықты да сыйламау деп ұғынуымыз керек.

Біраздан бері қалалық жолаушыларды муниципалды автопарктердің арнайы тапсырыспен жасалған көліктері тасымалдай бастады. Онда билет беру тәртібі «валидатор» атты электрондық аппарат арқылы жүзеге асады. Қолыңызға алған сол билетке қарасаңыз «*Қалалық жол қатынасында жолаушылардың жол жүруіне арналған билет*» деген ұзақ сонар тіркесті оқисыз. Мұны қысқа да нұсқа «*жол билеті*, *тексеру билеті* немесе *жолаушының жол билеті*, *жол жүру билеті*, *жол билеті*, *жолаушы билеті*» деген сөздердің бірімен жазған дұрыс болар еді. Тіпті қазақ

тілін үйренем деушіге осының өзі де қарапайым бір үлгі болып есептелері сөзсіз. Ал әлгіндей шұбалаңқы тіркеспен жазылған түсініктемені басқа ұлт емес өз қазағымыздың да оқуға зауқы соқпасы кәміл. Аталған автобустың ішіндегі артқы жақ бүйіріне үнілсеңіз, *запасной выход* сөзін қазақша баттитып тұрып *запастағы шығу есігінде* деп аударғандарына куә боласыз. Не түсіндіңіз? Өз басым ештеңе түсіне алмадым. Бұл тіркесті *қосымша шығу есігі* немесе *қосалқы шығу есігі, қосалқы шығу, қосалқы есік* деп аудару қажет болатын. Бұл бір қараған адамға бадырайып көрінетін қателер. Ал енді кез келген көлік ішіне қыстырылған әкім жарлықтарында, ережелерде, көлік бағдарының сұлбасында, көше аттарында, түрлі нұсқаулықтарда қате дегеніңіз өріп жүреді. Тіпті аялдамаларды қазақша жариялағанда қателіктерге, немқұрайлылыққа жол беріледі. Бір мысал келтірейін.

Көшеде ілулі тұрған баннерде «Алматы менің сүйікті қалам» деп жазылыпты. Осындағы *Алматы* сөзінен кейін сызықша қою керектігі ешкімнің қаперіне келмеген тәрізді. Тағы бір мысал: «научный стиль моды» сөз тіркесі қазақша *сәндік ғылыми стиль* деп аударылыпты. Бұл жерде анықталатын сөз *стиль* сөзі де, қалған екі сөз анықтайтын (анықтауыш) сөз. Бұл тіркес *сәннің ғылыми стилі* болып аударылып берілгені жөн болар еді. Тағы бір жарнамада «Өнерлердің галереясы» деп жазылған екен. Өнердің сан түрі бары рас, алайда кейбір сөздерге көптік жалғауларын жалғамасақ та одан көптіктің белгісі білініп тұрады. Аталған тіркесті *өнер галереясы* десек те оның ішіндегі сан түрлі өнерді ажырата аларымыз хақ.

Көшелердегі, ғимарат маңдайшаларына ілінген жарнамалардағы аудармалардың сапасы да сын көтермейді. Орыс тілінен тікелей (калька) жолымен аудару қағидасы үнемі тиімді бола бермейтіні сөзсіз. Мұндай аудармалардың мазмұны кейде күлкілі жағдайларға да соқтырып жатады. Орыс, ағылшын тілінде дұрыс жазылған жарнама мәтіндерін «қазақ тілінде де жаздық» деген уәж болады да, кейбір қазақша мәтіндерді түсіну тіпті қиынға соғады әрі оларда дыбыстық қателер өріп жүреді.

Белгілі бір қажеттілікпен мемлекеттік органдардың (әкімдік, салық, кеден комитеті, сот, банк т.б.) табалдырығын аттасаңыз, сізге толтыруға мекеменің бланкін ұсынады. Үңіліп қарасаңыз, бланк мәтінінің қазақша бөлігін толтыруға ұяласыз, көре тұра қынжыласыз, өйткені онда мағыналық, дыбыстық қателер өріп жүреді. Бұл да бір мемлекеттік тілге деген

немқұрайлылықты, ұқыпсыздықты білдіріп тұрады. Сонда бізге «Сол мекемеде отырған қазақ тіліне жауап беретін қызметкерлер не бітіріп отыр?» деген ой келеді. Белгілі бір құжатты өндіріске жібермес үшін оны бірнеше рет сүзгіден өткізіп алу әрбір қызметкердің қызметтік әрі азаматтық міндеті екені белгілі.

Бүгінде жаңа терминдер мен атаулар жасау ісі біртіндеп реттеліп, терминдер жайында салмақты ой, салиқалы пікірлер айтатын, көңілге қонымды, құлаққа естірге жағымды терминдер ұсынатын тіл жанашырлары көптеп саналады. Мысалы, белгілі терминші-ғалым Байынқол Қалиевтің *анатомия, косметика, маятник, пленка, рецепт, факт, функция* деп аталып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп, ал *артист, театр, спектакль, концерт, магистр, медаль, рельс, цемент* деп орысша қолданылып жүрген сөздерді қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшелігі бойынша *әртіс, тыйатыр, іспектәкіл, кәнсерт, мәгістір, медәл, реліс, семент* деп қазақша қолдануға әбден болады деген пікірін қолдауға болады. Терминжасау ісімен шұғылданып жүрген К.Юсуптың ұсынған *идентификация – тақылеттестік, мотив – мәтіп, толерантность – тағаттылық, амбиция – мардат, логика – пайым, акт – кесім, норматив – низам, нормативные-правовые акты – низамдық-хұқылық кесімдер, функция – уәзипа, ведомство – идара, флора – нәбетат, фауна – мақұлықат, контракт – бекім, тоқтам, элита – санат, патрульдік полиция – шолғыншы полиция, лоббизм – денеу, лоббирование – денеушілік, вызов – талқы* сынды ұсынған сөздер мен сөз тіркестері көңілге қонады.

«Терминдер де сөздер, тілдік нәрсе оларға жат емес» деген Н.З.Котелованың пікіріне сүйенсек, сөзжасамда қолданылатын тәсілдер терминжасамда да қолданылады. Енді осы кейінгі жылдары терминжасамда қолданылып жүрген негізгі тәсілдерге тоқталып өтелік.

1. Бұрынғы көнерген сөздерге жаңа мағына беру, яғни сөздерді терминдендіру (лексика-семантикалық тәсіл) арқылы жасалған терминдер. Мысалы: *құжат, құн, жасақ, берен, гүрзі, балтанайза, сауыт, айдауыл, жасауыл, кежеуіл, оқшантай, қамау, торуыл, кіреуке, оқжатар, желкөз* т.б.

2. Морфологиялық (синтетикалық), яғни сөздерге жұрнақ жалғау тәсілі арқылы жасалған термин сөздер. Ондай сөздердің көпшілігі соңғы кезде мынадай жұрнақтар арқылы жасалған:

-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе (айқындама, балама, құжаттама, деректеме, бағдарлама, сараптама, көшірме, серіппе, сілтеме, тойтарма, хабарлама, тұғырнама, үдеме, хаттама, жазба, тізімдеме, даурықпа, дайындама, бедерлеме, рұқсатнама, бұрыштама, деректеме, жсалғама, жолдама, ұңғыма, ұстама);

-ым,-ім,-м (жиналым, теңгерім, терім, жөнелтім, шегерім, болжам, шағым, белгіленім, сұраным, айналым, айырым);

-ша,-ше (жақша, сызықша, кітапша, қабатша, тақырыпша, дүкенше, науаша);

-ды,-ді (жасанды, қазынды, сығынды, құранды);

-дық,-дік (бірлестік, кедейлік, қатыгездік, рақымишылық, сәйкессіздік, құнерездік, бопсалаушылық, дерексіздік);

-қой, ғой (даурыққой, сәнқой, әуесқой, кәсіпқой);

-қыш,-кіш,-ғыш,-гіш (ажыратқыш, дірілдеткіш, еліктіргіш, қоректендіргіш, өткізгіш, талдағыш, азайғыш, азайтқыш);

-шы,-ші: (алымшы, баспашы, баяндамашы, беттеуші, дайындаушы, жсалдамшы, қорықшы, мұрағатшы, орманышы, өктемші, сақшы, сайлаушы, салымшы, төреші, хабаршы);

-қы, -кі, -ғы, -гі (ажыратқы, шашыратқы, себезгі, жамылғы, тамызғы, жанарғы);

-ман,-мен (көрермен, оқырман, оралман, тыңдарман);

-у (ажырату, жаңғырту, құлдырау, үйлестіру, ажырату, тұспалдау, талдау, сұрыптау, бейімделу);

-нама (ғұмырнама, тарихнама, рұқсатнама);

-хана (дәмхана, перзентхана, қабылхана, дәріхана, расытхана, зертхана, мәйтхана, наубайхана, гибадатхана, дәрісхана).

3. Аналитикалық (синтаксистік), яғни сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы терминжасау.

а) Біріктіру арқылы: автобекет, автоқалам, агрожәрдем, бағдаршам, балабақша, қаламақы, құқықтану, дыбыстаңба, мекенжай, жарқабақ, жарқагаз, жертөле, күнтізбе, оқжа тар, демеуқаржы, есепиот, зейнетақы, қолдаухат, пікірсайыс, сусабын т.б.

ә) Сөздерді қосарлау арқылы: айла-шарғы, алым-салым, сын-пікір, хат-хабар, ғылыми-фантастикалық, дәрі-дәрмек, жеке-дара, жол-жора, қуғын-сүргін, оқ-дәрі, өлім-жітім, ұйымдық-жарлық, хабарландыру-акт, іс-әрекет т.б.



б) Сөздерді тіркестіру арқылы: *азаматтық тұлға, азаматтық хал актілері, айыру қабілеті, ақпарат хабар, атаулы көмек, әкімшілік жауапкершілік, базистік баға, бас тақырып, бастапқы күй, біржолғы жәрдем, еншілес кәсіпорын, жалдама еңбек, жасанды тіл, жылжымайтын мүлік, зайырлы қоғам, қосалқы бөлшек, құжат айналымы, құрылымдық бөлімше, негіздік бірлік, сақталу заңы, үстеме жұмыс, үлгі жоба т.б.*

Мемлекеттік тілге немқұрайды қарау – өз елін, жерін, ұлтын, түптеп келгенде өзін-өзі сыйламайтын пенденің тірлігі. Тілге құрмет көрсету қарапайым-ақ тәсілден, атап айтқанда дұрыс сөйлеуден, қатесіз жазудан, балабақшадағы баладан бастап ана тілінде сөйлеуге машықтануға баулудан басталады. Әр мекемеде отырған тілге жауапты қызметкер қазақ тілін қызғыштай қоруға дағдылануы қажет. «Тілге құрмет – елге құрмет» демекші, тілді өркендете отырып, жұрт болып жұмылып, әлемдік өркеніет көшінен қалмауға тырысу керек.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», яғни қысқа да нұсқа, айтуға оңай әрі құлаққа жағымды естілетін әуезді, ұғым мәнін дәл ашатын терминдер жасау да – тілдің көсегесін көгертудің ең тиімді жолы. Әр сөзді тілге енгізбес бұрын електен өткізіп, халық талқысына салып, жұрт жатсынбай қабылдаған сөзге ғана басымдық берген дұрыс. Бір сөздің бірнеше жарыспалы нұсқасының тек терминком заңды түрде бекіткенін ғана қолданысқа жіберген абзал. Өзім білгендікке салынып, тілге оғаш сөздерді тықпалайтын жалған терминшілерден абай болғанымыз жөн. Тіл тазалығы – діл тазалығы, ұлт тазалығы. Тіл үшін күрес – өз ұлтын, елін, жерін сүйетін, қазақша ойлап, қазақи түс көретін әрбір азаматтың пенделік те азаматтық борышы.

## ӘДЕБИЕТ

- 1 Құрманбайұлы Ш. Терминтану (Оқу құралы). – Астана, 2007. – 160 б.
- 2 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: «Рауан», 1997. – 240 б.
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: «Санат, 1997. – 224 б.

Ерлан ҚАСЕНОВ

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТӨЛ ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНДА

Адам ойының үздіксіз дамуы күнделікті өмірде жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етіп, жалпы тіл білімінің терминдік жүйесін толықтыру үстінде. Тілімізде жаңа терминдердің жасалуы, жаңа терминологиялардың пайда болуы объективті құбылыс болып табылады. Ғылым мен техниканың дамуы, жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуы белгілі бір ғылым саласында жаңа атаулардың туындауын қажет етеді. Қазақ қоғамындағы рухани және мәдени өзгерістер қазақ тіл білімінің түрлі салаларына қажетті терминдердің келуіне ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда терминдерді қоғамдық және ғылыми-техникалық, мәдени өзгерістердің өнімі деуге болады. Ал олардың жасалуына мәдениет, ғылым, техника салаларында қарымды еңбек еткен тұлғалар себепкер болды. Қазақ тіл біліміне байланысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуы тілдің дамуымен және Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Қошкеш Кемеңгерұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды жекелеген ғалымдардың еңбектерімен де тығыз байланысты. Әсіресе ұлттық терминологияның қалыптасуында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің орны өлшеусіз. Ғалымның «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар», т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларды кездестіруге болады. Сондықтан ұлт терминологиясының қалыптасуы мен дамуында ғалымның бұл еңбектерінің маңызы орасан зор. «А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен білім-ғылым саласында істеген қызметі теңдесі жоқ феномендік құбылыс болды дей аламыз. ...А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – білім-ғылым саласының «бұйымдары» [1, 254 б.]. Расында да, халық тілінің ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік, т.б. терминдерін тұңғыш рет дүниеге келтіріп, тілдік бірліктерін жасау – қиын іс. Әлбетте, белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесін тілде таңбалау белгілі бір сала терминологиясын қалыптастыруда айрық-

ша маңызға ие болып келеді. Ал нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен тығыз байланысты. Демек, Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарынан орын алған терминдер терминология саласының бастауы болғандығын дәлелдейді. Бұған ғалым Рәбиға Сыздықтың «Қазақтың білім-ғылымының ұлт тілінде көрінуі мектеп оқулықтарынан басталады» деген пікірі дәлел [1, 254 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы білім-ғылымның кез келген саласы жалпы оқырманға, оқушыға түсінікті болуы үшін бейтаныс ұғым атауларын қазақша ұсынуға күш жұмсады. Осы бағытта ғалым жан-жақты ізденді, барынша еңбектенді. Термин, атау жасау мәселесіне үлкен ыждағаттылықпен қараған ғалым өз еңбектерінде терминдердің қазақша баламаларын берген. Мысалы, «Тіл – құрал» оқулығының фонетика, морфология, синтаксис тарауларын «*Дыбыс жүйесі*», «*Сөз жүйесі*» деп атауды жөн санады. Осылай атады да. Сондай-ақ ғалым бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасауда олардың оңтайлы тәсілдері мен тиімді жолдарын анықтау керектігін сезіне келе терминжасамның негізгі жолы «Ұлт тілінің өз мүмкіндіктерін пайдалану» деп таниды. «Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларының терминдерін жасауда «ұғым»-ды атау керектігін білген, өйткені, жоғарыда айттық, ғылыми танымдар негізінен абстракт (дерексіз) ұғымдар болып келеді, сондықтан термин болатын сөз алдымен сол «ұғымды» дұрыс айтатын (танытатын) болуы шарт. Ахаң бұл қағидатты қатаң ұстаған. Тіл табиғатын танытуға қажет белгілі бір терминге басқа сөз емес, нақ осы сөзді ұсынып отырғанын көбінесе түсіндіріп кетеді. Мысалы, *үстеу* «үстеулер сөздің мағынасын үстейді», *одағай*, «оңаша одағай айтылады», *сын есім* «заттың сынын көрсетеді», етістік «заттардың өткен-өтпеген істерін көрсететін сөздер» деп термин болып тұрған сөз мағыналарының белгілі «ұғымды» беруге жақындайтынын қоса көрсетіп отырады, әсіресе етістік категорияларының ұғымдарын терминдеуде «сөз» бен «ұғым» арақатынасын жақсы пайдаланған» дейді академик Рәбиға Сыздық [1, 255 б.]. Мұнда тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің «сөз» бен «ұғым» арасындағы қатынасы тығыз байланыстағы мүлде жаңа терминдер екендігін баса айтып өтеді.

Ахмет Байтұрсынұлының фонетикалық, грамматикалық ұғымдарды орыс тіліндегі атауларынан калька жолымен аударып алғандығы да бай-

қалады. Сонымен қатар ғалым жасаған тіл білімі терминдерінің көпшілігі араб, парсы тілдеріне негізделгені де аңғарылады. Мәселен, бүгінгі таңда қолданылып жүрген *кәте, әріп, әліппе, есеп т.б.* сөздер араб тілі негізінде жасалған терминдер деуге болады. Бұл ойымызды зерттеуші К.Қарабаева өзінің «Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде)» атты зерттеуінде: «А.Байтұрсынұлының алғашқыда кейбір тілдік ұғымдар үшін термин ретінде парсы, араб сөздерін қолданғаны белгілі. Бір кездері Еуропада ғылым латын тілі негізінде жасалса, Шығыс ренессансы дәуірінде ғылым тілі араб тілінде жасалғаны, араб тілінің бірнеше ғасыр бойы адамзат ғылымы дамуында прогрессивтік рөл атқарғаны – бүгінде тарихи шындық» деген пікірі қуаттайды[2, 63 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» деген тұжырым жасайды [3]. Ғалымның бұл ойының астарында ұлттық ғылым негіздерін қалыптастыру жатқандығы белгілі. Осы ретте ғалым қазақ тілінің бұдан былайғы жерде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті *сөз, сөйлеу, сөйлем, буын, танба, әріп, тұлға, жалғау, жұрнақ, қосымша, тасымал* тәрізді толып жатқан атауларды тауып, орын-орнына қойып қалыптастырды.

Термин жасау ұстанымында ана тілдің ішкі мүмкіндігін жақсы пайдаланды. Мәселен, сөздерді *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар* деп немесе *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай* деп атаулары бүгінде тілімізге сіңіп, қалыптасып кетті.

Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында «Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі термин қалыптастырудағы ең негізгі талап-

тар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми «көкжиегін», білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолингвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А. Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз» деген пікір айтады [4, 16 б.]. Әлбетте, тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А. Байтұрсынұлы бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған. Мысалы, ғалымның морфология, лексика, синтаксис салаларына қатысты ұсынған сөз тұлғасы, сөз мағынасы, ұғым, сөз жүйесі, түбір сөз, туынды сөз, қосымша, қосалқы, жалғау, жалғаулық, септік жалғау, атау септігі, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, жұрнақ, сөз табы, атауыш сөздер, зат есім, деректі зат есім, дерексіз зат есім, жалқы есім, жалпы есім, сын есім, жай шырай, сан есім, реттік сан есім, есептік сан есім, есімдік, жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, етістік, көмекші етістік, туынды етістік, болымды етістік, болымсыз етістік, үстеу, мекендік үстеу, шылау, одағай, емле, демелу, сөйлем, сөйлем жүйесі, сөйлем түрлері, сөйлем мүшесі, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, т.б. терминдерін ұғымды дәл берген терминдер деп толық айта аламыз.

Ғалым дерексіз ұғымдарға атау ұсынуда тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама компоненттің әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне де баса назар аударған. Мысалы, ғалым ұсынған тысқарғы жалғау, ішкергі жалғау, жалқы есім, жалпы есім, т.б. терминдердің алдыңғы сипаттама бөліктері тұлға жағынан біркелкі, яғни бір жұрнақпен жасалған

немесе ұйқас сөздер болып келеді. Күні бүгінге дейін ешбір өзгеріссіз пайдаланылып келе жатқан Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған бұл терминдер, *біріншіден*, термин жүйесін қалыптастыруда жаңа терминологиялық бірлік бола алғандығымен; *екіншіден*, ғылымның тіл білімі саласындағы қажеттілігін толық өтей алғандығымен құнды.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл мен жазуға қатысты терминдерінің келесі тобы тыныс белгілерінің атаулары болып табылады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ жазуы турасындағы мақалаларында қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: *дыбыс, әріп, емле, белгі, ноқат (нүкте), үтір, дәйекші* деген сөздер. Ғалым пунктуацияның жазу мәдениетінде мәні зор екендігін анықтай отырып тыныс белгілері дегенді *тыныстар*, нүктені *тыныс*, үтірді *жарты тыныс*, сұрау белгісін *сұраған* деп жауаптың аяғына қойылатынын түсіндірген. Пунктуацияның бүгінде қолданылып жүрген атауларын (*дефис деген бірер бөгде тілдік терминнен басқаларын*) түгелге жуық Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеп ұсынды. Терминолог-ғалым Шерубай Құрманбайұлы Ахмет Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын мынадай пікір айтады: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді» [5, 437 б.]. Мәселен ғалымның *жалқылау (айырыңқы), жалпылау әдістері, дыбыспен жаттығу, әдісқой (методист), сауаттау әдісі, таңбаша жазу, әріпше жазу, дыбысты әдіс, тұтас сөз әдісі* т.б. әдістеме терминдері болып табылады. А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліппе астары», «Ана тілінің әдісі», «Қай әдіс жақсы?» деген еңбектеріндегі әдістемеге қатысты жоғарыда аталған терминдерінің бүгінгі таңда ұшыраспайтындығы ол терминдердің сәтсіздігінен емес, оқыту әдістері түрлерінің өзгергендігін танытса керек. Сондай-ақ ғалым А.Байтұрсынұлы әдебиеттану терминдерін ұсынуда ана тілінің мүмкіндігіне сенім артқан, мүмкіндігінше халықаралық терминдердің қазақша баламасын ұсынуды жөн санаған. Мысалы, *мәндес сөздер (синоним), айқындау (эпитет)*, т.б. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде ғалым «Қазақ әдебиеті

катып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатаң қарап, қашып тұрмаймыз, жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз – жатшылық (*жат сөзділік*)» деген құнды пікір айтады. Демек, ғалым А.Байтұрсынұлы ғылымның барлық саласындағы ұғымдарды білдіруде ана тілінің сөз қазынасын негіз, ұйтқы ретінде алған. Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұсынған әр саладағы терминдер күні бүгінге дейін қолданыстан түспей, өміршеңдігімен танылып отыр. Әлбетте бұл терминдер тіл дамуының ішкі заңдылықтарына сәйкес жасалғандықтан тіл білімінің қажеттілігін өтей алды. Оны бүгінгі күнге дейінгі қолданысы-ақ дәлелдеп отыр. Демек, ғалым А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің көпшілігі – қажетті және тілдік тұрғыдан аса дәлдікпен жасалған терминдер.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминдерінің жасалу жолдарын айқындап берген, қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуында зор еңбек етіп, ғылыми ұстанымдарын қалыптастырған ғалым. Ол – термин жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалануды негізгі шарт ретінде ұстанып, әр салаға қатысты ұғымдардың мағынасын толық беретін сөздерді ана тілінің сөздік қорынан алу керектігін үлгі ете білген дара тұлға.

## ӘДЕБИЕТ

1 Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «Кие» 2009.

2 Қарабаева Қ. Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дисс. – Алматы, 2010.

3 Қазақ әдебиеті. 1998, 8-мамыр.

4 Манкеева Ж. «А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Арыс», 2004. 15-18 бб.

5 Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1999, – 568 б.

Гүлфайруз ИСА,  
«KAZGOR» жобалау академиясының  
бас аудармашы-редакторы

## СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ АТАУЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы кезенді идеологиялық тасқын кезеңі деп бейнелеуге болады. Жаңа терминдерді жасауда бұрыннан бар тәсілдер де, жаңа тәсілдер де назардан тыс қалған жоқ. Орыс тіл білімінің ғалымдары да бұл құбылысқа өз пікірлерін білдірді: «на переломе двух веков воплотилась языковая динамика, отражающая движение в сторону актуализации и переориентации семантики одних слов и спад активности употребления других, появление новообразований и устаревание значительных пластов лексики» [1, 202 б.] Осындай бір-бірімен жарыса жүріп жатқан үдерісте өнімді тәсілдердің бірі сөзжасамның лексикалық-семантикалық тәсілі де кейбір ұмыт болып бара жатқан көне сөздерді тарих қойнауынан алып шықты.

Ғалымдардың еңбектерінде түрліше аталатын терминжасамның бұл тәсілі соңғы жылдары қарқынды қолданыс тауып жүр. Белгілі терминтанушы Ш. Құрманбайұлы «терминдену» деп атаған бұл тәсіл жалпыхалықтық сипаттағы сөздің терминдік мәнге ие болуын қамтамасыз етеді. Орыс терминологиясының негізін қалаушылардың бірі, ғалым Д.С. Лотенің сөзімен айтсақ: «В качестве нового научно-технического термина часто используется существующее уже обычное слово с сохранением его звукового состава. Например, такие слова как «твердость», «хрупкость», «усталость», «прочность», «выносливость», входили в словарь общелитературного языка задолго до их использования в терминологии» [2, 38 б.].

Бұл үдерістің өзі бірнеше жолдармен жүзеге асады. Сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына қарай жалпылама қолданылып жүрген сөздер терминденеді. Қазіргі күні техника саласындағы, соның ішінде сәулет және құрылыс терминологиясындағы қазақ терминдерінің терминдену әдісі терминжасамда өнімді



тәсілдердің бірі болып табылады. Мұнда жалпы пайдаланылатын сөздер қандай да бір ғылыми ұғымды білдіру үшін қолданылып, термин қатарына ауысады.

Қазақ халқының сөз талғамының биіктігін түрлі шаруашылық саласында атаулардан көруге болады. Тілге жеңіл, ұғынуға оңай сөздердің мағына дәлдігі қазіргі терминге қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Лебіз ашық, мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керек. Адам анық танитын нәрсесін анық айтады да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт айтады» дейді Ахмет Байтұрсынов [3]. Бүгінгі терминдегі күңгірттіктің түп негізі – шет тілдерден енген ұғымдардың ішкі мазмұнына бойламаудан. Бұл қазақтың белгілі тілтанушы ғалымы М. Балақаевтың [4] «Үй салушы құрылыс материалдарын таңдап алмай, болашақ сарайдың пішінін біліп алмай, қалайша іске кіріседі? Сөзді білу әрі көп білу – сан жағынан, сөзге талғаммен қарау, таразылау, сұрыптау – сапа жағынан, осының бәрі өнер иесінің тіршілігі, қамы» деген сөздері термин жасаудағы сөз талғамына деген жоғары талапты білдіреді. Бұндай талаптың үдесінен шығатын терминдер – халықтың байырғы атаулары.

Сөздік қорымыздағы байырғы атаулардың ішінде біздің тілімізге әбден сіңіп, тілдік ерекшеліктерімен ана тілімізге бейімделіп кеткен түркілік негіздегі сөздер, кірме сөздер де қарастырылады. Қазақ сәулет өнерінде қолданылатын сөздердің дені көне түркі тілінен келе жатқан және араб, парсы тілдерінен енген сөздер. «Қазақ жерінде сәулет, құрылыс өнері болмаған» деген кереғар пікірге қарсы тілімізде бұрыннан қалыптасқан бай шаруашылық лексикасының бар екендігін терминолог ғалым Р.Г. Ахметьяновтың сөзін келтіруге болады: «Термины материальной культуры при совместной хозяйственной жизни быстро переходят из одного языка в другой. В ходе расселения по обширным пространствам Евразии тюрки вошли в контакты со множеством различных племен. Поэтому у них образовалось много локальных вариантов сельскохозяйственной, жилищной, ткацкой и т.д. терминологии. Но при этом все тюркские народы сохранили основной костяк словаря, относящегося к различным областям хозяйственной деятельности» [5, 170 б.]. Бұл пікірді тарихшы, ғалым Мұрад Аджи де қолдайды: «За-

бегая далеко вперед, нужно заметить, что в современной геологии и в горном деле сохранилось немало понятий и терминов, которые пришли в мировую науку от ...тюркского корня: кайло, бутора, кирка и другие» [6, 169 б.].

Байырғы сөз ұғымына «белгілі бір тілдің өзіне тән, лексикалық құрамының неғұрлым ескі қабатына жататын етене төл сөздер» деген анықтама беріледі. Қазақ тіліндегі байырғы сөздер – халықтың болмысы мен тіршілік ету көзіне, түрлі шаруашылықтары мен мәдени тұрмысына қатысты, дүниетанымы мен наным-сенімдерін сипаттайтын сөздер. «...халықтың байырғы ...сөздері өте мол. Сонымен қатар байырғы сөздерден қосымша арқылы жасалған ...сөздер немесе сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалғандардың ...есебі жоқ. Осылардың барлығына негізгі қор, тірек болатын – халықтың байырғы сөздері. Сондықтан байырғы сөздерді сөздік қор деп атайды» [7, 23 б.].

Бұл сөздік қор өте бай, оны техникалық салаға да икемдеуге болады, бұл қор қазақ халқының сәулет және құрылыс өнерінің атауларымен де толығады. Осы мақалада қарастырылатын атаулардың өз кезінде жалпы қолданыстағы сөздердің атаулық, яғни терминдік сипат алуынан пайда болған. Семантикалық неологизмдер деп аталатын осындай жаңа сөздер мен сөз тіркестері семантикалық деривация жолымен жасалады:

- метафоралану (сыртқы ұқсастықтарына қарай мағынаның ауысуы);
- метонимдену (бүтінді бөлшекпен ауыстыру);
- сөз мағыналарының тарылуы немесе кеңеюі.

*Метафоралану* жолымен жалпы қолданыстағы сөздерді терминдеудің мысалын нидерланды механигі, физик, математик, астроном Х. Гюйгенс физика ғылымында «толқын» терминінің қалай енгізгені туралы айтқан сөзінен көруге болады: «Поскольку ...свет употребляет для своего прохождения некоторое время – ...движение, сообщенное веществу, постепенно и, следовательно, распространяется также, как и при звуке, сферическими поверхностями и волнами: я называю эти поверхности волнами по сходству с волнами, которые можно наблюдать на воде, в которую брошен камень, и которые изображают собой указанное постепенное распространение кругами, хотя оно и происходит от другой причины и в плоской поверхности» [2, 43 б.].

Бұндай сөздердің мысалын қазақтың халықтық атауларынан да келтіруге болады. Шаруа адамдары ерте көктемде жерді тұқым себу үшін


өңдеуге дайын-дайын еместігін тексеретін мынадай бір тәсілі бар: қолы жетерлік тереңдіктен топырақ алып, оны уысында сығымдап, сосын лақтырады. Егер топырақ түскен жерінде шашылса, онда жерді өңдей беруге болады. Ал шашылмай жұмарланған күйі қалса, онда жер тоңы әлі жібімеген болып есептеледі. Осы жұмарланған топырақты *жұмбаз* деп атайды. Сол сияқты *қарды жұмбаздау*, *жұмбаз қар* деп те айтады. *Жентектеу*, *соқталау*, *сығымдау*, *жұмарлау* деген синонимдік мағыналары бар, яғни ілінісуге, жентектелуге бейімі бар қандай да бір зат жұмбаздалады. Осы жұмбаз ұғымы құрылыс ісіне көшкенде ол әдісті былай суреттеуге болады: «...жерді шаршылап қазып, ...үстіне су құйып, қидаланған малдың қиымен, қой жүнімен, сабанмен иін қандыра араластырып балшық илейтін де, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін қатар-қатар етіп жұмбаз ұратындықтан, құрылыстың қабырғасы көтеріле беретін» [8, 19 б.]. Іргетас құйғандағыдай қалыпты пайдаланып та осы жұмбаздау әдісімен қабырға көтереді: «Шойтық саз балшықтан жұмбаздап үйіп-үйіп биіктетіпті де, үстіне жыңғыл қамыстан күрке жасапты» (Н.Серәлиев). Бұл сөз жергілікті жерлерде үй құрылысында әлі де қолданылады. Қабырғаны тұтастай құю мағынасы қазіргі құрылыс ісінде қолданылатын монолит құрылыс ұғымын береді деп айта аламыз. «Монолит» (ежелгі грек тілінен *μονόλιθος*) атауының өзі геологиялық термин, үлкен тұтас тас дегенді білдіреді. Құрылыс терминологиясына ұқсату әдісімен кейін көшкен. Тұтас құйылған қабырға, ұстын, іргетас, тағы басқа блоктар монолит болып табылады, яғни технологиясы бірдей, дегенмен қазіргі тұтас құю әдісі мен жолдары жетілдірілген. Бұл жұмыс мынадай негізгі технологиялық сатылардан тұрады: арматурадан қаңқа тұрғызып, қалып орнатқаннан кейін оған бетон құяды. Бетон қатқасын қалыпты шешіп алғанда тұтас блок алынады. Қой жүні, сабан арматураның қызметін атқарады, алайда сапасы, беріктігі жағынан, әрине, монолит блоктан қарабайыр. Бұл жұмбазды «монолит» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде жұмсала алмауының негізгі себебі де осы – қолданылатын материалдары мен технологиялық жағынан жетілдірілгендігі.

Қазақтың сәулет тарихында «қоржын үй» деп аталған үйдің түрі болған. Ауыз үйден кейін оң және сол жақтан орналасқан екі бөлмеден тұратын бұл үйдің атауы ұлттық-мәдени концепт болып табылады. Ю.С. Степанованың «концепт – это как бы ступок культуры в созна-

нии человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. И, с другой стороны, концепт - это то, посредством чего человек - рядовой, обычный человек, не «творец культурных ценностей» - сам входит в культуру, а в некоторых случаях влияет на нее» [9, 40 б.] деген анықтамасына сәйкес, концепт – ұлт мәдениетінің адам санасында көрініс табуы. Қазақтың ұлттық мәдениетінен өз орнын алған тұрмыстық зат – қоржынға «Жолаушы жүргенде әртүрлі нәрсе салу үшін, жүннен тоқып, арнайы жасалған екі басты қап» деген анықтама беріледі. Ат қоржын, түйе қоржын және т.б. түрлері бар бұл шаруашылық заты артып салуға ыңғайлы болу үшін екі басты етіп жасалған, оны көлік малға артатын немесе адам иығына асып алатын болған. Аталмыш баспананың жайғасымының көрінісі қоржынға ұқсайды: екі бөлме дәлізбен бөлінеді, яғни дәліздің екі жағына орналастырылып салынады, қоржынның екі басына ұқсатып, «қоржын үй» немесе «қоржын там» деген атау берілген.

«Тоқал үй» деп аталатын үйдің тағы бір түрі қазақ ауылдарында қазіргі кезге дейін өте сирек болса да кездесіп қалады. Тоқал – мүйізі жоқ, тұқыл дегенді білдіреді. Мысалы, тоқал ешкі, тоқал сиыр. Малдың басындағы көзге алыстан көрініп тұратын өскінді үйдің шатырына ұқсату ойсурет (гештальт) көрінісінде шатырсыз үйді мүйізсіз малмен теңестіруге алып келген. Бұл екі үйдің де атауы белгілі бір тұрғын ғимараттың түрін білдіреді, сондықтан бұл атауларды басқа үй атауларының орнына қолдана алмаймыз.

Бұрынғы ауқатты қазақ дәстүрінде төрт киіз үйді бір-біріне түйістіре құрып монша жасайтын болған. Сол үйлердің әрқайсысы бөлме қызметін атқарып, сол қызметтеріне қарай атау алған. Бірінші бөлме «киімшең» деп аталған, онда шешініп, «қауыз» деп аталатын екінші бөлмеде шомылған, үшінші бөлме «тас булау» деп аталған, бұл қыздырылатын үй болған. Түкпір үй – бүйрек, жуынып болғаннан кейін демалатын орынның қызметін атқарған. Соңғы тұйық бөлме «бүйрек» аталған. Бұның «бүйрек» аталуының себебін бұл үйдің бір ғана шығар есігі болатындығынан деп болжам жасауға болады. Бір үйден екіншісіне өту үшін үйлер бір-бірімен екі жағынан есігі мен арт жағынан керегенің арасы ашық қалдырылып жалғасады, ал бүйректе бір есік болады. Төмендегі суретте (Ө.Жәнібековтікі) бұл төрт үйдің орналасуы көрсетілген.




Осыған ұқсас тағы бір мысал «Жайдың тырнағы» деп аталатын архитектуралық элемент. Бұл ұғымның халықтың басым көпшілігіне танымал атауы «іргетас» – фундамент (лат. fundamentum) – несущая конструкция, часть здания, сооружения, которая воспринимает все нагрузки от вышележащих конструкций и распределяет их по основанию», яғни ғимараттың салмағынан түсетін жүктемені қабылдап, оны негіздікке тең дәрежеде тарататын құрылым. Ал тырнақтың биологиялық қызметі қозғалуға, қорғануға, шабуылдауға көмектесу, сондай-ақ аң-құс тырнағымен қатты затқа ілінісіп, тепе-теңдігін сақтайды. Үйдің өз салмағын ұстап, тұрақтылығын сақтап тұруы үшін қажет іргетасты тырнақ деп атауы халық санасында аң-құстың осындай табиғи қабілетімен ұқсастық табуынан туындаған сияқты.

Сонымен қатар когнитивтік сипатқа ие болатын сәулет терминдерінің ішінде адамның дене мүшесіне байланысты туындаған атаулар да көптеп кездеседі. Мәселен, киіз үйдің қаңқасын құрайтын ағаш жабдықтардың бәрі үйдің сүйегі деп аталады, сол сияқты ұқсату тәсілімен жасалған үй мен үй жабдықтарының халықтық атаулары өте көп: айыршеке – үй шатыры, жапсырма құлақ – күректің аяқпен басатын жері, белдің құлағы – темір күрек жерге бату үшін үстінен аяқпен басатын жері; мойын – пештің түтін жолы, трубасы, сыртқы мойын – пеш трубасының үй төбесінде шығып тұрған бөлегі, мұржа, ішкі мойын – пеш трубасының үй ішіндегі бөлігі; мойындық – үй ішінде салынған ошақ; шоттың алақаны – шот темірдің жалпақ шабатын жағы және т.б.

Ұқсату әдісі арқылы жаңа сөздер жасау – қазіргі термин түзуде дұрыс қалыптасса, таптырмайтын әдіс болары сөзсіз. Тек қазақ халқының қандай да бір затты, құбылысты түйсіну, қабылдау ерекшелігіне назар аудару керек. Мәселен, орыс тілінде «килевидная арка» деген тіркес білдіретін

арканың атауына негіз болған «киль» – кеменің төс жағынан ұзына бойына жүргізілетін қырлы балка. Ал аркада бұл теріс қаратылған, яғни кемені төңкергендегі кейпін береді. Суретте берілген бейнені қазақ төңкерілген кемеден гөрі дулығаға ұқсастырамыз анық (салыстыру үшін екі арка берілген).



Стрельчатая арка    Килевидная арка

*Метонимдену*, яғни алмастыру әдісімен жасалатын бұндай көркемдеуіш тәсіл шебер пайдалану мысалы қазақтың ауызекі тілінен, мақал-мәтелдері мен жырларынан таныс. Заттардың атауларында да бұндай әдістің қолданылуы тіліміздің байлығы мен сұлулығын аша түседі.

Жоғарыда тоқталып кеткен қоржын тамға жапсарласа салынатын – «түнек» деп аталатын бөлме. Бұл бөлме зат, азық-түлік сақтау үшін қолданылған себепті осындай атау берілген. Бұл атаудың көзге түртсе көрінбейтін қараңғылықты білдіретін «түнек» сөзінен жасалғанына бөлменің дем тартатын тесіктерден басқа жарық түсетін саңылауының болмауы дәлел бола алады. Орын-жайға байланысты *түнек* сөзі *түнеу* мағынасында диалектілік сипатта қолданылады, қойдың түнейтін жерін «түнек», «түнем» деп атайды.

Қазақтарда кесені диалектілік қолданыста *шыны* деп атайды, қырғыздардың тілінде «чыны чөчөк, чоң чыны» тіркестерінде кездеседі. «Шыны» сөзі *cini* шағатай, түркі тілдерінде «фарфор» деген ұғымды білдіреді, яғни үй тұрмысында қолданылатын шынының өзі жасалған материалдың атауына ие болғанын көреміз. Сондай-ақ бұл сөз орыс тілінде де осындай мағынада жұмсалғанын мысалдармен дәлелдеуге болады. Ежелгі орыс тіліндегі *цень*, *ценина* сөздерінің түп тамыры дыбыстық өзгерістерге ұшыраған «*чини*» сөзі екендігіне дәлелдер бар. *Ценина* сөзінің аудармасы көптеген еңбектерде «фарфор, фаянс», *цень* «глазурь» деп берілген. [10, 102 б.] Сондай-ақ «...Цениной называли изделия из цвет-

ной обожженной глины, покрытые непрозрачной эмалью» [11], яғни орыс тілінде де метонимиялық мағынаға ие болған. Сонымен қатар қазақ тіліндегі «шыны» сөзінің сын есімдік қызметі орыс тілінде «ценинный» формасында жұмсалады. А.С. Грибоедовтың «Кальянчи» поэмасында мынадай жолдар бар:

Рос - едва не из пелен,  
Матерью, отцом, безвинный,  
В чужу продан, обменен  
За сосуд ценинный!

Осы кітаптың түсіндірме бөлімінде «Сосуд ценинный – сделанный из фарфора (фаянса) или покрытый эмалью» деп түсіндіріледі.

Қазақтың «керегең кеңейсін», «шаңырағың биік болсын» деген тілектері де, сол тілектер бағытталатын атаулы оқиғаны білдіретін «үйлену» сөздері де «кереге», «шаңырақ», «үй» сөздерінің метонимденуі нәтижесінде қалыптасқан.

*Сөз мағыналарының тарылуы немесе кеңеюі* сөздерге жаңа реңк, жаңа мағына үстейді. Көркемдігі жағынан озат жүретін ақын-жазушылардың тілінде бұл әдістің саны мың мысалы бар, солардың ішінен бірнешеуін ғана келтіре кетсек. «Еділ – үйдің есігі, Жайық – үйдің жапсары, Түркістан – үйдің төрі» («Орақ-Мамай» дастаны), «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ер жетіп, өсіп-өнген ордасы – Түркістан» (Қ. Кемеңгерұлы). Күнделікті қолданыста да мағыналары өзгерген жалпы лексикалық сипаттағы сөздерді жиі кездестіруге болады. Мәселен, «реконструкция» терминінің беретін мағынасы қандай да бір құрылымды жақсарту немесе керісінше қалпына келтіру, жаңғырту мақсатында сол құрылымға жасалатын өзгерістер. Бұл сөздің мағынасының кеңдігін «ғимараттың реконструкциясы», «ескерткіштің реконструкциясы», «лингвистикалық реконструкция» деген сөз тіркестерінен көруге болады. Сонымен қатар байырғы сәулет және құрылыс терминдерінің ішінде қарастырылып отырған әдіспен жасалған ұғымдар да бар. Мәселен, арам қазан (ауырып өлген малды көметін ор, шұңқыр), арам тас (кені алынған немесе кені жоқ тас) деген сөз тіркестеріндегі «арам» (араб сөзі) ұғымы мұсылман дінінде рұқсат етілмейтін, тіпті тыйым салынған әрекеттер, ішіп-жеуге болмайтын ас. Арам қазанға мал өлексесін көметіндіктен, оның арам мағынасы түсінікті, ал «арам тас» сөзіндегі

«арам» жарамсыздықты, керексіздікті білдіріп тұр. Осыған ұқсас күш-қуатының кемдігін, бостық, болбырлықты білдіретін «осал» сөзін сусымалы, ілінісуі әлсіз топырақтарға қолданылып, «осал топырақ» деген атау берген.

Бұндай тәсілді қазіргі терминжасамда қолданып, жаңа терминдер жасауға болады. Мысалы, сылақ түрлерінің ішінде көпшілікке белгілі «штукатурка под шубу» деген сылау әдісі бар. Аты айтып тұрғандай, сылақ қабырғада тонның өрнегін береді және бұл құндыз тон немесе түлкі ішік емес, қаракөл тонды елестеді. Сол себепті терминологиялық сөздіктерде берілген «тон сияқты сылақ» дегеннен гөрі мағынасын тарылтып, қаракөлдің бұйралығын негізге алып, «бұйра сылақ» десе әлдеқайда тілге қонымды болатын сияқты.

Қорыта айтқанда, терминдену әдісімен жасалатын неологизмдердің бірқатары халқымыздың сөздік қорын құрайтын, бір уақыттарда қолданыстан шығып қалып, қазір жаңа мағынаға ие болған осы сияқты байырғы сөздерден тұрады. Алайда осы саладағы халық атауларының біршамасы қолданыстан шығып қалды, оның бір себебін мемлекет қайраткері, этнограф, тарихшы Өзбекәлі Жәнібековтің мына пікірінен білуге болады: «Өкініштісі, Кеңес өкіметі жылдарында сырттан келген сәулет эклектикасының ғасырлар бойы қалыптасқан халық жасампаздығының көрінісі болып табылатын ұлттық үй құрылысын ығыстырып үлгіргені» [8, 11 б.]. Екінші себеп – бүгінгі ғылым мен техниканың дамуы жағдайында үй құрылысының әдіс-тәсілдері, материалдар мен құрал-жабдық, аспаптар бұрынғы түрінен анағұрлым жетілдірілді, сондықтан олардың атқаратын қызметтері де кеңейді, жаңарды, өзгеріске ұшырады немесе қолданыстан шығып қалды. Тілдің бар сұлулығы мен маңызын ашатын байырғы сөздерді пайдаланып, тіліміздегі термин жүйесін қазақыландыру, тілдің өзіндік заңдылықтарымен жасалған табиғи сөз бұлағын сарқа қолдану туралы сөз болғанда, бұл сөздердің біздің бүгінгі тұрмыс-тіршілігімізге дайын күйінде алу барлық жағдайда мүмкін еместігі осы екінші себептен. Алайда бұл сөздерді сол қалпында қазіргі термин тілінде пайдалану мүмкін болмаса да, қазақ тілінің жаңа сөздері мен атауларын жасауда сол байырғы халықтық терминдердің жасалу әдістеріне мән беріп, соларды үлгі тұтқан дұрыс.



## ӘДЕБИЕТ

- 1 Лексикография русского языка: учебник для высших учебных заведений Российской Федерации / Под ред. Д.М. Поцепни. СПб. Факультет филологии и искусств СПбГУ, 2009.
- 2 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. Вопросы теории методики. Изд. АН СССР. – М., 1961.
- 3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1999.
- 4 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 1989.
- 5 Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков: фонетика и лексика. – М. : Наука, 1978. – С.184-185.
- 6 Мурад Аджи. Полынь половецкого поля. – М. : «ПИК - КОНТЕКСТ», 1994.
- 7 Исаев С.М. Қазақ тілі. – А.: «Қайнар», 1993.
- 8 Жәнібек Ө. Жол айрықта. –А.: «Рауан», 1995.
- 9 Степанова Ю.С. Константы: Словарь русской культуры Текст. / Ю.С. Степанов: Изд. 3-е, испр. и доп. –М.: Академический Проект, 2004.
- 10 Хожделение купца Федора Котова в Персию. –М.: Изд. вост. литературы, 1958.
- 11 Осетров Е.И. Живая Древняя Русь. –М.: 1976/ <http://artyx.ru/books/item/f00/s00/z0000009/st009.shtml>.



**МАМАНМЕН СҰХБАТ**

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК ТҮЗУ – ӘРІ ОҢАЙ, ӘРІ ҚИЫН ІС

*Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы* – Германия доктор-инженері, п.ғ.д., профессор, Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Бүкіл дүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің Атқарушы комитетінің мүшесі, 31 томдық орысша-қазақша ғылыми салалық терминологиялық сөздіктің ғылыми жетекшісі.

– Сіздің мамандығыңыз, бағытыңыз – педагогика және зерттеу салаңыз да әлемдік білім жүйесі мен мемлекеттік білім беру жүйесі компаративистикасы, алайда осынау терминология бағыт-бағдарына басшылық қыла алдыңыз, бұл үшін Мемлекеттік сыйлықтың да иегері болдыңыз. Терминология саласына еткен еңбегіңіз жөнінде айтып беріңізші.

– Мен қарапайым қазақ мектебінде оқыдым. Ал менің мамандығым – инженер-электрик. ҚазҰТУ-ды 1973 жылы тәмамдағаннан кейін төменгі температуралы плазмамен шұғылдандым. Бұл менің алғашқы ғылыми бағытым еді, бұл елімізде жаңа бағыт болатын. Осы кезде ЖОО-да қазақ тілінде дәріс беру мәселесі көтерілді. Алматы энергетикалық институтында қызмет еткен тұста қазақ тілінде алғашқы болып энергетика саласынан дәріс оқыдым, кітап, оқулық жаздым. Осы саланы қазақ балаларына танытуға деген ынтамен алғашқы қазақ тіліндегі оқулықтарды, ғылыми мақалаларды жаза бастадым. Сол уақытта менің байқағаным: республиканың барлық оқу орындарында энергетика саласына байланысты дәрістер оқыла бастаса да, қазақ тілінде жүйеленген терминдер қалыптаспаған. Әр ұстаз терминді қалай түсінсе, солай қолдана бастады. Бұл дұрыс емес еді. Содан техника саласында ортақ жүйеге түскен терминдердің болуын өзіме мақсат етіп, сол кезден бастап терминологиямен айналыса бастадым. Ғалымдармен бірлесіп шығарған «Электр техникасы мен энергетикасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1993) терминология саласындағы алғашқы еңбегім еді, кейін «Электр техникасы мен энергетикасы терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігін» (1994) шығардық. 20 жылдан аса уақыт болған екен менің терминология саласында жүргеніме. 1991 жылы министрлікте жұмысқа араластым, мемле-

кеттік салалық терминологиялық сөздіктер топтамасын жасау жөнінде бағдарлама қабылданып, мен оның ғылыми жетекшісі болып бекітілдім. 1999-2000 жж. 31 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша ғылыми терминдер топтамасы жарық көрді.

– 31 томдық орысша-қазақша ғылыми салалық терминологиялық сөздіктің барлық томы Ресей мемлекеттік кітапханасының қорында бар екен. Бұл оның құндылығын арттыра ма?

– Бұл шынымен де үлкен жақсы жұмыс болды. Бұл жұмысты жасауға көпшілік халық, сала мамандары атсалысты. Мұндай қомақты жұмыс көптеген ғалымдардың, сала мамандарының шын ықыласпен араласуы негізінде ғана жасалатын жұмыс екені белгілі. Бұл сөздікті жасауға 400-ден аса ғалым, нақтырақ айтсақ сала мамандары қатысты. Менің есімде: академик М. Қозыбаевқа жолығып, «Манаш ағай, мына тарих саласына арнап салалық түсіндірме сөздік жазайық» дегенде, «Шынымен де тарих саласының түсіндірме сөздігін жасау жөнінде ой келмепті ғой» деді. Сөздіктерді бір жүйеге ортақтастыру жүйелі жүргізілмеген еді. Алғашқы рет бар сала бойынша ғалымдар бір ұжымға біріге отырып терминдерді топтастырды. Сапасы жағына келсек, әрине, бұл терминдерді жүйелі түрде түгендеу негізінде жасалған алғашқы сөздік болғаннан кейін барлық терминдер жақсы аударылды дей алмаймыз, алайда біз сол кезде «Заман дами келе бұл сөздіктерге қайта оралармыз» деп ойладық. Міне, сол уақыт келді және бұл сөздіктерді жетілдіруге кірістік.

– Алдыңғы таралымды 4000-5000 сөз шамасында шығарып отырсаңыз, соңғы басылымды екі есеге дейін көбейтуді жоспарлапсыздар. Одан өзге алдыңғы басылымнан қандай өзгешеліктер бар?

– 2012 жылы Мәдениет министрлігі шешімі негізінде алдыңғы (1999-2000 жж. шыққан орысша-қазақша, қазақша-орысша салалық түсіндірме сөздік. – С.Қ.) шығарылған сөздіктерді қайтадан шығару жөнінде бағдарлама жасалды, бұл бағдарламаның да ғылыми жетекшісі болып бекітілдім. Алдыңғы жылы 10 томдық сөздік шығарылды, биыл да 10 том сөздік дайындалуда. Бұл сөздіктің алдыңғы шығарылған сөздіктерден ерекшелігі: біріншіден, сол сөздіктердің мұқият зерттеліп өңделуі, екіншіден, алдыңғы сөздіктер топтамасында 4000-5000 термин сөз болса, бұл топтамада 11000-12000 терминге жеткізу міндеті тұр. Жұмыстың алғашқы 20 томы дайындалды. Терминологиялық комиссияда мақұлданды. 2014 жылдың аяғында тағы да 10 том дайындалып, барлығы 30 том сөздік жасап шығару жоспарымызда болып отыр.

– Сөздіктерді құрастыруда терминдерге «қазақы шекпен жабуға» қаншалықты мән берілді және іске асырылды. Қазақша ата-лым-терімдердің коэффициенттік өлшемін, пайыздық мөлшерін, жалпы фактіні айтып беріңізші.

– Жалпы ғылыми сөздіктерді жасаудың өзінің ұстанымдары бар. Ал сөздіктердегі терминді қазақшалауға келсек, бұл – үлкен проблема. Біріншіден, қалыптасқан халықаралық ортақ терминдер бар, бұларды толық аудару дұрыс бола қоймайды, дүниежүзілік деңгейде алып қарасақ, жаңа ғылыми ашылған жаңалықтар сол ашылған уақытта қандай атауға ие болса, дәл солай барлық дүниежүзі тілдері қабылдап жатады, бұларға жаңа қазақи атау беру өте қиын болады. Екіншіден, ең үлкен мақсат сөздіктерді жасауда қазақтың бай тілін пайдалану болды. Жалпы сөздіктерімізде кем дегенде 70%, одан да аса берілетін терминдер қазақша аудармасымен берілген. Одан кейін терминдерді аудару жағдайында мынадай үлкен жұмыс жүріп жатыр: терминдермен шұғылданатын сала мамандары, алайда ол қазақ тілі заңдылықтары негізінде, өзге де тілдік талап-деңгейінде жасалуы үшін әр сала сөздіктері авторы құрамында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бірге жұмыс атқаруы. Мәселен, химия сөздігін химия саласының ғалымдарымен бірге бір филолог жұмыс атқарады. Жұмыстың мұндай үдерісте жүруі өте маңызды, мұны авторлардың өзі мойындап отыр. Одан кейін медицина саласының мықты маманы өзінің сөздігін жасайды, химик те, физик те өзінің сөздігін шығарумен ғана айналысады ғой. Ал мына сөздікте пікір ортақтасып жатыр. Бұл сөздікті жасауға республиканың түпкір-түпкірінен ғалымдар тартылып отыр.

– Сала мамандары мен терминолог мамандардың арасында байланыстың, дискурстың жоқ екендігі жайында көп айтылатын. Бұл проблеманы шешуде тиімді механизмді іске асыра алған екенсіз. Бұл құрастырған сөздіктеріңіздің ресурстық негізі жөнінде ақпарат беріңізші.

– Бұл сұрақ өте маңызды. Сөздікті құрастырмастан бұрын дәл осы жұмысты реттестіруден бастадық, яғни сөздіктерге пайдаланылуға тиісті материалдар базасын тиянақтаудан бастадық. Біздер, біріншіден, осы күнге дейін жарық көрген барлық сөздіктерді жинастырдық, салалық болсын, орысша-қазақша, қазақша-орысша болсын, терминологиялық сөздіктерді болсын, Тіл білімі институты дайындаған қазақ тілі сөздіктері, барлық баспаларды, институттарды, кітапханаларды аралай отырып шыққан кез келген сөздікті басшылыққа алдық. Екіншіден, авторлар ұжымына жалпы тілге

қатысты сөздіктер, жалпы сөздіктер, сала сөздіктерінен жасалған бірнеше тізімдер бердік. Бір сөзбен айтқанда, авторлар бүгінгі күнге шейін ЖОО-да, баспаларда, институттарда жарық көрген барлық сөздіктер тізбесімен жабдықталды. Сонымен қатар орысша-ағылшынша, орысша-французша, тағы да басқа тілдегі сөздіктерді материал ретінде пайдаландық.

– Мұндай үлкен ұжымдық бірлестікте шыққан еңбекте талқылаудың, терминдерді біріздендіруге қойылған талаптардың жүзеге асатыны белгілі...

– Сөздікті дайындау жұмысы төрт кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде жалпы 11000-12000 термин жинау, пайдалану ресурстары ретінде алған барлық терминдерді, салалық терминдердің барлығын жинайды. Екінші кезеңде әр автор жеке-жеке жиналған терминдерді өзі қазақшаға аударады, жеке жұмыс атқарады. Үшінші кезеңде жақын салалардың терминдерін бір-бірімен салыстырып, талқылап бұл салаларға ортақ терминдерді біріздендіруге тырысамыз. Мұнда әр сала авторлары өзінің тұжырымдаған терминін ұсынады. Мәселен, тарих, мәдениет, өнер, философия және саясаттану, педагогика және психология, әдебиеттану және әлеуметтік лингвистика салалары бойынша авторлардың жіберген термин сөздерін талқылай отырып, «Қай сөзді бұл салаларға ортақ деп аламыз?» деген мәселе төңірегінде кеңес, талқы жүргізе отырып келісеміз. Бір сөзді айтайық, антагенизм: антагенизм, күрес, бітіспестік, қарсытаптық. Ал терминнің негізгі мақсаты да, құрылу жүйесі де бірізділікті сақтау. Бұл ұсынылған терминдердің біз қайсысын аламыз, қайсысы дұрыс... Міне, осы сұрауларды барлық авторлар ұжымы біріге отырып талқылайды, саралайды. Демек, үшінші кезеңнің мақсаты – терминнің бірізділігін сақтау. Бұл, әрине, өте үлкен жұмыс. Бұған барлық авторлар бір кісідей атсалысқандықтан өте мұқият және ыждаһаттылықпен ынта-жігер танытады. Басқа да жағдайлар болуы мүмкін, мәселен, аударған термин сөздің баламасына автордың өзінің күмәні тууы мүмкін, мұны басқа баламалармен салыстыру арқылы шешеміз. Сондықтан осынау қыруар жұмысты атқару барысында бізде күн сайын топ-топпен талқылау, кеңес, басқосулар болады. Былтыр бізде тамақ өнеркәсібі сөздігі болған. Сонда авторлар ұжымы осындай талқылауларда «Бізде күні бүгінге дейін сало печенье, вафли тәрізді сөздер аударылмаған екен, мұны қалай аударуға болады?» деп сұрады. Біз «Бұларды аударамыз деп күш салмай-ақ қояйық, өзіміздің қазақтық дәм-тұздарымызды жинайықшы. Қазақта бауырсақтың, құрттың, камшының, жиыаздардың қанша түрі бар?» деген ұсыныс айттық. Нәтижесінде дәл осы атаулардан қазақ тілінде 500-ден артық өзіміздің төл

қазақи дәм-тұздарымыз шықты, басқа елде жоқ. Біз бұларды алып енді тек орыс тіліне аудардық. Байқап отырсаңыз, біз тек қана сөздерді, орысша сөздікті қазақшаға аударып қана қоймадық, қазақша сөздікті, қазақы жиналған сөздерді орысшаға да баламаладық. Сөздіктің өзі «Орысша-қазақша, қазақша-орысша» деп аталған. Демек, біз екі бағытта жұмыс атқарамыз.

– **Сөздікті құрастыру барысында қандай қиындықтарға кез болдыңыздар?**

– Бұл сөздіктерді жасау оңай әрі қиын. Мұны мен авторларға да айтамын. Мұндай ауыр жұмысқа араласатын адамдардың ниеті бір. Ол – дұрыс сөздік жасау. Үлкен ғалымдар, ЖОО-да дәріс берушілер, отыз-қырық жыл терминмен шұғылданып жүрген азаматтар бар, олардың негізгі мақсаты – қазақ терминологиясын дұрыс байыту, қазақ тілінде ғылыми терминді дұрыс қалыптастыру. Бұл оңайы: мақсат-мүдде бір. Қиындық та осы жерден шығады: авторларымыздың барлығы – әрқайсысы сөздік жасаған, оқулық жасаған үлкен адамдар, ғылыми докторлар, профессорлар. Әр автор жасаған оқулықтарында әр терминді өзі аударып, өзі пайдаланған. Бір термин әртүрлі баламада қолданылған. Бұл әсіресе химия, биология, экология, физика, медицина салаларында көп. Осы жерде бірнеше пікір қарсы келеді. Әркім өзінің позициясын ұстанғысы келеді. Ал біздің мақсат – бірізділікті сақтау. Әр азаматтың өз амбициясы бар тұста бірізділік жөнінде бір ортақ шешімге келу қиындық туғызып жатады.

– **Термин сөздерді сала-салаға бөлу құрылымы жүзінде іске асырдыңыздар. Осы тұста тағы бір проблеманың шеті көрінгелі тұр. Салаға жіктеуде қандай ұстанымдар негізінде іске асырдыңыздар? Мәселен, жалпы ғылыми терминдер үш ірі салаға жіктеледі: қоғамдық, жаратылыстану, техникалық. Бұлардың арасындағы топтауды қалай шеше алдыңыздар?**

– Бұл топтаулар – 1999, 2000 жылдары жасалынып кеткен жұмыс. Үлкен ғалымдармен кеңесе отырып Қазақстанда ғылым мен техниканың, өнер мен мәдениеттің барлық саласын қамту үшін, ғылымда қандай салалар бар, барлығын сол 31 томдық сөздікке сыйдырғанбыз. Біздің 30 томымыз Қазақстанның бар ғылым саласын қамтиды. Бір өзгешелік бар. 1999-2000 жж. шығарылған сөздік 31 том болса, бұл жоба барысында жұмыс істеп жатқан томдықтар саны – 30 том. Өткен баспада «Жалпы техника» деген үлкен салаға бір том арнаған едік, себебі ол кезде сөздіктерді құрастырғаннан кейін тағы да біраз терминдер кірмей қалған екен топтамаға, біз оны өңдеп «Жалпы техника» томдығына енгіздік. Бұл жолы оған томдық арналмады.

Себебі техника салаларына арналған 11000-12000 термин дайындалғаннан кейін барлық техника салаларының терминдері мүмкіндігінше қамтылды. Сондықтан 30 томдық сөздікте барлық сала қамтылған.

– Сөздіктерді игеру мәселесі қалай болып жатыр? Сөздік лексемаларының сала-сфераларға ендіру үрдісі қаншалықты жүріп жатыр? Сөздіктердің юрисдициялық, заңдық күші қаншалықты?

– Бұл бағыттағы үлкен жұмысты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жасап отыр. Терминдерді бақылау, қарау, бекіту Мемтерминкомның құзыретінде. Бұл сөздіктерді дайындауға Мемлекеттік терминология комиссиясы ерекше көңіл бөліп үлкен назарда ұстап отыр. Мәселен, өткен жылы және биыл біздің жасап жатқан сөздіктерге, әр сала сөздігіне бір Мемтерминком мүшесін жауапты етіп бекітті, яғни Мемлекеттік терминологиялық комиссияның мықты бір ғалымы бір сөздікке қарайды. Мемтерминком мәжілісі бекіткен уақыттан бір ай бұрын біз жасаған сөздігімізді жаңағы жауапты мүшеге тапсырамыз. Мемтерминком мұқият сөздікпен танысады, өз пікірін айтады, ал авторлар ұжымы Мемтерминком мүшесі ұсынған ұсыныс-пікірлерді өз отырыстарында талқылап, қабылданатын терминдер қабылданады, яғни сөздік бір ай бойы Мемтерминком шеңберінде талқыланады. Содан кейін ғана сөздік жалпы отырысқа ұсынылады. Осындай үдерістерден барып сөздік заңды түрде бекітіледі. Мемтерминком мақұлдаған жерде ол сөздіктердің, әрине, мемлекеттік деңгейде өмірде қолданылуға толық құқы бар.

– Айтыңызшы, қазіргі мемлекеттік тілдік саясатта терминология саласы қандай бағытта қойылған? Жалпы тілдік саясатта, мемлекеттік тілдік саясатта терминологияның орны, маңызы, модернизациясы қандай? Мәселен, бірқатар мемлекеттерде, әсіресе Иран елі кірме сөздерді, терминдерді тек парсы тіліне ғана баламалауды заң ретінде бекітіпті.

– Өте жоғары. Осы 30 томдық салалық ғылыми терминологиялық сөздік дайындау жөнінде шешім қабылдаудың өзі – бұл үлкен көрегендік саясат. Міне, осынша жүйелі жұмыс атқарылғаннан кейінгі уақытта сала мамандары, барлық оқу орындары, осы бекітілген, мақұлданған терминдер негізінде «сөйлейтін» болады. Демек, қазақ тілі бүкіл елімізде жүйеленіп, ортақ термин сала бойынша қалыптасады. Дәл мұндай жұмыс көптеген ТМД елдерінде атқарылып жатқан жоқ. Біздің елімізде ғана өткізіліп жатқан жүйелі жұмыс. Себебі мұндай үлкен, ауыр жұмысты атқару үшін мемлекеттік жақсы саясат керек.



– Бұл сөздіктерге айтылған сындар қандай? Өзіңіздің өзге де шығып жатқан сөздіктерге деген пікіріңіз, ойыңыз, сыныңыз қандай? Тәуелсіздік жылдарында 100-ге тарта сөздік шыққан екен. Ал өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін орысша-қазақша сөздіктердің жалпы саны 100-ге тарта екен...

– Одан әлдеқайда көп, сөздіктер көп, кейінгі кезде тіптен көп шығып жатыр. Әр саланың сөздігі туралы пікір айту сала мамандарының құқығындағы зат болсын. Алайда мен айтар едім, осынау біздің жасап жатқан сөздіктің мақсаты да сол – Қазақстанда жалпы терминжасау мәселесіне ғылыми негіз беру. Термин жасап жүрген ғалымдарды топтастыру, олардың ойын бір жерге шоғырландырып, барлық тіл институты, мемтерминком, дербес авторларды біріктіре отырып дұрыс термин жасау.

– Ал сөздіктерге қандай сындар айтылуда?

– 30 томдық сөздік биыл шығады, әзірше шыққан жоқ. Әлі халықтың қолына тимегеннен кейін халықтың ойын білу қиын, бірақ та біз мынадай жұмысты қатар жүргізіп жатырмыз. Екі жыл бойы «Ана тілі» газеті арқылы өзіміздің күмәнді, «Халық қалай ойлар екен?» деген терминдерді жинастырып халық назарына пікір айтуға жариялап отырмыз. Мыңдаған терминдеріміз «Ана тілі» газеті арқылы жарияланып отыр. Өз кезегінде халықтан бізге де пікірлер түсіп жатыр. Авторлар тек қана өздері жұмыс атқарып жатқан жоқ, халықтан пікір сұрай отырып халықтың да ойынан хабардар болып отыр.

– Ұлттық терминологияны дамыту мақсатында тағы қандай жұмыстар атқару керек?

– Біздің шығарғанымыз – орысша-қазақша, қазақша-орысша реестрлік терминологиялық сөздік, мұнда тек терминдер аудармасы. Көптеген баламалар халыққа түсініксіз. Сөздік авторлары «Шіркін-ай, бұл баламаларды кейін халыққа түсіндірсек» деп ұсыныс айтады. Себебі жаңа баламалардың барлығы халыққа түсініксіз ғой әлі. Сондықтан да терминологиялық түсіндірме сөздік құрастыру негізгі мақсатымыз болмақ. Кезінде мен ғылыми салалық түсіндірме сөздікті құрастыру жөнінде ұсыныс жасадым. Алайда оның тек «Мектеп» баспасынан бірнеше томы ғана шықты, кейін тоқтап қалды. Ал мына реестр сөздіктің жалғасы ретінде мұндай терминологиялық түсіндірме қажеттілігі – уақыт талабы.

– Әңгімеңізге рақмет.

*Сұхбаттасқан Қымбат Слямбеков.*

## РУХАНИ МҰРА

*Бұл айдарда өткенімізге шегініс жасап, өткен ғасырдың басында жарық көрген еңбектерді бүгінгі көзқараспен талдаған жұмыстарды және де «Қазақ» деп тамыры соққан Алаш азаматтарының терминге қатысты жазғандарын еш өзгеріссіз беріп отырмыз.*

*Ондағы мақсатымыз – өткен ғасырда қолданыста болған, қазір ұмыт болып бара жатқан терминдерді жаңғырту және осы аралықтағы терминологиялық мәселелерге шолу жасау.*

Алмас ҮДЕРБАЕВ

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.*

## «ҰЛЫ МАТЕМАТИКА КУРСЫ» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКА ТЕРМИНДЕРІ

XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну кезеңі болғаны белгілі. Біз қарастырған 1920-30 жылдардағы қазақ тілін өркендетуге бағытталған шаралар – сауатсыздықты жою, ол үшін мектептерге оқулықтар, бағдарламалар жасау, қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздерді дамыту, қазақша терминдерді қалыптастыру, ғылым салаларын дамытуды қолға алу, графикамызды латын графикасына көшірумен байланысты іс-шаралар жүргізу, ұлттық мәдениетті, әдебиетті өркендету болып табылады. Аталған іс-шаралар негізінде бұл жылдары ана тілімізді дамытудың бағыт-бағдары айқындалып, көптеген жұмыстар атқарылды.

Халықтың білімін жетілдіру арқылы ұлттық ғылымды қалыптастыру, дамыту үшін ғылымның түрлі саласындағы үздік еңбектерді қазақ тіліне аудару, аударма ісін қолға алу да тілді дамытуға арналған басты мақсаттардың бірі. Ғылым тілі ғылыми еңбектер, бірінші кезекте негізгі ғылыми әдебиеттерді аудару, яғни аударма ісі арқылы қалыптасатыны белгілі. Ал аударма ісі адамзаттың рухани қажеттігінен туындап, бастау кезеңдері ежелгі дәуірлерден басталып, жеке халықтардың мәдениеті мен тұтас әлемдік мәдениеттің тарихынан айрықша орын алады. XX ғасырда аударма ісі қарқындап дамып жатқан тығыз халықаралық байланыстардың әсерімен жан-жақты байи түсті. Осы ғасырда аударма ісі өз мәнінде көрініс тауып, мәдениетімізде өшпестей орын алды, талай буын ұрпақтары аударма ісінің нәтижелерімен сусындап өсті.

Ғылымды, соның ішінде техника, жаратылыстану т.б. салаларды дамыту үшін оған арнайы дайындық қажет екені белгілі. XX ғасырдың басында қазақ білімпаздары ғылымы ерте дамыған халықтардағы үздік еңбектермен танысу, оқушы қауымға қолжетімді қылу үшін өздері маманданған саласынан бөлек өзге тілдердегі еңбектерді тәржімалап, аударма ісіне белсене араласты, қазақ аудармасын қалыптастырып жетілдірді, оқулықтар жазды. Алаш қайраткерлерінің тілдік мұрасын сөз етіп, зерттеуді бастаған академик Рәбиға Сыздық айтқандай: «Бұл өзіне дейін ешбір үлгісі жоқ, терминологиясы мүлде жасалмаған, әр алуан ғылым салалары бар екендігі қаперіне кіріп шықпаған қазақ оқушыларына анатомия, физиология, жаратылыстану пәндерінен оқулықтар жазу – қай

халықтың тарихында да сирек кездесетін құбылыс, ол қазақ дүниесінде теңдесі жоқ қарекет болды» [1, 55 б.].

Мұрағат деректеріне зер салып, оқымыстылардың шығармашылығымен таныса келе Ә.Бөкейханов астрономия мен жағрафияны, М.Жұмабаев педагогиканы, Х.Досмұхамедұлы анатомия мен зоологияны, Ж.Аймауытов психология мен дидактиканы, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төрекұлов тіл білімін, М.Әуезов әдебиетті жазса, ал М.Дулатов, С.Қожанов, Ә.Ермеков математикаға ден қойған, Ф.Ғалымжанов – физика, Б.Сәрсенов – геометрия, И.Тұрғанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Т.Шонанов та аудармашы ретінде көрнекті жұмыстар атқарды. Ол А.Богдановтың «Курс политэкономии» деген кітабын 1924 жылы қазақша шығарып, оқушыларға пән терминін түсіндіру мақсатында аудармаға орысша-қазақша сөздігін қоса берді. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында “Ауыл шаруашылық ғылымы” атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған.

Математика ғылымы бойынша ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтың авторы Міржақып Дулатов еді (Есеп құралы. Орынбор: «Дин уа мағишат», 1914). Ал математиканың ішіндегі күрделі пән «Алгебраны» Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қолға алып, алдымен араб қарпінде 1924 жылы жазып шығып (592 беттік қолжазба), соңынан латын графикасына 1929 жылы (1400 бет) көшірді.

Сондай еңбектің бірі өз заманында қазақ зиялыларының ішінде тұңғыш математика саласының профессоры атанған Әлімхан Ермековтің «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» атты оқулығы (орыс тілінде «Курс высшей математики основы аналитической геометрии дифференциального интегрального исчисления»), «Қазақ тілінің математика терминдері» атты сөздігі [2]. Ғалымның техника, математика саласы бойынша беріле еңбек етіп, ғылыми еңбектер жазуы 1927-35 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының оқытушысы, ҚазПИ-де доцент, Алматы зоотех.-малдәрігерлік институтының профессоры және математика кафедрасының меңгерушісі, 1935-37 жылдары Алматы кен-металлургия институты математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі болып, дәріс беріп, қызмет атқарған жылдарының жемісі болатын. Ол қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жоғарғы математика пәні бойынша дайындап, математикадан ғылыми терминология даярлаумен шұғылданды. Оның ғылыми зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары ықтималдық теориясы, математикалық статистика, теориялық механика, математикалық терминология мәселелері болды.

«Ұлы математика курсы» жоғары техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып, қазақ тілінде латын қарпімен 1935

жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Орыс тілінен аударылған бұл оқулық соңында берілген «Детеминант теориясының элементтері» қосымшасынан бөлек «Координат методы», «Функциялық байланыс және оны көрсету тәсілдері», «Сызықтық функция», «Екінші реттік қисықтар», «Кеңістіктегі координат методы», «Жазықтық», «Түзу сызық» деп аталатын 7 тараудан тұрады, көлемі – 10 баспа табақ, таралымы – 3500 дана. «Негізгі бағыты сол кездегі оқу бағдарламаларына сәйкестендіріліп жасалғандықтан, бүгіндері сәл ескілеу көрінуі мүмкін, алайда бұл оқулықтың 1995 жылы қайта басылып шығуы көп нәрсені аңғартса керек. Оқулық жоғарғы математикадан шыққан тұңғыш кітап болғандықтан, автор оның құрылымына анықтама теориясы мен сызықтық теңдеулер жүйесінен де хабардар ететін ілімдерді енгізген. Кітаптың ішіндегі ауыр болып көрінетін терминдер өте ұтымды әрі ұғымды тілмен берілген» [3]. Жаңа ұғым, ережелерді талдағанда, автор өз тәжірибесінен жинақтаған тәсілдерді молынан қолданған. Кітаптың алғашқы беттерінде «Автордан» және «Сөз басы» деген кіріспелерде ғалымның ой-пікірлері, теориялық тұжырымдары беріледі. Оқулық кейін 1995 жылы (кириллицаға түсірген – Н.Әділбеков, жауапты шығарушы – Ш.Білал) қазіргі жазуға түсіріліп, арнайы оқулық етіп шығарылды.

Кітаптың кейінгі жылы шыққан бұл басылымын да қолға түсіріп, түпнұсқамен салыстырып қарап шықтық. Кітапты баспаға даярлаған мамандар бұрынғы латын қарпінен бүгінгі әліпбиге көшіргенде оның мазмұнына ешқандай нұқсан келмеуін ескеріп, бастапқы басылымда әріптен, емледен, жеке сөздер мен сөйлемдерден кеткен қателерді түзеткен. Кейбір тұжырымдардың ғылыми ұғымдық жағын бірізге келтіріп, стильдік ерекшеліктерін сақтаған. Мамандар кеңестік және әлемдік математика ғылымындағы қалыптасқан терминдер, теңеулер, формулалар енгізгенін ескертіп өтеді. Сонымен қатар кітаптың кейінгі басылымында кірме терминдер бүгінгі қолданыстағы үлгіге түсіріліп берілген.

Бұл еңбектің тілдік, оның ішінде терминологиясы жағынан өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті оқулықтың атының өзінен қазіргідей *жоғары математика* деп атамай *ұлы математика* деп алуының өзі соны меңзейді. Тілі сол кездердегі стильмен жазылып, синтаксистік орамдар кездеседі. Сонымен қатар оқулықта қазіргі қолданыста жүрген мынадай математика терминдері қолданылады: *қосынды, қосу, нүкте, теңдеу, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, теріс бұрыш, түзу, жазықтық, алым, бөлім, жатық сызық, сабақ, кесінді, тұйықтаушы вектор (замыкающий вектор), теріс бұрыш (отрицательный угол), тұрақты шама (постоянная величина)* т.б. Ғалым бір мақаласында қолданысқа енгізген бұл терминдер турасында «Қазақтың байырғы тілінен: *нүктелер, іргелес бұрыштар, сыбайлас бұрыштар, тең бүйірлі үшбұрыштар, түзудің берілген кесіндісі, ортақ төбелі бұрыштар, үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының арасындағы тәуелділік, шеңбер, қоюшы, түйіндесу, аудан, дөңгелек, түзулер, бұрыштар, амал-*

дар т.б. осындай терминдердің жиындысы математика ғылымының бір саласы – геометрияның терминологиясы болды, ондай терминдерді кеңестік қазақ мектептерінде қазақ балаларын оқытқанда қазақ тілінде қолданып, оқушыларға ғылымнан нақты білімдер беріп жүрміз деп әбден айта аламыз және осылай деуге тәжірибеміз, ақыл-ой еңбегіміздің, зерттеу, қарастыру істеріміздің нәтижелерін толық көрсетіп отыр» [4, 51-52 бб.] – деп тұжырымдайды. Бұл тұста ғалымның терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат еткенін көреміз.

Оқулықта қазіргі маман, оқырмандарға таныс емес, қазіргі математика еңбектерінде кездесе бермейтін мынадай терминдер мен сөз тіркестерін ұшыратамыз: *өлшеуіш, кіндік, құбылма шама, тұйықтаушы вектор, ішкері бөлу, керме, ерікті тұрақты параметр, өсімше, тұйықтауыш* т.б.

Бұлардың кейбіреуі орыс тіліндегі мынадай терминдердің (масштаб – *өлшеуіш*, центр – *кіндік*, переменная величина – *құбылма шама*) баламасы ретінде қолданылған болуы керек. Қазіргі математика саласында бұл нұсқалардың орнына мына терминдер қолданысқа енген: масштаб – *масштаб*, центр – *центр*, құбылма шама – *айнымалы (өзгермелі) шама*. Әйткенмен Әлімхан Ермековтің еңбегіндегі термин сөздердің нұсқаларын да сөздік қорымызға тіркеп, тілдің қажетіне жаратуымызға болады.

Оқулықта математикадағы алғаш қолданысқа ене бастаған атаулар, қалыптасқан терминдер де кейінгі жарыққа шығып жатқан он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» де иллюстрациялық материал ретінде қамтылды. Бұл бұрынғы он томдық сөздікке енбей қалған Алаш қайраткерлерінің шығармаларын қамту мақсатының біріне жатады.

Тағы бір сөз болатын мәселе – еңбектегі шет тілден енген терминдердің, яғни сол кездегі «жат сөздердің» берілуі қызығушылық тудырады. Онда терминдер латын графикасымен *пропорсиал, протсес, функция, проексия, потенциал, электр, траектория, симметрлі (симметриялы емес), ординат, температур, биссектрис, гипербол, парабол, теорем, координат* деп беріледі. Бұл нұсқаларға қарап, сол кездегі тілдік норманы да айқын көреміз. Ғалым кейбір кірме терминдердің соңындағы *a* әрпін түсіріп қолдану туралы сол кездегі орфографиялық норманы ұстанып, кейін өзінің пікір алысу түрінде жазылған мақаласында «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» сондай ереже бар екенін ескертіп өтеді. Осында аталған сөздіктің бесінші бетінде мынадай нұсқау бар: «б) кейбір сөздердің аяғындағы «а» әрпі бізде жазылмайды. Мысалы: *газет, минут, фабрик* т.б.», ал газеттердің көпшілігінде «фабрика, фабрикалар» болып жазылып жүр [4, 45 б.].

Мұндай математика терминдеріне қатысты орфографиялық заңдылықты көрнекті тілші-ғалым Құдайберген Жұбанов та баса айтып көрсетеді: «Терминдердің түбіріне орыс тілінің заңы бойынша кейде «а» жалғасып келеді. Біз оны барлық сөздерге бірдей заң қылып бекітпей, бірқатар сөздердің соңында келетін «а» дәнекерін қысқарттық. Олар – көп буынды

және аяғы **д, ш, г** сықылды дыбыстарға бітпейтін сөздер. Мысалы, *аксиом* – *аксиома* емес, *проблем* – *проблема* емес, *биссектрис*-*биссектриса* емес; *абссис* – *абссиса* емес; *теорем* – *теорема* емес, *апонем* – *апонема* емес; *координат* – *координата* емес; *гипотенуз* – *гипотенуза* емес т.б. [5].

Демек, көрсетілген терминдердің қазіргі қолданыстағылардан бір ерекшелігі – орыс тіліндегі *-а* қосымшасыз берілуі, яғни сол кездері шет тілдегі түпнұсқаға жақындатып, тіліміздің табиғатына икемдеп қолданған. Қазіргі кезде аталған терминдер орыс тілінің заңдылығына сәйкестендіріліп, *-а* қосымшасы арқылы *ордината, температура, биссектриса, теорема, гипотенуза, гипербола, парабола* түрінде қолданылып келеді.

20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді қабылдап, тұрақтандыруда мынадай қағидалар басшылыққа алынған.

а) Бұл кезеңде орыс тілінен енген сөздерді жазуда осы уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алған;

ә) Сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат* – *кемесерет, тема* – *теме, концентр* – *кәнсенітір, курсант* – *күрсент, губерния* – *гүбірне, конференция* – *кәнперенсе, лекция* – *лексіе* түріне ауысқан;

б) Бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор* – *аптыр, срок* – *сұрык* т.б.;

в) Орыс тіліндегі **ф** орнына – **п**; **г** орнына – **ж**; **ь, х** орнына жуан сөздерде – **қ**; жіңішке сөздерде – **к, ц** орнына – **с, в** орнына – **у**; **ш** орнына – **ш** қолданылған. Мыс: *физика* – *пиізіике, география* – *жағырапа, химия* – *кііміик, техник* – *текніик, станция* – *станса, Москва* – *Мәскеу* т.б.;

г) Сөздің соңы **а** дыбысына бітсе, ол түсіп қалған: *аптека* – *аптек, фабрика* – *пабірік, награда* – *награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы, і** болып өзгерген: *Европа* – *Жаурыпы, Африка* – *Әпірікі, Азия* – *Әзіе* т.б.;

ғ) Орысшада **-тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.;

д) Орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір, -түр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, карректір* т.б.;

е) **-ка**-ға біткен сөздердің соңы көбінесе – **ке** түріне ауысқан: *справка* – *ыстырабке, музыка* – *мүүзіике, техника* – *текніике* т.с.с.;

ж) Орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **-ке-ге** өзгерген: *участок* – *ұушаске, список* – *іспеске* т.б.;

з) Орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са,-се** жазылған: *милиция* – *мелетсе, станция* – *станса* т.б.

Бұл тәжірибені қарастыру арқылы қазіргі тілдік жүйемізге еніп кеткен осы терминдермен қатар өзге де интернационал терминдердің қолданысын бірізге түсіруге мүмкіндік береді. Әсіресе латын графикасына көшу де шет сөздерді тіліміздің табиғатына сай етіп, яғни қалыптасқан орысша

нұсқаға икемделген форманы сындырып қолданамыз дейтін болсақ, бұл құбылыстың да бейімделу заңдылығын анықтау қажет.

XX ғасырдың басында шыққан ғылыми мақалалардағы, оқулықтар мен еңбектердегі шет тілінен енген терминдердің әртүрлі қолданысын тіркеп, статистикасын жасап, салыстыру арқылы да ортақ бір жүйені табуға болады. Солар арқылы бұрын қолданысқа енген және алдағы уақытта тілімізде пайда болып жатқан терминдердің қолданысын, берілуін өзгертіп, бұрынғы сәтті қолданыстарды тілдік айналымға енгізуге мүмкіндік туады. Бұл жазуымыз латын графикасына көшкенде әсіресе қажет болатыны анық. Себебі кейбір тіл мамандарының пікіріне сүйенсек, латын жазуына көшудегі бір мақсат, ұтымды тұсы да осы болмақ.

Әлімхан Ермеков 1936 жылы өзінің ұстаздық тәжірибесі негізінде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін шығарған екен. Мұндай мәліметті кейбір энциклопедиялық мақалалардан кездестіргенімізбен, сөздікті кітапханадағы сирек кітаптар қорынан таба алмадық. Осындай еңбектер жазған ғалымның кейінгі Қарағанды университетінде дәріс берген жылдарында да оқулықтары, жазған еңбектері болу керек деп есептейміз. Алдағы мақсат ғалымның қалдырған ғылыми мұраларын, еңбектерін талдап, айқындау болып табылады.

## ӘДЕБИЕТ

1 Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет. – Түркістан, 2005

2 Ермеков Ә. Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері. – Қызылорда: «Қазақстан». 1935; Ермеков Ә. Қазақ тілінің математика терминдері. – А., 1935.

3 Хамзин М. Асқақ рухтың алдаспаны // «Айқын» газеті, №3

4 Ермеков Ә. Емле мен терминологияның кейбір мәселелері // Халық мұғалімі. 1948. №4, 51-52 бб.

5 Жұбанов Қ. Математика терминдері жөнінде // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: «Ғылым», 1999, 359-363 бб.



### Қазақша пән сөздер\* (Елдестің баяндамасы)

Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетүн шаралардың ең маңыздысы – басба сөз. Басба сөз ісі берекелі болу үшін, басба сөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін оны бұқара түсініп оқи алатүн болу шарт, ол болмаса, жазылып шыққан кітеб, газет, журналдардың сөзіне ел түсінбейтүн болса басба сөзден түк пайда болмайды.

Қазақша кітеб, журнал, газеттерді қазақ түсініп оқи алатүн болуы үшін оның тілі қазақша болуы керек, әуелі сөздері қазақша тізіліб жазылуы керек.

Бұл екі шартқа келмей жазылған сөздерді қазақ түсіне алмайды, сондықтан ондай сөз елдің мәдениетін өркендету түгіл ермегіне де жарамайды. Басба сөзіміз күшейіп, кітеб, журнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен тілі түсінікті болмаса, оның пайдасынан зияны артық болмақшы. Жүре бара қазақша кітеб тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтүн болып шықпақшы, олай болатүн болса, басба сөзден кәзір түгіл түбінде де пайда болуы мүмкін болмайды. Ол болмай бұқара басба сөздің былық тілін үйреніп алыб, жалпы бұқараның тілі кітеб тілінше былығы беретүн болса, қазақтың тілі бұзылмақшы. Бұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.

Олай болмау үшін, – кітеб тілі бұқараның тілінен басқаланып да кетбей, елдің тілі де бұзылмай, – басба сөз қызметін тийісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін: Қазақша басылып шығатүн кітеб, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан алдын ала ескеріп, қам қылу керек.

Сөздердің өзі де, тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек.

Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтүн жұмыс емес. Ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін жаттап алса, қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатүн сөздің алдында, толықтауыш, пысықтауыштар өздерінің толықтап пысықтайтүн сөздерінің алдына келіп арасына басқа сөз салмай жалғаса тізіледі – деген жалғыз ережені жаттап алса болады.

Мәселенің қиыны: Сөздің түсінікті болуында, басба сөз үшін әсіресе пән кітебтері үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған; Оны жаңадан ойлап шығару керек. Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатүн болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек.

---

\* Бұл мақала «Терминология мәселелері» (1-кітап. Астана, «ІС-Сервис» ЖШС, 2006) атты кітаптан еш өзгеріссіз алынып отыр.

Пән сөздері қазақ тілінен алғанда түрлі түбірге (итұқылға) түрлі жұрнақтар жалғап алуға болады. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды мағына жағынан тексеріп екі бөлуге болады: «лық», «шы», «шыл», «лы», «сыз», «уыш»-тар сықылды тұрлаулы жұрнақтар болады, бұлар түбірге жалғанғанда әрқайсысы айрықша бір тұрлаулы мағынада айтылған сөз болып шығады; «к», «н», «ақ» сықылды тұрлаусыз жұрнақтар бар. – бұлардың ешбірінде де тұрлаулы мағына жоқ; Мәселен: «к» жұрнағын «тара» деген түбірге жалғасақ, «тарақ» болады, «тарақ» тарайтұғын асбабтың аты, мұндағы «к» – «уыш»-тың орнында; сол жұрнақты «төсек», - төсейтұғын асбаб емес, төселетұн нәрсе; «н»-ді «сау» деген түбірге жалғасақ «сауын» болады. Сол «н»-ды «жұу» ға жалғасақ, «жұуын» болады; «сауын» – сауылатұн мал, – «жұуын» жұуылатұн бірдеме болуға керек еді, олай емес жұуғаннан қалған сұу; «кесек» пен («кес» + «ек») «қонақ» («қон» + «ақ») -та да сондай басқалық бар.

Қазақша жұрнақтар дыбыс жүйесі жағынан тағы екі түрлі болып бөлінеді: Түбірмен үндесіп жалғанатұн жұрнақтар бар: («лық», «лік», «ақ», «ек», «шы», «ші» сықылды жұрнақтар) үндестік заңына келмейтұн жұрнақтар бар («кер», «қор», «дікі»).

Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағынасына дыбыстарына қарай: айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда – қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды жалғап жаңа сөз шығару керек; әуелі ондай жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек. Үндестік заңына бағынбайтұн жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар; олармен мәнілес түбірмен үндесіп жалғанатұн қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық.

Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иауырпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, – оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұн болады: Жаңа қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түбкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін мағынасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітеб сөзі болып қана қалады. Олай болып кетсе кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады, кітебтің елге пайдасы болмайды. Жаңа: тілдің заңына келмейтұн жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

Олай болғанда да жақсы болмайды.

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап қазақ тіліне сіңіп кететұн болуы үшін, - оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1 Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтүн сөздер де жоқ емес. Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, – қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтүн қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі» («дікі», «тікі») мен жалғанып айтылатүн түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды. Бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететүн сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтүн бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, -я ол заң жоғалуға бет алған деп жору – қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені ырас болса: Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, -сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2 Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл Үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмілә» сықылды, соңғы буындарында жұмсақ «ә» сөздер де жоқ емес; Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, -бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды. «Кәмілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәміләге» болмайды «Кәмілаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас басқа жеріне жұмсақ «ә» -ні сыйдырмайтүн қасиеті болған соң: Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә» -сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә» -ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабиет» - «әдебиет»).

3 Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бар буыннан басқа жерде тұра алмайтүн болған соң: бас буыннан басқа буындарында «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (Покров).

4 Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «к», «қ», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, - «ғ», «г» болып өзгереді. «Ғ», «Г», «Д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертүн болып, «т» өзгермей сол күйінде қалатүн болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «қ», «к» -лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөз-

дерге дауысты дыбыспен басталатұн жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «қ», «к»-лер өзгермейтұн болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «т», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Орынбор).

5 Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәселе» сықылды үзіліп буындалатұн сөздер қазақ тілінде болмайды. Жаңа: бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтұн жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (маселе – «мәселе», «мүмін» - момын).

6 Қазақша сөздің екбіні соңғы буынында болады. Сондықтан екбіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара – «Самар», Пуховый – «Бөкебай»).

7 Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатұн дыбыстың біреуін мүлде жоғалтып жіберу керек де, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек. («Макка» - «Мекке», «Алла», «Алда»).

8 Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек.

Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; Іретіне қарай мәселен ерсі «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін; «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9 Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертұн болуға тиіс.

Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.

Баяндама Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде 1924 жылы маусымның 16-сы күні Орынборда жасалған.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі.

(Сиез материалдары. Араб графикасында). – Орынбор, 1925. -75-бет.

### Жарыссөз барысында Елдес Омарұлының баяндамасының талқылануы

Мәжіліс ағасы қазақша пән сөздер тақырыбты айтыс ашылатұнын жарыйалап, айтысушыларға олардың жазылған ретімен сөз берді.

Нәзір: - Білім кеңесінің «Қызыл Қазақстанда» жарйаланған пән сөздерінен мысалдар келтіріп, -білім кеңесі қабылданған сөздерінде жалпы негіз жоқ екенін айтты. Қабылданған сөздерден: Білім кеңесінен пән сөзді, қалай

да болса, қазақ тілінен алуды артық көретіні көрініп тұр. Пән сөзді қазақ тілінен алған дұрыс, -бірақ қазақша пән сөз арналған ұғымға дәл келіп, тілге жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Білім кеңесінің «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» сықылды сөздері -сол шарттардың бәріне де дәл келеді, -мағана жағынан да, айту, естілу жағынан да кемшілігі жоқ. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, -оның осы «сөз жүйесі» сықылды мінсіз болуы шарт. Олай болмай «біибауырмалдық» сықылды мағана жағынан да қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ: Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жаңа: Барлық қалықтардың бәріне ортақ, «Бинтернатсионал», «домоқыратиа» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айттып отырған түрінде алу керек. «Абтомобил», «телеграп» сықылды текініке сөздерін де сол жалпы иаурыпадан алыстаудың пайдасы болмайды.

Бұл күнде ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың да керегі жоқ, қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне қызығудың да керегі жоқ. Қазақты осы күнгі тілінде бар жалпыға түсінікті сөз болмаса, - ұмытылып кеткен ескі сөзден де, қазаққа түсініксіз басқа түріктердің сөзіне де иаурыпаның сөзін алған артық деп білу керек.

**Манан:** Баяндама толық болған жоқ. Пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөзді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз, жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? - деген сұрауларға жауап күтіп едік. Баяндаушы ең соңғы сұрауға ғана жауап берді. Басқалары тақырыбты ешдеме айта алған жоқ, бұрыннан баспа сөзде жазылып жүрген, Түркістеннен дау қылып жүрген мәселелері алдыңғы сұраулар еді. Оның жайынан баяндаушы ешдеме айтқан жоқ. Сондықтан баяндаманы толық емес деп біліп, қайтадан толық баяндама жасалуын сұрау керек. Пән сөздері тақырыбты мен өз тарапымнан мынадай жобалар ұсынамын. Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек. Онан табылмаған күнде басқа түрік қауымдарына кіріп кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен де басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек - деді.

**Қалел:** Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтұн көб сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің: Жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек - деуі қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, - жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болуы керек: Бүтін қазақ халқы үшін жалғыз білім кеңесі болуы керек, ол білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіиерел болуы керек; пән сөздер әуелі тиісті кемесіиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспа сөз

жүзінде жариаланып, көптің талқысына түсуге тиіс; ол пән сөздер сонан соң ғана барып білім кеңесінің қарауына түсіп бекіліп шығуы тиіс.

**Ишанғали:** Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаған күнде жалпы түрік тілінен алу жолын қуаттап, -қазақша лұғат кітебін жазып шығару керек екенін - айтты.

**Манан:** Тартыстың созылыб кеткен себебі - баяндаманың толық болмағандығынан деп жаңадан баяндама жасауын тіледі. Мәжіліс ағасы **Ишанғали:** Баиандама толық болмады деу қата. Мананның қанағаттанбаған мәселелері болса, -ол тұралы баиандаушы қорытынды сөзінде ашып айтуы мүмкін. Сөз сұраушы ешкім жоқ, сондықтан енді Елдес қорытынды сөзін сөйлейді.

**Елдес:** Пән сөзі тақырыбты негізгі жолымыз қандай болуға тиіс екенін мен баяндамада айтып өттім; Оны қайта айтудың қажеті жоқ. Сөйтсе де Мананға жауап бермей болмайды. Мананның: «пән сөздерін қайдан аламыз?», «не түрлі етіп аламыз?», «жат сөзді алғанда кімнен аламыз?», «тіл іздегенде кімнен іздейміз?», «жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» - деп жауап күткен сұраулары дұрысында толыб жатқан сұрау емес, сөзді түрліше құрастырып, қайта қайта айтқан екі-ақ түрлі сұрау. Мұның біреуі «не түрлі етіп аламыз?» бен «жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз?» - деген сұрауға жауап болды, -оны Мананның өзі айтып өтті. Мананның басқа сұраулары: Жалпы түрік тілімен иаурыпа тілінің қайсысына артық баға беру керек деген сұрау. Меніңше баяндамада бұл сұрау да жауабсыз қалған жоқ еді. Пән сөзі тақырыбты негізгі жолымыз: Оның қазаққа, - жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді: тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі, прансуздан іздейміз, онан табылмаса, немістен іздейміз, -онан табылмаса, қытайдан іздейміз, - деген сықылды, жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалап, алдын ала реттеп қойуы мүмкін емес. Қазақ тілінің заңына келмейтүн ноғай сөзімен қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетүн тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтын болсақ, меніңше: қазақ тілінің заңына келетүн қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру керек. Бұл шартқа келмеген сөз: түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да, қазақша сөз болуға жарамайды.

Біздің бұл білімпаздар сіиезі сықылды сіиездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан баяндамада жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсынікі екінші орында болуға тиіс екендігі айтылған жоқ.

Сөйтсе де, сіиезде: Қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыбты менің айтатыным: Басқа түріктерден, олардың жазылған кітебтерін түсіне алмастай болып, -алыстап кету жарамайды; сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қыйсынды; бірақ түрік қалықта-

рының бірінің пән сөзі бір емес; Өзбек, бұқаралық сықылды елдердің тіліндегі сөздердің көбі парсы сөзі, азырбайжан, оспан түріктерінің пән сөздері көбіне арабтан алынған, ноғай тілінде араб, парсы, орыс сөздері – бәрі де бар, сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенді: Түрік қалықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, -түрік қалықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек - деген жобаны: түрік қалықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек - деп түсіну керек.

Барлық қалықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек - деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, -қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұсатып алу керек.

Қазақша түбір сөздерге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығару, жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қалайша өзгертіп кіргізу тақырыбты менің жобаларыма қарсы сөйлеуші болған жоқ. Сондықтан ол жобалардың осы сиез қаулысы есебінде қабылдануын тілеймін.

### Сиез пән сөздері тақырыбты бұлай қаулы қылады:

- Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөзден, түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

- Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер - жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, -ондай сөздер жатырқамай алынсын.

- Иаурыпа қалықтарының бәрінің де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын; ондай сөзге мағанасы дәл келетін қазақтың өз сөзі болса, - жалпы иаурыпа сөзімен қазақша сөз, түбінде екеуі жалпы қалықтың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатын болу үшін, екеуі қатар жазылып отыратын болсын.

- Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байналаб көрсетілген завдарынша өзгертіп алынсын.

- Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын, қазақша білім кеңесі, -жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесіелерде тексерілетін болсын; кемесіенің қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жарияланып, көбтің сынына түскеннен кейін, білім кеңесінің қарауына табырылап, сонан бекібі шығатын болсын.

- Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі.  
(Сиез материалдары. Араб графикасында). Орынбор, 1925. - 120 бет.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі.  
(Сиез материалдары. Кирилл әліпбиіне түсірілген нұсқасы). Астана,  
2005. - 144 бет.



**БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
2013 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

**НОТАРИАТТЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ЖИІ  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ**

р/с	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	автокран	автокран
2.	адресное бюро	мекенжай бюросы
3.	акт ввода в эксплуатацию	пайдалануға беру актісі
4.	апостилирование	апостиль қою
5.	балкон	балкон
6.	бесхозяйное имущество	иесіз мүлік
7.	БИН (бизнес-идентификационный номер)	БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
8.	брачные отношения	некелік қатынастар
9.	верность копии	көшірменің дұрыстығы
10.	верность перевода	аударманың дұрыстығы
11.	взять на воинский учет	әскери есепке алу
12.	виза	виза
13.	волеизъявление	ерік білдіру
14.	встать на воинский учет	әскери есепке тұру
15.	встроенные помещения	жапсарлас салынған үй-жайлар
